

## **ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**

### **ОТТОРЖЕНИЕ ЦАРИЗМОМ СЕВЕРНОЙ ЧАСТИ ЗЕМЕЛЬ СРЕДНЕГО ЖУЗА И СОЗДАНИЕ НОВОИШИМСКОЙ ЛИНИИ ВОЕННЫХ УКРЕПЛЕНИЙ (1752-1755 гг.)**

**Кабульдинов З.Е.** – директор научно-исследовательского центра «Евразия» при ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, д.и.н., профессор

В период 1716-1720 годы царское правительство построило основу Иртышской линии военных укреплений, а в 1730-1740 годы – Уральской Оренбургской, когда земли Младшего и Среднего жузов были постепенно сжаты с двух сторон плотным кольцом крепостей. В последующие годы линия военных крепостей начала постепенно укрепляться. Но отрезок пограничной линии от Оренбургской до Иртышской оставался не только не укрепленной, но и представляла из себя вытянутой дуги.

Процесс казахско-джунгарского противостояния в начале 50-х годов XVIII века по времени совпал с активизацией военной машины царизма в Северном Казахстане и на юге Западной Сибири. Российская империя, вот-вот приняв часть казахов Младшего и Среднего жузов в свое подданство, не дождавшись окончательного укрепления своих границ на бывших казахских кочевьях, встала на путь дальнейшего продолжения широкомасштабного захвата земель своих новых подданных.

Вместо защиты казахских кочевий от вторжения наседавших тогда Джунгарии, а потом и китайской империи, царизм серьезно задумал отторгнуть часть северных земель казахов Среднего жуза.

Ввиду того, что староишимская линия представляла из себя вытянутую кверху дугу, а не относительно ровную линию, в высших правительственных кругах возникает идея об ее изменении в сторону “выпрямления”. Действительно, в военно-стратегическом плане прежняя линия было очень неудобной. Например, много времени уходило на то, чтобы по старой пограничной линии добираться от крепостей яйцкой и оренбургской линий до Омска и, следовательно - Иртышской линии военных укреплений.

Но вопрос о переносе староишимской линии вглубь казахских кочевий возник не сразу и имеет небольшую предысторию. Еще не успели привести верхушку казахов Среднего жуза к присяге на подданство Российской империи, как царизм сразу же перешел к составлению проектов по выдвиганию пограничной линии вглубь северных казахских кочевий.

На наш взгляд, такая оперативность во многом объяснялась рядом сложившихся военно-политических причин и обстоятельств. Во-первых, для казахов все еще была весьма велика джунгарская угроза, под прикрытием которой царизму можно было почти безболезненно провести любое изменение границ. Во-вторых, относительная гарантия безболезненного изменения существующих пограничных линий в некоторой степени обеспечивалась тем, что казахи в это время “де-юре” стали частью российской империи.

Кроме того, высвобождавшаяся от джунгарских кочевников территория, прилегающая к китайской империи, куда сразу же хлынула значительная группа казахов части Среднего и Старшего жузов, пока в какой-то степени компенсировала земельную тесноту среди последних [1,187].

Правительству были предложены два варианта изменения старых границ. Первый был предложен в 1740 году подполковником Кутузовым и представлял из себя сеть линий военных укреплений от Чернолуцкого форпоста на Иртыше до Утятского форпоста на реке Тоболе [2].

Суть плана Кутузова состояла в том, что новая пограничная черта должна была пройти вблизи “большой дороги, соединявшей сибирские остроги” [3,85]. Но этот план со временем был отвергнут потому, что не совсем учитывал естественные природно-географические и военно-политические особенности данного региона.

Согласно Указа Сената от 4 декабря 1745 года по ходатайству Оренбургского военного губернатора Неплюева и сибирского губернатора Саймонова, с целью защиты внутренней стороны от набегов степняков, была начата подготовительная работа по проведению новой линии от урочища Звериноголовская до Омска. Осматривавший эти места генерал Шашкеев представил свой план проведения новой линии. Второй проект был представлен на обсуждение правительству генералом Шашкеевым в 1746 году [4,16]. Хотя проект был разработан намного раньше, он в свое время также был отвергнут подполковником Кутузовым еще в 1743 году, “находившим местность этой линии бедною, отсутствием пресных вод, и

вообще нездоровою для заселения” [3,85].

Лично просмотревший эти два проекта командующий сибирскими линиями генерал Киндерман, опровергнув план Кутузова, представил свой план, который “далеко не расходящийся с проектом Шишкова и Сташкеева” [3,85].

Предложение Киндермана было утверждено правительствующим Сенатом в 1752 году, и в этом же году началось строительство российских крепостей на новой линии, т.е. на землях Среднего казахского жуза: Покровской, Николаевской, Лебяжьей, Полуденной, Петропавловской, Становой, Пресновской, Кабаньей, Пресногорьковской и Звериноголовской [3,85].

Новая линия должна была составить более 621 версты, и на ней планировалось построить 11 крепостей и 31 редутов. А для подробного выяснения условий проведения новой линии и возможности заселения российскими поселенцами этих мест, туда был командирован подполковник Кутузов, который под руководством генерал-майора Киндермана должен был составить подробный проект и план проведения этой линии, строительства крепостей и редутов с последующим заселением его российским населением [4,16].

Получилось так, что одним из непосредственных исполнителей альтернативного плана строительства новой линии выступил разработчик первого проекта.

В период 1752-1755 годов, в основном, был реализован план выдвижения пограничной староишимской линии вглубь казахских кочевий. Правда, позднее Новоишимская линия состояла всего лишь из 9 крепостей и 53 редутов, соединив на протяжении 540 верст Уйскую линию с Иртышской. На Новоишимской линии находились в это время около 2518 башкир, два драгунских полка, 800 казаков и 1 эскадрон регулярных войск [5,48].

Как видим, царизм, пошел на уменьшение дорогостоящих крепостей и на заметное увеличение числа форпостов. Это объясняется тем, что, во-первых, строительство крепостей обходилось значительно дороже, во-вторых, массированная атака казахов по всей новоишимской линии небольшими отрядами после изгнания джунгар, подтвердила выгодность строительства именно небольших укреплений в виде редутов, расположенных в не очень значительном расстоянии друг от друга, когда можно было плотно закрыть новую линию.

Кроме того, надо отметить, что царизм, зная обострившиеся отношения казахов и башкир и здесь смог извлечь для себя определенную выгоду, противопоставив их друг с другом, используя в своих интересах обострившиеся конфликты между ними, особенно после известных событий 1755 года: на этой линии в качестве пограничной стражи начала служить и значительное количество служивых башкир.

Естественно, при “раскладке” казаков по крепостям и редутам силы пограничной стражи несколько «распылялись». Например, на Новоишимской линии казаки были расквартированы в следующем количестве: в редуте Песчаном - 5 человек, в Пресногорьковской крепости - 15, в Пресногорьковском редуте - 9, крепости Кабаньей - 9, в редуте Избенной - 8, в крепости Пресновской - 14, в редуте Болотоколотной - 6, в редуте Сарапульской - 8, в крепости Становой - 23, в редуте Гагариной - 4, в редуте Скопино - 6, в крепости Святого Петра - 55 и так далее [6].

Конечно же, имея такой разброс военных сил, трудно было обеспечить безопасность границ. Увеличение числа редутов за счет сокращения крепостей не всегда могло гарантировать безопасность границ. И в будущем надо было ожидать на этом участке сибирских линий волну набегов и грабежей со стороны недавних хозяев этих мест.

Итак, в результате проведения «новой линии», российская граница была выдвинута вглубь кочевий Среднего жуза до 200-250 верст. Это, естественно, не могло не нарушить сложившуюся систему перекочевков, лишило казахские роды традиционных пастбищ, теперь уже оказавшихся на внутренней стороне пограничной линии [7]. Казахи навсегда потеряли свои земли, теперь оказавшиеся вдруг внутри пограничной линии.

Новая линия, по словам казахского исследователя Золотова П. “по качеству почвы и растительности своей территории не имела недостатка ни в пашенных полях, ни в сенокосах, ни в березовом и осиновом лесе, равно пригодном на все потребности населения” [8]. Правда, вода, по преимуществу была солоноватой, что не могло не доставить строителям и новым “освоителям” этих земель определенных трудностей.

Как видим, качество земель вдоль новой линии могло позволить без особых осложнений заселить его российским населением, то есть в этом плане расходы на строительство и содержание новоишимцев обещало быть в некоторой степени относительно дешевым.

Кроме того, сравнивая старую и новую линии, нельзя не заметить, что граница существенно “выпрям-

лялась”. Это обещало царизму ряд преимуществ: во-первых, резко уменьшалось количество укрепленных крепостей, форпостов и редутов; во-вторых, расстояние по новому маршруту движения от волжско-яицкого плацдарма до Омска резко сокращалось; в-третьих, Россия “приращала” свои территории новыми плодородными землями за счет отторжения исконно казахских земель, что вполне отвечало колониальным устремлениям усиливавшейся Российской империи в послепетровскую эпоху.

В этой связи нельзя не отметить, что некоторые исследователи нового и новейшего периодов вопрос переноса пограничной линии на территорию кочевий Среднего жуза мотивировали тем, что эти земли были якобы никем не заселены. С этим утверждением, конечно, мы всецело не согласны. Здесь, в основном, подхватываются “теоретические изыскания” известного царского генерала и официального историка Сибирского казачьего войска Катанаева Г.Е., который, имея задачу по теоретическому обоснованию отстаивания захваченных у казахов сибирских земель российским казачеством, не мог не получить псевдонаучные результаты. Например, какую роль он отводит казахам в заселении северных регионов Казахстана применительно к середине XVIII века в работе “К вопросу о так называемых “земельных захватах” сибирского казачьего войска”: “...вся нынешняя (к началу XX века - З.К.) Акмолинская и Семипалатинская степь представляла... в то время (середина XVIII - З.К.) или совершенную пустыню, или только частью была занята калмыками...” [9,4].

Но по сведениям сибирского историка Миллера до отторжения этих земель царизмом здесь кочевали казахи [10].

В противном случае трудно понять утверждения Апполовой Н.Г. о том, что “несмотря на то, что старая Сибирская линия утратила свое прямое назначение, ее опорные пункты (слободы Абацкая и Коркина), а также некоторые деревни оставались укрепленными. Караулы в форпостах несли служилые люди, в слободах и деревнях - крестьяне” [11,127]. Мы считаем, что некоторое продолжение функционирования военных укреплений старой сибирской линии, не говоря о новой, в первую очередь, объясняется во многом тем, что казахи региона, не согласные с переносом линии, приведшей к потере значительных пастбищных их угодий, продолжали совершать набеги как на новую, так и на старую линии.

С автохтонным населением края - казахами царизм распорядился по-своему. Все они были оттуда насильно выселены. Уже тогда небольшие группы казахов, занимавшие под зимние стоянки эти места, были вынуждены откочевать даже на юг Казахстана [1,187].

Земельные захваты царизма не могли не вызвать взрыва возмущения среди коренных жителей этих мест. Поэтому новая линия не смогла обеспечить безопасность жителей новых внутренних округов Тобольской губернии, о чем свидетельствуют многочисленные материалы. Набеги казахов по всей новоишимской линии, переросших позднее в конокрадство, удалось остановить только лишь к началу 80-х годов XIX века при активном участии правительствующего Сената [12]. Эти события достаточно обстоятельно описаны одним из известных исследователей Западной Сибири Петропавловским Н.: “...В Курганском, Ишимском и Тюкалинском округах борьба крестьян шла с киргизами. Чуть ли не последнего времени отстаивали свои права хозяев, еще в сороковых годах нашего столетия (XIX - З.К.) происходили кровавые стычки между крестьянами и киргизами...” [13].

Нежелание казахов лишиться огромного земельного массива в новоишимском районе отмечает другой видный российский исследователь XIX века Гагемейстер: “...киргиз-казаки, в свою очередь, не переставали сражаться с русскими на Ишимской линии...” [14]. Об этом же пишут известные исследователи XVIII века Паллас [15] и Фальк. Например, последний о главном назначении новой линии пишет открыто: «Ишимская линия или ряд укреплений для прикрытия границы против нападения и грабежей Средней киргизской Орды, является продолжением Оренбургской» [16]. А капитан русской армии И.Андреев, свидетель тех событий с точностью, присущей русским офицерам, четко описывает не только прежние границы русско-казахские границы, которые проходили в районе городов Кургана и Тары, но и подтверждает факт выселения коренного казахского населения: «границы сего народа, со времени взятия Сибири и по совершенном покорении татар от реки Ишима, где ныне город Ишим, на реку Тобол, где город Курган, и на реку ж впадающую Тар, где город Тара. Но в последующие времена, по учреждению и заведении Иртышской линии до крепости Устькаменогорской, отнесены также и отграничены в 1752 году Новою линиею от Звериноголовской чрез Тарскую, Ишимскую и Тобольную дистанции на крепость Омскую, то сии киргизы или, по тогдашнему названию, Казачья Орда, отошли далее в степи» [17].

Ряд исследователей нового времени, да и новейшего тоже, например, упомянутый уже нами М. Красовский, отмечают, что новая линия была построена якобы для защиты казахов от джунгар. Но в этом

отношении поучителен один весьма поучительный пример: 31 января 1755 года Указом военной коллегии Абылаю султану и его сподвижникам было отказано в прибежище на новой линии от наседавших тогда на них воинственных джунгар [3,86]. Царизм больше думал о расширении своих земель за счет казахов, нежели о защите последних от джунгарской агрессии. Поэтому мы однозначно можем утверждать, что новая линия, в первую очередь, однозначно служила царизму защитой вновь приобретенных земель от недавних его хозяев - казахов. Тем более документы того времени “пестрят” предписаниями центральных и региональных властей о необходимости соблюдения “настороженности” от таких “неприятелей”, как «киргизы» или «кайсаки». Факт джунгарской угрозы, кажется, сильно завышен позднейшими исследователями нового и, в особенности, новейшего времени. Первые оправдывали колониальный захват казахских земель, вторые выполняли установку советского тоталитарного режима, попытавшегося также по-своему обосновать и завуалировать факт аннексии Российской империей казахских земель на севере тогдашнего Казахстана.

Таким образом, в 1752 году царизм начал крупный захват казахских земель на сибирской линии уже в форме “выдвижения” первоначальной пограничной линий. В результате этих действий, казахи были выселены за новую черту, значительно “углубившуюся” в традиционные кочевья Среднего жуза до 250 верст. Казахи снова потеряли значительный массив своих исконных земель, составлявший примерно 75 тысяч квадратных километров. Это обстоятельство не могло не вызвать взрыв возмущения казахов, впоследствии вылившийся в “самовольные” переходы и набеги на этот участок пограничной линии. Правда, позднее они превратились в обычное конокрадство. Эти действия казахов не могли не сказаться на формировании специфики демографической ситуации в приграничных со степью внутренних округах - Курганском и Ишимском. Факты набегов, “незаконных” с позиции царизма перекочевков казахов на “внутреннюю сторону” надо рассматривать не как способ освоения новых земель, а как попытки вернуться на свои исконно-родовые земли, отторгнутые царизмом в 1752-1755 года в результате его колониальной экспансии.

1. *История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах.* - Алматы: Атамұра, 2000. - Т.3. -768 с.
2. *ГАОО, ф.1, оп.1, д.9, Л.111-113.*
3. *Красовский М.М. Область сибирских киргизов.* - СПб., 1868. -Т.1.- С.56-112. (74)
4. *Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей.* -Оренбург, 1898. - 532 с.
5. *История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней в пяти томах.* -Алма-Ата: Наука, 1979. -Т.3. -544 с.
6. *Золотов П. Материалы по истории Сибирского казачьего войска.* -Омск, 1878. -276 с. (19)
7. *Бекмаханова Н.Е. Легенда о Невидимке.* - Алма-Ата, 1968. -374 с. (26)
8. *Золотов П. Генерал-поручик Иван Иванович фон Шпрингер.* - Омск, 1877. - 379 с. (26)
9. *Катанаев Г.Е. К вопросу о так называемых “земельных захватах” сибирского казачьего войска.* -Омск, 1898. -19 с. (4)
10. *Шалгимбеков А.Б. Военное закрепление Российской империи в Северном Казахстане во второй половине XVII - первой половине XIX века // Перспективы государственного правового и социального развития Республики Казахстан: материалы международной научно-теоретической конференции.* -Костанай, 2001. -С.316-318. (316)
11. *Апполова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI -первой половине XIX веков.* -М.: Наука, 1976. - 371 с.
12. *Кабульдинов З.Е. Об особенностях конокрадства в Курганском округе Тобольской губернии (60-70-е годы XIX в.) // Валихановские чтения-6. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан.* - Кокшетау, 2001. - Т.1. - С.26-31. (31)
13. *Петропавловский Н. По Ишиму и Тоболу: из путешествий и исследований крестьянского быта Западной Сибири // Записки Западносибирского отдела Русского географического общества.* - Омск, 1886. Кн.VIII, Вып.I. (16)
14. *Гагемейстер А.Ю. Статистическое обозрение Сибири.* -СПб., 1854. - Ч.2. - 474 с. (9)
15. *Паллас. Уйская линия// Прошлое Казахстана в источниках и материалах.* -Алматы, 1997. - с.266
16. *Фальк. Ишимская линия// Прошлое Казахстана в источниках и материалах.* - Алматы, 1997. - с.266
17. *Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков.* - Павлодар, 2006. - Т.26. -с.65

### **Резюме**

Мақалада XVIII ғасырдың ортасында орын алған Ескі есіл шебінің әскери бекіністерін Орта жүз қазақтарының жеріне жылжыту саясаты қарастырылады. Мақала жазба және мұрағат негіздерінде жазылған.

### **Summary**

In this article the author examines the process of transferring old Ishym lines of fortifications deep into the nomads of the average Horde in the middle of the XVIII century. Paper is based on new archival materials and is addressed to specialists in the new period of national history

## **ҰЛТТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ХАЛЫҚТАР**

**Калыбекова М.Ч.** – *т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, магистратура және (PhD) докторантура институты*

XX ғ. 30-40-жж. КСРО-да қалыптасқан жағдай партиялық және мемлекеттік аппараттардың бірігіп кетуімен, қоғамдық өмірдің барлық салаларын басқарудың әкімшілік-пәрмендік әдістерінің бекітілуімен сипатталады. Әкімшілік-пәрмендік жүйенің бекітілуі, Сталиннің жеке басына табыну қоғамның дамуына барынша ықпал етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО-ның саяси дамуының құрамдас бөлігі Коммунистік партия мен Кеңестік мемлекеттің ұлттық саясаты болып табылды.

Зерттеушілер халықтарды күштеп көшіру мен жер аударудың тарихын негізінен соғыспен байланыстырады. Алайда мұндай түсінік бұл проблеманың мән-жайын ашып бере алмайды. Өйткені адамдарды әлеуметтік және таптық, ұлттық азшылық және этностық топ белгілері бойынша көшіру соғысқа дейін де болған еді.

Халықтарды жаппай жер аудару сияқты болып көрмеген оқиғаның себептері неде? Бұл сұрақ бірнеше ондаған жылдардан бері қойылып келеді, бірақ бұл сұраққа әліге дейін толыққанды жауап берілген жоқ. Бұл жауаптың ресми нұсқасы осы халықтардың өкілдері соғыс әрекеттері кезінде гитлерлік басқыншылармен белсенді ынтымақтастықта болған, кеңес әскерлерінің тылында бандиттік-көтерілісші қозғалыстарын туындатты және т.б. дегенге саяды [1, 80].

Бұл оқиғаларды пайымды әрі алдын ала келісілмеген талдау мұндай тұжырымдармен келіспеуге негіз болып табылады. Егер нақты Шешен-Ингушетияны алар болсақ, күштеп көшіру бойынша операция алдын ала жақсы жоспарланғанымен, халық әбігерге түсті. Назарды басқа жаққа аудару үшін ХКК пен Шешен-Ингуш облыстық комитеті БКП(б) «Таулы жерлер жағдайларында Солтүстік-Кавказ әскери округының (СКӨО) әскери бөлімдерінің тактикалық жаттығуларына даярлықты қамтамасыз ету туралы» арнайы шешім қабылдады [2].

Таулы аймақтарда Германиямен арадағы Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін әрекет еткен қарулы бандиттер болғаны рас. Соғыс басталысымен олар өздерінің бас пайдасы үшін жағдайды пайдаланып қалуға тырысты. Жекелеген топтардың неміс командованиесімен байланыс жасағандығы, Шешен аумағына қару-жарақ пен аздаған неміс диверсанттарының тасталуы орын алғандығы белгілі болды. Дегенмен тасталған қару-жарақ пен әкелінген диверсанттардың саны Шешен аумағындағы Кеңес өкіметіне қандай да қатерлі қауіп төндіруге жеткіліксіз еді, оның үстіне диверсанттарды НКВД органдары зиянсыздандырып отырды. Олардың азын-аулағы ғана Шешен аумағынан кетіп, майдан шебінен өтіп, өз әскеріне жете алды. Соғыс жылдары ішінде грозныйлық зауыттар мен көлік коммуникацияларында бірде-бір ірі бүлікшілік (диверсия) болған емес. Мұндай жағдайлардың бірі ретінде таулы аймақтардағы «саяси бандиттер» топтарын іздеу мен жоюға жіберілген мемлекеттік қауіпсіздік жасақтарымен және әскерлерімен болған қақтығыстарды ғана айтуға болады» [3, 354].

Дегенмен 1944 жылғы 23 ақпанда таңғы сағат 5.00-де шешендер мен ингуштарды Орта Азия мен Қазақстанға толығымен көшіру бойынша операция жүргізілді. Бұл операцияны жүргізуге НКВД, МҚХК пен Смерш (әскери контрбарлау) 19 мың шұғыл қызметкері, НКВД 100 мыңға дейін офицерлері мен жауынгерлері тартылды [3, 349]. Көшіру операциясына дейін, сондай-ақ операция кезінде таулы аудандарды бомбылау үшін әскери авиация қолданылды. Жазық жерлерде көшіру операциясы қысқа мерзім ішінде (жалпы алғанда бір тәулік ішінде) және айтарлықтай қарсылықсыз және құрбандарсыз жүргізілсе, жинау пункттеріне айдап әкелінген адамдарды жазық жерлерге жөнелтуге қар мүмкіндік бермеген таулы аудандарда жаппай адам өлімі жағдайлары орын алды. Мысалы, Хайбах таулы мекенінде бірнеше жүздеген адам өртеп жіберілді. Сондай-ақ Макажой мекені мен Галанчож көлі аудандарында жаппай адам өлімі туралы мәліметтер бар. Сондай-ақ Урус-Мартан аудандық ауруханасындағы тасымалдауға жарамайтын аурулар да өлтірілді [3, 353].

Адамдарды Орта Азия мен Қазақстанға теміржол құрамдарымен жеткізу қоныстандырылғандардың жаппай өлуіне алып келді. Адамдарды айдалаға түсіріп тастады. Солтүстік Кавказдан жер аударылған халықтардың адам айтқысыз жағдайлары туралы арнайы қоныстандырылғандардың өздері былайша еске алады. Мысалы, арнайы қоныстандырылған неміс әйелі былай деп әңгімелейді: «Оларды Қарағанды қаласына алып келгенде вагондардан тірі адамдардан гөрі өліктерді көптеп алып шығып жатты. Ал

адамдарға қарау аянышты еді, олардың көздері ғана жылтырап тұрды. Біздерге немесе басқа қоныс аударылған халықтарға қарағанда олардың жағдайы аса ауыр болды ...» [4].

Қаңырап қалған шешен мекендеріне жаңа қоныстанушылар келгенше студенттер мен Грозный қаласының мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс істемейтін тұрғындары жіберілді. Олардың біреуі кейінірек былайша еске алады: «Студенттердің міндеті Қорған және Орлов облыстарынан қоныстанушылар келгенше шаруашылықты ретте ұстап тұру болатын. Біз малды жинап, оларға жем-шөп беруге, астықты, мүліктерді қабылдауға және т.б. тиіс болдық. Таулы ауылдарда бұл әрекетті басқаша жүргізді. Барлық мал эвакуацияланғаннан кейін «бандиттерді» тіршілік ету көзінен айыру үшін ауылдарды өртеп жіберді. Тауларда күні бойы жанып жатқан ауылдарды бақылауға болатын. Сонымен қатар тауға кеткен адамдар өз еркімен келетін болса, оларға рақымшылық жасау жарияланды. Олардың кейбіреулері қайтып оралғанымен, оларды көшіріп жіберді» [5, 62-63]. Халықтың көп бөлігі тауларда тығылып, жер аударудан құтылып қалды. Оларға қатысты жарияланған рақымшылық оларды НКВД органдары дереу құртып жібермей, айдау орындарына жөнелтетінін ғана білдірді. Алайда, құжаттарға сүйенсек, таулы аймақтардағы әскери бөлімдер онда қалған халықты қырып-жоюмен айналысты. Мысалы, мемлекеттік қауіпсіздік төрағасы Шешенстаннан былай деп хабар жеткізді: «Шешендер мен ингуштарды Галанчожд ауданына көшіргеннен кейін мал-мүлікті жинау жөніндегі мемлекеттік комиссияға көмектесу үшін майор Сайғактың оқу атқыштар полкінің бөлімдері келді. Галанчожд ауданының хуторларына түскен бөлімшелер революциялық заңдылықтар бұзылған бірқатар фактілерге, көшіруден кейін қалған, еріп жүре алмайтын шешен әйелдерін – кемпірлерді, ауруларды, мүгедектерді өз бетінше атып тастауға жол берді. Жалпы алғанда, атып тасталған аурулар мен мүгедектердің саны 60 адамға жетті» [6, 257-258].

Дегенмен егер көшірудің басты мақсаты Шешен тауларындағы кеңес үкіметі қарсыластарының әрекет ететін базаларын құрту болса, онда ол мақсат орындалмай қалды. Елуінші жылдардың аяғыда, шешендер мен ингуштардың айдаудан қайтып оралар сәтіне қарай, тауларда саны біршама абрек топтары әрекет етуін жалғастырды. Олардың ішіндегі ең танымалы Хасуха Магомадов болды, оның ізіне түсіп, 1976 жылы ғана өлтірілді.

А.Авторханов: «Шешендерді жер аударудың ресми идеологиясы – немістермен болған коллоборация екендігі – нағыз өтірік», – деп тұжырымдайды. Біріншіден, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде орыстар қоныстанған Малгобек мекенін шекарашылардың аз уақыт иеленуін есепке алмағанда, Шешен-Ингуш республикасының аумағына неміс солдаттарының аяғы тиген де емес.

Екіншіден, неміс құрылымдарына шешен-ингуштардың қосылуы мүлде мүмкін емес еді, өйткені Шешен-Ингушетияда оның құрылған уақыты ішінде міндетті әскери жұмылдыру болған емес, ал кеңес-финн соғысы кезіндегі жартылай жұмылдыру неміс-кеңес соғысы басталған уақытта барлық шешендер мен ингуштардың Қызыл Әскер қатарынан әскери міндеттен босатумен байланысты алынып тасталды (Қызыл Әскердің Бас қолбасшылығы бойынша 1942 жылғы ақпандағы бұйрық әскерден босатуды шешендер мен ингуштардың шошқа етін жеуден бас тартқан діни сенімімен уәждеді) [5, 50].

Бұл мәселе туралы А.Гунашев былай дейді: «Біріншіден, Шешен-Ингуш АКСР аумағында бірде-бір фашист болған жоқ; екіншіден, 1944 жылғы көктемде майдан алаңы алыста – Батыста болды, үшіншіден, шешендер мен ингуштардан тұратын ер адамдардың басым бөлігі Қызыл Әскерге жұмылдырылды немесе Грозный қаласының қорғаныс шебінде жұмыс істеді. Сонымен, Германияға көмектескісі келген адамдардың қандай да бір болмашы тобы болғанның өзінде, олардың әрекеті үшін еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейінгі барлық шешен халқы не үшін жазалы болды?» [2, 46].

А.Авторхановтың пікірінше, қоныс аударудың шынайы себебі шешендердің таулықтардың ұлттық тәуелсіздігі үшін үздіксіз күресі мен олардың кеңестік отарлау режимінің рақымсыз жүйесін мүлде мойындамауы болды [5, 66]. Әрине, жаппай жер аудару туралы шешімнің негізінде бізге әліге дейін белгісіз болып келе жатқан аса терең себептер болуы мүмкін.

Түрлі халықтарды өздерінің тарихи отандарынан көшірудің себептері сырттай ерекшеленгенімен, шын мәнінде олардың сипаты бірдей болды. Сталиннің басшылығымен қабылданған тұтас халықтарды жер аударудың негізінде саяси сипаттағы себептер жатты. Мысалы, кәрістерді жер аудару себебінің ресми түсініктемесі «өлкеге жапон тыңшылығының ену жолын кесу» болды. Алайда мұндай түсініктемемен қатар одан ауқымды себепті көрсеткен жөн. Оның мәні – кеңес кәрістері жалпы алғанда КСРО-ның қиыршығыстық саясатының аманаты болғандығында. 1937 жылдың шілде айында Жапонияның қарулы әскері ішкі Қытайға баса көктеп кіріп, айдың соңында Бейжіңді алғандығы белгілі. 1937 жылы көктемде сыртқы күштердің басып кіруінен қорыққан Қытайдың негізгі саяси күштері – компартия мен гомидан – азаматтық соғысты тоқтату мен жапон басқыншыларына төтеп беру үшін бірыңғай майдан шебін құру үшін келісімге отырды. Соғысушы тараптарды қолдау мақсатында сол қарама-қарсы әлемде басты саяси

күштерді біріктіру қолға алынды. Оның негізінде идеологиялық тайталас жатты. Батыс державалары бұл соғысты тоқтатуға белсенді шаралар қабылдамады. Қалыптасқан жағдайда гомидан үкіметінің Кеңес Одағымен жақындасу әрекеті Қытай компартиясының ықпалына ұшырамай қоймады. КСРО-ның бастамасымен 1937 жылғы 21 тамызда шабуыл жасамау туралы кеңес-қытай келісімшартына қол қойылды. Соғысып жатқан тараптардың бірімен шабуыл жасамау туралы келісімшарт жасасу аталған жағдайда, шын мәнінде, одақтастық қарым-қатынасты білдірді, яғни КСРО мен Қытай Жапониямен соғыста шынымен одақтас болды. Кеңес Одағына мұндай қарым-қатынас сөзсіз қажет еді, оның үстіне ол жақындап қалған Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өзінің оқшау қалғандығын сезінді. КСРО Қытайға экономикалық және әскери көмек көрсетті. Сонымен, 1937 жылғы 21 тамызда екі құжатқа: шабуыл жасаспау туралы кеңес-қытай келісімшарты мен Қиыр Шығыс өлкесінің шекара маңы аудандарынан кәріс халқын көшіру туралы КСРО ХКК пен БК (б) П ОК қаулысына қол қойылды. Бұл бір нәрсенің екі жағы іспетті болды. Кәрістерді «жапон тыңшылығының ену жолын кесу» деген сылтаумен жер аударуды «үлкен саясаттың» бір бөлшегі ретінде, Кеңес Одағының өзінің Қытаймен одақтастық қарым-қатынасының тұрақтылығы, өзінің Жапониямен қарым-қатынасын, қиыршығыс саясатындағы көзқарасын білдіруі ретінде қарастыру қажет [7, 46-47].

Тоталитарлық режимнің қуғын-сүргіндік саясатының жаңа бағыты ретіндегі кәрістерді жер аударуға арналған негіз осылайша даярланды, оның негізінде этностық топқа тиістілігі үшін ұжымдық жауапкершілік қағидаты жатты.

Соғыс қарсаңындағы жылдары күшейе түскен идеологиялық қайшылық пен ішкі «жауларды» іздеу нәтижесінде КСРО-ның Түркиямен, Иранмен және т.б. мемлекеттермен шекаралас аудандарда қоныстанған саны аз ұлттарға сенімсіздік білдірілді. Әзербайжан, Армения және Грузияның шекаралас аудандарында тұратын халықтар «сенімсіздер» қатарына қосылды, өйткені олардың көпшілігінің шетелдерде туысқандары болды. Олар этностық жағынан іргелес елдердің халықтарына жақын деп саналды. Бұл сыртқы әлемнен оқшаулану және жақындап қалған соғыс қаупі төнген жағдайда Кеңес мемлекеті тарапынан үлкен аландаушылық туғызды.

Халықаралық жағдайдың шиеленісуі мен соғыстың айқын қаупі төнген жағдайда Кеңес мемлекетінің ұлттық саясаты барған сайын қуғын-сүргіндік сипат алды. КСРО-ның Германиямен 1939-1940 жылдардағы құпия келіссөздері мен «Молотов-Риббентроп Пакті» деген атаумен белгілі келісімдер КСРО-ның Балтық маңы елдерін, Батыс Украинаны, Батыс Белоруссия мен Бессарабияны өзіне қосып алуына алып келді. Көп ұзамай бұл өңірлерді «кеңестендіру» мен «коллективтендіру» (ұжымдастыру) бойынша қарқынды науқан басталды және жүйе 20-30-жылдардың өзінде әзірлеген сұлба бойынша Сібірге, Орта Азия мен Қазақстанға «құлақтар» деп аталатын топтар, сондай-ақ осы халықтардың режимге ұнамаған өкілдері көшірілді. Батыс Украина мен Батыс Белоруссия аумағында тұрғылықты халықпен бірге поляк ұлтының жергілікті, сондай-ақ гитлерлік әскердің Польшаға баса көктеп енуі салдарынан бұл жерге 1939-1940-жылдары эмиграцияланған өкілдерінің айтарлықтай бөлігі өмір сүретін. Поляктар таптық тиістілігі бойынша емес, ұлттық тиістілігі бойынша көшірілген саны мол топтардың бірі болды.

Немістердің жер аударылуы Германияның нұсқауы бойынша немістер қоныстанған Еділ маңы аудандарында болуы мүмкін жаппай бүлікшіліктермен және тыңшылық фактілерімен байланыстырылады. Алайда мұрағаттардан «Германиядан берілген бұйрық бойынша неміс АКСР-і халқын Қызыл Әскердің тылындағы «бесінші отар елге» айналдыруға дайын мыңдаған және он мыңдаған бүлікшілер мен тыңшылардың Еділ маңы аудандарында болғандығы туралы әскери билік хабарлары мен басқа да дабылдарды» растайтын құжаттар анықталмады [8]. Осы жерде неміс халқының еліміздің қарсыластар әлі басып алмаған еуропалық бөлігінің барлық аудандарынан бір мезгілде көшірілгендігін айта кету керек. Ал Еділ маңы немістері АКСР-ін тарату да заңсыз еді. Алайда мұндай «әдептілікті» сақтау И.Сталинге және оны қоршағандарға тән емес еді. Бұл әрекет, әсіресе, лаңкестік іс-қимылдар Кавказ сырты және еліміздің басқа да өңірлерін қоныстанған өзге де халықтарға қатысты күшейген кейінгі жылдары айқын байқалды.

Кеңес-герман майданының ауқымды кеңістігінде үдей түскен соғыс қимылдары 1942 жылдың жазында кеңес әскерлері үшін тағы да сәтсіз болды. Батыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік майдандардағы көптеген бөлімдері мен құрамаларынан айырылған Кеңес әскерлері Харьковтен Сталинградқа дейінгі ауқымды аумақты жау қолына қалдыра отырып, шығысқа қарай шегінді. 1942 жылдың күзінде жау әскерлері Еділ өзенінің жағалауы мен Үлкен Кавказ жоталарының сілемдеріне жақын келді. Неміс басқыншыларының қол астында жартылай Шешен-Ингуш, сондай-ақ қарашайлар, балқарлар, қалмақтар тұрған аумақ қалып қойды.

Дегенмен гитлершілердің Сталинград және Курск маңында ойсырай жеңіліс табуымен кеңес әскерлерінің шабуылы басталды. Бұл шабуыл барысында жау қолында қалған айтарлықтай аумақ босатылды. 1943-1944 жж. босатылған аумақта қалпына келтіру жұмыстарымен бірге сатқындар мен жауға дем берушілерді іздеу басталды. Гитлершілер шегініп бара жатып, өздерінің соңында тарамдалған тыңшылық желі мен бүлікшіл топтарды қалдырды. Босатылған аумақты тазарту операциясы барысында әскери жасақтар мен НКВД көптеген автоматтар мен пулеметтер, сондай-ақ артиллериялық қару мен минометтер тартып алды. Алайда НКВД органдарының басшылары жекелеген адамдар мен тұрғындар топтарынан ғана емес, тұтас халықтардың қылмыстық белгілерінен күмәнданды. Жекелеген халықтардың аумақтары жау қалында қалған кезде жаумен ниеттес болған халықты айыптау басталды. Сонымен соғысып жатқан елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету деген желеумен оларды жер аударуға сылтау табылды.

Бүгінгі күні бұл науқандардың негізсіздігі күмәнсіз. Жалпы алғанда таратылған автономды республикалардың халықтары Кеңес өкіметіне риясыз берілді және олардың Отанға деген адалдығына күмәндануға мүмкіндік беретін ешқандай себеп болған емес. Егер фашистерге қызмет еткен жекелеген адамдар болса, бұл тұтас халықты айыптап, қуғынға ұшыратуға негіз болуы тиіс емес еді. Бірақ мұндай жағдайларда заңдылық пен құқықтық нормалар есепке алынбады.

Соған қарамастан, жекелеген халықтар мен ұлттық округтерді көшіру науқаны жалғаса берді. Солтүстік Кавказдан халықтарды жер аудару барысымен қатар еліміздің кейбір өңірлерін «ұнамсыз элементтерден» тазарту жүргізілді. Әңгіме Қырымның, сондай-ақ Грузияның түріктер тұратын аудандары жайлы болып отыр. Бұл жағдайда қырым-татар халқын көшіру, сонымен бірге бұл жерлерді балкарлардан, қарайымдардан, гректерден, армяндардан және аз халықтардың басқа да өкілдерінен тазарту Қырым халқының моноұлттық сипат алуына мүмкіндік берді. Бұл халықтарды өздерінің тарихи отандарынан көшірудің уәждері сырттай ерекшеленгенімен, олар, шын мәнінде, бірдей сипатта болды. Мысалы, қырым-татар халқы неміс басқыншыларымен белсенді ынтымақтастықта болды деп айыпталды. Бұл айып олардан КСРО ыдырағанға дейін алынбады және бұрын таратылған автономды облыстар мен республикалар қалпына келтірілген кезде оларға өз Отандарына оралуға 1957 жылы құқық берілсе, ал қырым татарларына, түріктер мен немістерге мұндай мүмкіндік берілмеді. Олар тіпті ақталғаннан кейін де туған өлкелеріне еркін қоныс аудара алмады.

1956 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы өз Жарлығымен қырым-татар халқын формальды түрде ақтады. Алайда олар шынайы ақталмады, айдау алынып тасталғанымен, қырым татарларына Қырымға оралуға тыйым салынды. Жер аударудан 23 жыл өткеннен кейін КСРО Жоғарғы Кеңесі 1967 жылы дәлелсіз айыпты толықтай алып тастады, бірақ мемлекеттің бұл шешімі де нағыз ресми сипатта болды. Қырым татарларының жекелеген топтарының өз тарихи отанына оралуға деген талпыныстары жергілікті биліктің қарама-қарсы әрекетіне тап болды [9]. Қырым-татар халқының ұдайы, табанды күресінің арқасында ғана КСРО Жоғарғы Кеңесі 1989 жылғы 14 қарашада қырым татарларының Қырымға жаппай оралуына бастау болған «Халықтарды күштеп қоныстандыруға алып келген қуғын-сүргін актілерін заңсыз және қылмыстық деп тану және олардың құқықтарын қамтамасыз ету туралы декларация» қабылдады.

1944 жылы 18 мамырда таң қылаң бере, қырым татарларын көшіру науқаны басталған еді. Оны өткізуге жазалаушы жасақтарға бар-жоғы 60 сағат қана және әрқайсысында 50 вагоннан болған 70-тен астам эшалон қажет болды. Бұл науқанды іске асыру үшін Ішкі істер халық комиссариаты мен Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссариатына Қырымның тиісті органдарының қарауына 5 мың шұғыл қызметкерді іссапарға жіберуге, операцияны қамтамасыз етуге ішкі әскерден 20 мың адам бөлуге және осы мақсатта 11 атқыштар полкін және батальондар мен жеке мергендер ротасын жіберуге жарлық берілді. Көшіруге дайындық өте шұғыл әрі ұйымдасқан түрде жүргізілді, 7 мамырда көшіру бойынша басшылық Қырымға 20 мың жүкші бөлуді өтінді. Шұғыл халық санағы жүргізілді, операцияны жүргізу штабы өз жұмысын Симферополь қаласында жалғастырды, 13 мамырда арнайы қоныстандырылғандардан мал, ауыл шаруашылық өнімдерін, басқа да мүлікті қабылдауды ұйымдастыру және басшылық жасау бойынша КСРО ХКК комиссиясы келді. Қырым татарларын көшіруден екі күн бұрын Мемлекеттік комиссияға көмекке 20 мыңдай адам бөлінді [10].

Жер аудару тауқыметы Грузияның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарына қоныстанған түріктердің де бастарына түсті. Ұлы Отан соғысы жылдары Грузия аумағына неміс басқыншылары мүлде енбеген еді. Демек кеңес түріктерін билік немістерге көмектесті деп айыптай алмады. Соған қарамастан, олар әзірленген сұлба бойынша көшірілді.

Шын мәнінде, жер аударуға негіз болды ма? 1948 жылғы 9 желтоқсанда БҰҰ-ның барлық мүшелері



ратификаттаған «Геноцидтің алдын алу және геноцид үшін жазалау туралы» Халықаралық конвенция қабылданғаны белгілі. Конвенцияға сәйкес геноцидке қандай да бір адамдар тобына қатысты оны толықтай немесе ішінара жоюға бағытталған жағдайға тікелей немесе жанама түрдегі іс-әрекеттер жатады. Геноцидтің негізінде белгілі бір қауымдастықтың ұжымдық жауапкершілік қағидаты жатады. Бұл қағидаттың негізі, өз кезегінде, аталмыш қауымдастық мүшелерінің шығу тегінің ортақтығы болып табылады. Осылайша, қуғын-сүргін бір нәрсеге жеке кінәлі адамдарға ғана емес, осындай адаммен бір топқа жататын адамдарға да қатысты болды [7, 47-48].

Қазақстандық академик тарихшы ғалым М.Қ.Қозыбаев 30-жылдардың соңынан бастап Қазақстан «сталиндік халықтар абақтысына» айналды деп тұжырымдайды [11]. Шынында да, Қазақстанның әрбір бесінші тұрғыны әлеуметтік, сондай-ақ саяси себептермен жер аударылған арнайы қоныстандырылған адам болды. Күштеп қоныс аударту НКВД-ның басшылығымен жүргізілді.

Мұрағаттық құжаттарда «жер аудару» сөзі мүлде кездеспейді. «Көшіру», «еңбек қонысы», «арнайы қоныстандыру» сөздерімен қатар ізбе-із науқандардың тізбегі сияқты өтіп жатқан оқиғалардың мәнін дәл беретін «операция» сөзі жиі қолданылады.

Тарихшы А.Некричтің пікірінше, барлық халықтарды жер аударуға БК (б) П ОК Саяси бюросының мүшесі, Мемлекеттік қорғаныс комитетінің мүшесі, КСРО Ішкі істер халық комиссары Л.П.Берия жалпы басшылық жасаған. Операцияны НКВД әскерлері жүзеге асырды. А.Некрич Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтарды жер аударуды мемлекет алдын алу шаралары (Еділ маңы немістері, курдтар, түріктер, гректер) ретінде, жазалау шарасы (шешендер, ингуштар, балқарлар, қарашайлар, қырым татарлары) ретінде және шекара маңы тұрғындарының «сенімді» қабатын қалыптастыру мақсатын көздеген әскери-стратегиялық сипаттағы шара ретінде қарастырды деген қорытындыға келді [12]. Шын мәнінде, халықтарды жер аударудың күштеу әдістерін ешқандай әскери немесе басқа себептермен ақтауға болмайды. Жер аударылған халықтарға қарсы тағылған басты айып «жаумен жаппай ынтымақтастық» жасағандығы болды. Бірақ мұндай тұжырым нағыз сандырақ еді, өйткені бұл халықтардың ер азаматтарының басым бөлігі Қызыл Әскер қатарына жұмылдырылған болатын. Мысалы, КСРО НКВД мұрағаттық деректері бойынша, Шешен-Ингуш республикасында жүргізілген үш жұмылдырудың нәтижесінде майданға 17413 адам жіберілген [13]. Ұлы Отан соғысы майдан шептерінде 20000 қалмақ солдаттары мен офицерлері соғысты. Жер аударуға ұшыраған қалмақтардың саны 91919 адам болды [13, 41-42].

Мұрағаттық материалдарды талдау нәтижесінде кеңестік органдар Қазақстан аумағына арнайы қоныстандырылғандарды қабылдау мен орналастыруға дайындық алдын ала басталған деген қорытынды жасауға болады.

Мемлекет пен партияның саясаты арнайы қоныстандырылғандарды елді мекендерге жіберіп, ауылдық жерлердегі жұмыс ресурстарының жетіспеуін толтыру болды. Сонымен қатар соғыстың алғашқы айлары Орталық Ресейден Қырғызстан мен Солтүстік Қазақстанға қорғаныстық маңызы бар өнеркәсіптік кәсіпорындардың айтарлықтай бөлігі эвакуацияланған болатын. Оларда жұмыс істейтін арзан жұмыс қолдары қажет болды. Арнайы қоныстандырылғандар дәл осындай мақсаттарға бағытталды. Бұл гипотезаны арнайы қоныстандырылғандардың Шу арнасы сияқты алып нысандар салуда қатысқандығы растайды, олардың көпшілігі ағаш дайындау орындарында, шахталарда, кеніштерде, қорғаныстық маңызы бар кәсіпорындарда жұмыс істеді [1, 11].

Шешендерді жер аудару туралы шешімді қабылдауға жеке сипаттағы себептер негіз болды деген бос пайымдаулардың тиянағы жоқ деп саналады. Мысалы, бұл туған немере ағасын шешен шопандарының өлтіргені үшін Берияның кек алуы деген өсек тарады (онда қалмақтардың, қырым татарларының және басқалардың қатысы қанша?) [1, 41]. Сондай-ақ халық арасында Берия шешендер мен ингуштардың Каспий теңізінің астында суға жібергісі келген, бірақ бұл жоспарды іске асыруға Сталин бөгет болған деген қауесет те тарады. Сондай-ақ бұл оқиғаларды Сталин мен Берияның Шешен-Ингушетия аумағының есебінен Грузия мен Солтүстік Осетияның шекараларын кеңейтуге ұмтылысымен түсіндіруге тырысу да негізсіз саналады.

Біздің ойымызша, халықтарды жер аударуды жүзеге асырудың себептері бүгінгі күні ешқандай сын көтермейді. Бұл себептерді саяси уәждермен де, лагерлік экономиканы нығайту қажеттігімен де түсіндіруге болады. Лагерлік экономика тақырыбы «табулық» проблемалар қатарына жатқызылды. Еңбек армиясын құрудың және оның қызмет етуінің тарихы, оған қатысушылардың КСРО-ның әскери қуатын күшейтудегі нақты үлесі ондаған жылдар бойы зерттеусіз қалды. Бұл тақырып тыл тарихы мен халықтың Жеңіс жолындағы еңбек ерлігі тұрғысынан жалпы қарастырылып, «еңбек майданы» деген жалпы ұғымның аясына еніп кетті. Еңбек армияшылары қызметінің ауқымы мен нәтижелері сияқты

еңбек армиясына кімнің, қашан және қандай заңдық мәртебемен тартылғандығы саналы түрде қарастырылмай, оның қыр-сыры ұмытылды. Ал уақыт өте келе, «Еңбек армиясы» ұғымы қолданыстан мүлде алынып тасталды, өйткені соғысқа еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейінгі халықтың бәрі жанқиярлық еңбек көрсетті деп саналды.

Мұндай мекерліктің сыры қарапайым түрде түсіндірілді: Қызыл Әскер қатарына шақырылғандардың қатарынан әскери өнеркәсіпте жұмыс істеу үшін ресми түрде жіберілгендермен қатар Еңбек армиясы майданға жөнелтуге болмайтын ұлттардың және таптық жағынан жат саналатын элементтер, сондай-ақ моральдық-саяси түсініктері бойынша әрекеттегі әскерге шақыруға болмайтын, яғни ең алдымен арнайы қоныстандырылғандар, айдаудағы еңбекке жегілгендер, 30-жылдары кәмпескеленген құлақтар мен байлар, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ 30-жылдары шаруа толқулары мен көтерілістеріне қатысушылардың және т.б. өкілдерінен тұрды (соғыстың алдыңғы және соғыс жылдарындағы осылай ресми құжаттарда шақыруға болмайтын халықтардың өкілдері, сондай-ақ моральдық-саяси белгілері бойынша шақыруға болмайтын адамдар деп көрсетілген) [14, 315].

Тоталитарлық режимге ол өзі сол сәтте қоғамнан аластатып қойған адамдардың еңбектерін объективті түрде бағалау тиімсіз болды. Осының салдарынан моральдық-саяси сапасына қарай сталиндік заңдардың критерийлеріне толықтай сай келетін және Еңбек армиясына әбден заңды түрде жұмылдырылған адамдар да ұмытылып қалды.

Соғыс жағдайында болған, ұрыс барысында аумағының, материалдық-техникалық және экономикалық ресурстарының айтарлықтай бөлігінен айырылған кез келген мемлекеттің өзінің барлық күшін, оның ішінде тыл жұмысын ұйымдастыру, яғни соғысты нәтижелі жүргізу үшін әскери экономиканың барлық құрылымын реттеу үшін адам күштерін жұмылдыруы тиіс екендігін жоққа шығаруға болмайды. Бұл үшін соғыс уақытының заңдары мен нормативтік актілері еңбекке қабілетті және әскери қызметке жарамды барлық азаматтар майданға жұмылдыруға және еңбек борыштарын атқаруға бағытталды. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихындағы басқыншыларға қарсы соғысып жатқан ел соғыспен қатар өзінің миллиондаған азаматтарын қоғамнан аластатып, осындай жолмен мәжбүрлі еңбек лагеріне тарту тарихта еш кездескен емес.

20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында, елімізде өнеркәсіпті барынша индустриализацияландыру және ауыл шаруашылығын күштеп коллективтендіру басталғанда мәжбүрлі түрде еңбекке жегу қайтадан кең етек алды. Бұл жерде сонымен қатар жазалаушы саясаттың да қанат жайғандығын айта кету керек. 30-жылдары Қазақстан өзіндік резервацияға айналды. Ресейдің, Украинаның, Белоруссияның және басқа да республикалардың ішкі аудандарынан арнайы қоныстандырылғандардың жалпы саны 1936 жылы 360 мың адамға жетті [14, 317].

Кең ауқымды өнеркәсіптік құрылыс, табиғи байлықтар мен жаңа кен орындарын игеру арзан жұмыс күшін көбейтуді талап етті. Жазалаушы саясаттың күшеюімен Солтүстікте, Еділде, Қиыр Шығыста, Сібірде, Орта Азияда және КСРО-ның басқа да өңірлерінде еңбекпен түзеу лагерьлерінің желісі кеңейді. Осылайша күштеп еңбекке жегу жүйесі жетіліп, лагерьлік экономика қалыптасты.

Тұтас халықтарды жер аударудың негізінде сондай-ақ, саяси сипаттағы себептер де жатты. Күштеп көшіру Отанға сатқындық деген жалған жала жабумен жүргізілді, бұл адамдардың құқықтық жағынан қорғалмағандығының, жүйенің әкімшілік-пәрмендік озбырлығы мен Сталиннің жеке басына табынудың көрсеткіші болды.

Ұлттық саясатты өрескел бұзу тұтас халықтарды күштеп көшіруден ғана емес, бірқатар ұлттық-мемлекеттік автономды құрылымдарды (Қалмақ, Қырым автономды республикаларын, Қарашай-Черкес автономды облыстарын) таратудан да көрінді.

1989 жылғы 14 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесі күштеп көшірілген халықтарға қарсы қуғын-сүргін актілерін заңсыз және қылмыс деп тану және олардың құқықтарын қорғау туралы Декларация қабылдады. 1991 жылғы 26 сәуірде қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды ақтау туралы РКФСР Заңы қабылданды. Онда Кеңес үкіметі жылдары «ұлттық тиістілік белгілері бойынша мемлекеттік деңгейде жала жабу және геноцид саясаты жүргізіліп, күштеп көшірілген, арнайы қоныстарда лаңкестік және зорлық-зомбылық режимі орнатылған халықтар қуғын-сүргінге ұшырады делінген. Осы халықтарға қатысты мемлекеттік деңгейде қолданылған озбырлық пен заңсыздық саясаты құқыққа қарсы саналып, қуғын-сүргін көрген халықтардың ғана емес, еліміздің барлық халқының абыройын аяқасты етті. Бұл Заң арқылы, оның алғысөзінде айтылғандай, тарихи әділеттілік қалпына келтіріліп, құқықтарды қалпына келтіретін актілерді қоспағанда, қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға қатысты қабылданған одақтық, республикалық, жергілікті органдардың, лауазымды тұлғалардың барлық актілерінің күші жойылатындығы жарияланды; олар конституциялық емес және күшін жойған құжаттар ретінде танылды. Заңда бұл

халықтардың толық ақталатындығы мойындалды: территориялық – олардың өз еріктеріне сәйкес дәстүрлі өмір сүрген жерлеріне оралуды қамтамасыз ету; саяси – еркін ұлттық даму құқығы, өздерінің саяси құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асыруға басқа халықтармен теңдей мүмкіндік беруді қамтамасыз ету; әлеуметтік – қуғын-сүргін салдарынан келтірілген әлеуметтік залалдың орнын толтыру; мәдени – олардың рухани мұрасын қалпына келтіру және мәдени қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

Сонымен қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға қатысты мемлекеттік деңгейде «озбырлық пен заңсыздық, геноцид пен жала жабу саясаты» қолданылғандығы мойындалды.

1 *Белая книга (Из истории выселения чеченцев-ингушей 1944-1957 гг.). – Грозный-Алма-Ата, 1991. – 235 с.*

2 *Гунашев А. Ичкерия: мсть истории. – Алматы, 2001. – 45 с.*

3 *Сизаури И.М. Очерки истории и государственного устройства чеченцев с древнейших времен. – М.: Издательский дом «Русская жизнь». 1997. – 355 с.*

4 *Автордың жеке мұрағатынан*

5 *Уралов А. (Авторханов А.). Народоубийство – убийство чечено-ингушского народа. – М., 1991. – 79 с.*

6 *Шахбиев З. Судьба чечено-ингушского народа. – М.: «Россия молодая». 1996. – 479 с.*

7 *Кан Г.В. История корейцев Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995. – 208 с.*

8 *Кичихин А.Н. Советские немцы: откуда, куда и почему? // Военно-политический журнал (ВИЖ). – М., 1990, № 8. – С.32.*

9 *ҚР ОММ, 1137-қор, 12-тізбе, 336-іс, П.30*

10 *Ильясов Р. Крымские татары. Краткий обзор прошлого и анализ социально-экономического положения настоящего. Информационный бюллетень. Вып.5. Алтын Бесик. 1997. – С.5.*

11 *Козыбаев М.К. Немцы Советского Казахстана: факты и действительность // История Казахстана: белые пятна. – Алма-Ата, 1991. – 238 с.*

12 *Некрич А. Наказанные народы // Нева. 1993. № 10.*

13 *Так это было. Национальные репрессии в СССР 1919-1952 гг. Т.2. – Москва, 1993. – 77 с.*

14 *Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, «Арыс»-«Казахстан», 1998. – 428 с.*

### **Резюме**

В 1874 году генерал – губернатор Западной Сибири Хрущов А.П. возбудил ходатайство об активном заселении казахской степи русскими поселенцами. Стремление и желание генерал-губернатора было несправедливым. Дело в том, что после отмены крепостного права (1861 г.) русские крестьяне, обобранные своими же помещиками, лишённые земельных наделов вынуждены были искать лучшую долю и земли на окраинах Российской империи и, в частности, на территории Казахстана. Особо массовый приток переселенцев начался в северные области Казахстана и, в частности, в Акмолинскую область, входившая в состав Степного генерал-губернаторства. Степной край, составлявший в административном отношении области: Акмолинскую, Семипалатинскую, Уральскую и Тургайскую, занимал обширную площадь в 1.606.687 кв.верст, что равнялось 1/3 всей Европейской России или почти половине всей Западной Европы.

Акмолинская область.....179.200 кв.верст  
 Семипалатинская область.....442.245 –«-«-«-  
 Уральская область.....284.412 –«-«-«-  
 Тургайская область.....400.830 –«-«-«-

Население этого края, крайне немногочисленно по отношению к пространству – 2.643.250 человек или 1,6 жителей на 1 кв. версту, – составляли казахи (72,1%), казаки (9,62%) и крестьяне – переселенцы (10,46%). Остальные 7,8% приходились на дворян, духовенство, купцов, мещан и разночинцев.

По данным 1900 года, население это распределялось по областям следующим образом:

Области	оседлое население	кочевое	всего
Акмолинская	361.770	412.224	803.991
Семипалатинская	94.352	591.701	686.053
Уральская	238.713	452.974	691.687
Тургайская	41.224	420.292	461.687
ВСЕГО	786.059	1.907.191	2.643.250

Большая часть края была занята казахами, у которых и шло массовое изъятие плодородных земель [3, с. 4-5].

Засельщикам участков при поселении предоставлялись некоторые льготы:

1) право выбора участка, льгота от платежа податей и от натуральных повинностей, кроме воинской, на 10 лет, если переселенцы в течение двух лет обзаведутся постройками и приступят к распашке надела,

2) безвозвратные пособия:

А) на первоначальное обзаведение по 20 руб. И 100 дерев, б) на земледельческие орудия и на приобретение скота по 20 рублей.

Но несмотря на все эти привилегии и оказанную правительством продовольственную помощь, ново-

селяне не могли удовлетворительно устроиться и много терпели от неудачного выбора участков, незнакомства с местными климатическими условиями и подряд нескольких неурожайных лет. С большим успехом шла в это время самовольная колонизация.

Неудачи правительственной колонизации 80-х гг. заставили местную власть принять меры к приостановке прилива переселенцев. Но на практике оказалось невозможным остановить движение в казахские степи переселенцев, количество коих ежегодно возрастало:

Годы	Число семей	Число душ
1860 – 1875.....	30.....	150.....
1876 – 1878.....	227.....	1700.....
1879 – 1881.....	304.....	1800.....
1882 – 1884.....	373.....	2200.....
1885 – 1887.....	418.....	2500.....
1888 – 1890.....	2140.....	12000.....

[3, с. 12].

По мнению лидера партии «Алаш» А.Н. Букейханова: *«Переселение в Акмолинскую область продолжается 30 лет, более, нежели в другие области Киргизского края»* [4].

А.Н. Букейханов – ученый лесовод, историк, этнограф, экономист, животновод смело критикует политику Российской империи, связанную с переселенческим вопросом. Он предпринимает все меры для приостановления все возрастающей волны переселенцев. В своих публикациях он гневно осуждает, разоблачает колониальную политику русского правительства, с научным обоснованием доказывает несостоятельность переселенческой политики относительно казахских степей, пригодных, в основном, для скотоводческого хозяйства, многочисленными примерами доказывает всю пагубность переселенческого дела для самих же крестьян в социальном и экономическом отношениях, вынуждая последних перейти от земледелия к скотоводству [2, с 34-35]. В своей работе, я использую великолепные статьи А.Н.Букейханова: «Русские поселения в глубине Степного края», «Переселенцы в Тарских урманах», «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Кризис канцелярского переселения», опубликованные в разные годы в журнале «Сибирский вопрос», в которых он жестоко осуждает бездумную переселенческую политику русского крестьянства русским правительством в Степной край и, в частности, Акмолинскую область.

Акмолинская область была образована согласно «Временному положению управления степных областей» в 1868 году. Занимая огромную территорию Центрального и Северного Казахстана, она граничила на севере с Тобольской губернией, на западе – с Тургайской, на юге с Сыр-Дарьинской и на востоке с Семипалатинской областями. Область была разделена на уезды: Акмолинский, Атбасарский, Кокчетавский, Петропавловский и Омский [5].

Какую цель преследовала царская администрация стремясь заселить огромную территорию казахского края русскими и украинскими крестьянами? По данному вопросу Министерство внутренних дел России вошло в сношение с министрами: военным, финансов и Государственных имуществ, которые дали свои отзывы. Первым откликнулся военный министр (1881-1898) генерал-адъютант Ванновский П.С., который нашел, *«Что с военно-политической точки зрения, желательно возможно скорейшее заселение не только Акмолинской области, но и прочих наших Азиатских окраин коренным русским населением»* [6]. В чем заключалась необходимость заселения Казахстан русскими людьми, столь отдаленный край Российской империи? Генерал считал, что русское население необходимо довести до такой численности, *«Чтобы войска там расположенные находили на местах средства для комплектования и мобилизации личным составом, не требуя для того значительного количества людей из отдаленных мест»* [6, л. 2 об.], а это, естественно, необходимо было для дальнейшей завоевательной политики царской военщины в Азиатском регионе. Переселенческая политика, поддерживаемая русской администрацией, имела и международное значение. Потерпев ряд неудач на западных и южных границах в середине XIX века, с конца того же века ареною её борьбы становится Азия, а именно с одной стороны – Казахстан и Средняя Азия, с другой – Дальний Восток. Но здесь она испытывает противостояние Японии. В 1904-1905 гг. Россия потерпела жестокое поражение в русско-японской войне. Одной из причин этого поражения, как утверждала царская камарилья, была малочисленность путей сообщения. И потому степные области, которые были близки к Европейской России, имели громадный интерес в колонизационном отношении [3, с. 31].

Военный министр Ванновский П.С. не мог не отметить, что Акмолинская область, по своему внутреннему положению не имеет особенного военного значения но, тем не менее, при отводе земель переселенцам, необходимо иметь в виду, кроме хозяйственных удобств, чтобы эти поселения представляли из себя готовые этапные пункты для проходящих войск.

... Министр Государственных имуществ, со своей стороны, также высказал полное согласие на устройство в казахской степи колоний русских поселенцев, но счёл необходимым сделать следующие предложения: во-первых, чтобы в отведенные для оседлых поселений местности, удобные для земледелия, не включались места, занимаемые зимними стойбищами казахов, во-вторых, непосредственно выдающее интересами переселенцев местное Акмолинское областное правление допускало норму надела, не 30, а 18 десятин на душу [6, л. 4 об. – 5 об.]... Надел в 18 десятин, по его мнению, вполне может обеспечить быт крестьян переселенцев в названной местности. Так, что министр Государственных имуществ полагал этот размер надела принять за норму, в-третьих, с согласия министров Государственных имуществ и финансов, разрешалась переселенцам из государственных крестьян 6-ти летняя льгота от платежа подушной подати за занимаемые ими земли, в следующей соразмерности: в течение первых 3-х лет крестьяне совершенно освобождаются от всяких взносов по этим сборам, в течение последующих 3-х лет, уплачивают сборы в половинном размере. По прошествии же льготных 6-ти лет облагаются сборами в полном количестве [6, л. 8-8 об.]. Нет сомнения в том, что имея такие привилегии и льготы русское крестьянство, лишившись земли на родине, неизбежно устремило свой взор на богатые земельные просторы казахского края. Как утверждали чиновники занимавшиеся переселением русского крестьянства, в степных областях свободные и удобные для земледелия земли, исчисляются десятками миллионов десятин. *«Ходячее мнение о непригодности степных областей для земледельческой культуры и о естественном предназначении их для кочевого скотоводства в настоящее время после агрономических и геоботанических исследований нужно считать ошибочным»* - убеждали они лишенных земель крестьян на своей родине, искать счастье на просторах чужой земли, в надежде, тем самым, разрядить напряженную обстановку в империи. [3, с. 31]. Но это был обманчивый земельный простор и глубоко ошибочное мнение чиновников. Алихан Букейханов, который прекрасно знал казахскую степь, её природу, её структуру, писал: *«В Акмолинской области там, где есть крупные площади, нет воды, примером чего могут служить два северных уезда, а там, где есть водные источники, нет подходящей земли в крупных площадях, примером чего могут послужить два южных уезда Акмолинской области»* [4, с. 244]. В качестве иллюстрации он привел весьма интересный пример о хлеборобах, проживавших на реке Чаре. Переселенцам этого региона пришлось испытать всю капризную изменчивость Казахской степи. С первых же годов поселок Таубинский стал бедствовать: земля оказалась для хлебопашества негодной. *«Пахать можно, – говорили русские крестьяне, – только родить земля не будет; сухая галька, вода проходит через неё, в жару земля делается горячая, растение терпеть не может»* [7].

Устройство переселенцев в Казахстане, вызывало изъятие определенного количества земли, в результате чего веками сложившиеся пути и места кочевков нарушались, границы перекраивались. И это сказывалось в первую очередь на хозяйстве коренного населения [2, с. 313]. Тем более, как утверждал Степной генерал-губернатор Е.О. Шмит, в своем отчете за 1911 год, *«Из необъятного пространства Степного края занято под земледельческое хозяйство более 7 миллионов десятин и под казачье более 4 миллионов десятин. Почти все остальное пространство в количестве свыше 82 миллионов десятин находится во временном пользовании казахов (выделено и подчеркнуто нами – С.У.). Земли, занимаемые казаками, состоят в их владении лишь временно (выделено и подчеркнуто нами – С.У.), так как количество этой земли во много раз превышает нормы, установленные для ведения казаками скотоводческого хозяйства»* [8]. Таким образом, русская администрация могла в любое время, и в любой удобный ей момент забрать землю у казаха, и передать её прибывшему из Центральной России крестьянину. Тем более, было предположение, что в край потянутся не только русские хлеборобы, *«Но и люди со средствами, экономически сильные и предприимчивые, которые, несомненно, в большинстве случаев обратятся к ведению здесь культурного скотоводческого хозяйства»* [8, л. 4]. Степные просторы края, с их прекрасным травяным покровом, редким населением, удобным продвижением скота по специальным скотопроезным трактам, увеличением спроса на скот и, в связи с этим, поднятие цен на него – все это, естественно, создадут прекрасные условия для занятия здесь скотоводством. Тем более, был живой пример этому – казахи – великолепные скотоводы. В 1910 году у казахов и оседлого населения Степного края насчитывалось около 9 миллионов голов лошадей, рогатого скота, овец и верблюдов, стоимостью свыше девятисот миллионов рублей.

Букейханов Алихан привел выдержку из брошюры «Переселенческое дело», издание Г.У.З. и З.

писал о том, что каждое изъятие «излишков» земель у казахов «*Возбуждал протест со стороны киргиз (казахов – С.У.)*». Надо отметить, что протест выражался в различной форме. В частности, казахи Аиртавской волости, Кокчетавского уезда, Акмолинской области неоднократно писали Степному генерал-губернатору М.А. Таубе жалобу на отвод переселенцам их лучших земель. Причем заселение производилось не на свободных местах, а на землях занятых казахами, составлявшие необходимые для них угодья. Протест казахов Аиртавской волости остался без последствий. Выражение протеста доходило иногда до курьезного. Степной генерал-губернатор в отчете за 1912 год так описал протест казахов в пограничных уездах – Усть-Каменогорском и Зайсанском. «*Казахи, всегда враждебно относящиеся к переселенцам, лишаящих их лучших земель для пастбы их стада, избрали кражу скота средством для борьбы с надвигающейся колонизацией их степей. Возможно, инспирируемые извне, казахи систематически стали разорять крестьян, угоняя их скот целыми десятками, переводили его в Монгольские пределы, где и продавали. Следы пропавшего скота совершенно затеривались*» [9].

Но поток самовольных переселенцев от этого не убавлялся, а наоборот наплыв был довольно широким. Так, по данным 1891 года, только в Кокчетавский уезд, Акмолинской области самовольные переселенцы прибыли из губерний: Тобольской 372 семейства, Пермской 336, Казанской 5, Нижегородской 8, Вятской 6, Оренбургской 110, Новгородской 1, Подольской 1, Костромской 2, Курской 1, Самарской 30, Саратовской 16, Вологодской 2, Харьковской 1, Томской 3, Уфимской 4, Пензенской 2 всего число 2041 мужского, 1813 женского [10].

Массовый приток русского и украинского крестьянства в Казахстан смог ли повысить культуру хозяйственной деятельности, культуру общения, культуру поведения и пр.? Судя по документам того времени, вряд ли. В том же отчете за 1912 год Степной генерал-губернатор Е.Шмит вынужден был признать, что «*Почти повсеместно нередко наблюдается полное неуважение к старшим, к своему ближнему начальству, часто повальное пьянство, бессмысленная поножовщина, такая же беспричинная, безосновательная порча имущества, являющаяся простым озорством. Деревня стонет от подвигов распущенной молодежи, гибнет от пьянства и тщетно ждет помощи и защиты. И не только одна деревня страдает от хулиганства, от него стонет вся страна*» [9, л. 54].

А неумелое использование русскими крестьянами земельной технологии, отсутствие всякой агрикультуры, применение устаревшей переложной системы все это приводило к гибели плодородных земель в Казахстане. Алихан Букейханов с болью писал, что «*Колонизационный фонд ухудшается прогрессивно, увеличивается % неудобной земли в наделах переселенческих поселков в одной из лучших и многоземельных – в Акмолинской области, типичной для всего казахского края*» [4, с. 245].

Интенсивный количественный приток русского и украинского крестьянства в Акмолинскую область до 1910 года (после 1910 г. по нескольким причинам идет спад самовольного переселения русских крестьян – С.У.), можно судить по тем статистическим данным, которые были приведены в одном из архивных документов. По первой всеобщей переписи населения Российской империи 1897 года в Акмолинской области проживало 682.600, а в 1910 году уже 1.047.300 человек [11, л. 243], из них 521981 казахов [11, л. 229]. Тем самым шел интенсивный процесс русификации Степного края, да и бюрократическое переселенческое управление, которое заправляло этим немаловажным для социально-экономического положения России процессом, порождало из русских крестьян больше пролетариев, чем зажиточных людей на окраинах империи. «*В результате мы имеем, с одной стороны, чуть не массовое бегство переселенцев обратно в разоренные старые гнезда, а с другой – разорение туземного населения, за счет которого бюрократия благодетельствовала русского крестьянина*» – писал Алихан Букейханов. И далее, приведя выдержку из отчета известного русского деятеля, графа К.К. Палена (1861-1923), который в 1910 году произвел ревизию Туркестанского края, Букейханов писал: «*В переселении далеко не все обстоит так благополучно. Так в отчете графа Палена мы находим указания на то, что во время ревизии непрерывно поступали жалобы на отобрание под переселенческие участки наиболее ценных и при том обрабатываемых земель, на массовый снос жилищ и выселение туземцев на непригодные для сельского хозяйства земли. Далее, в отчете констатируется, что русские переселенцы применяют к почвам Сибири хищнические приемы эксплуатации, систематически понижая производительность отведенных земель.*

*В итоге такая политика изъятия угодий, соединенная с пренебрежением к правам туземного населения, порождает антагонизм между казахами и переселенцами, а также и недоверие к русской власти*» [12, с. 273 – 274].

Таков неблагоприятный исход переселенческой политики русской администрации в Казахстане, по

мнению видного общественного, государственного деятеля, замечательного знатока казахской степи, незаурядного знатока хозяйственной деятельности степняков, выдающегося знатока истории казахского народа – Алихана Нурмухамедовича Букейханова.

1. Кан Г.В. *История Казахстана. Учебник для ВУЗов.* – Алматы: Алматыкітап, 2005. – С. 159. 223 с.
2. Базарбаев М., Аккулыулы С. Алихан Нурмухамедұлы Букейхан. В кН: Букейханов А.Н. *Избранное.* – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – С. 33. 478 с.
3. *Журнал совещания о землеустройстве киргиз.* – СПб.: Типография МВД, 1907. – С. 15 – 17. 145 с.
4. Букейханов Алихан. *Переселенческие наделы в Акмолинской области. Избранное.* – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – С. 242. 478 с.
5. Востров В.В., Муканов М.С. *Қазақ халқының қоныстануы және ру – тапалық құрамы (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы)* – Астана: «Алтын кітап», 2007. б. 301. 421 б.
6. *ЦГА РК. Ф. И – 64. Д. 3968, л. 2.*
7. Букейханов Алихан. *Русские поселения в глубине Степного края. Избранное.* – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – С. 221. 478 с.
8. *ЦГА РК. Ф. И – 64. Д. 5974, л. 4.*
9. *ЦГА РК. Ф. И – 64. Д. 6006, л. 70 – 70 об..*
10. *ЦГА РК. Ф. И – 64. Д. 4350, л. 11.*
11. *ЦГА РК. Ф. И – 64. Д. 1259, л. 243.*
12. Букейханов Алихан. *Кризис канцелярского переселения. Избранное.* – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – С. 273. 478 с.

### **Түйін**

Бұл мақалада Қазақстанның ірі саяси қайраткері Алихан Нұрмухамедұлы Бөкейхановтың XIX ғасырдың екінші жартысында XX ғасырдың басында орыс шаруаларының Дала өлкесіне көшуі баяндалған.

### **Summary**

The article covers the position of the major political figures of Kazakhstan Alikhan Nurmuhamedovich Bukeyhanov to the resettlement process of the Russian peasantry in the Steppe Region, in the second half of the XIX - early XX centuries.

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫН ОҚЫТУ: НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР**

(2012 жылдың 29 наурызы №1119 келісім-шарты бойынша ҚР БҒМ гранты аясында)

**Байдильдина С.Х. – т.ғ.к., доцент**

Бүгінде посткеңестік елдер Қазіргі заман тарихын (Современная история) жоғары оқу орындарында енгізуді қолға алуда. Бұл тарих ғылымы, тарихшылар үшін күрделі де маңызды проблеманың біріне айналып, тарихшы мамандардың алдына салмағы ауыр міндеттерді жүктеуде.

Кез-келген пәнді, курсты оқу үдерісіне енгізу алдында, ең алдымен, оның типтік бағдарламалары, оқу-әдістемелік құралдары мен оқулықтары дайындалып, оларды жарыққа шығару сияқты іс-шаралар жасалынуы тиіс екендігі баршаға мәлім.

Міне, осы себепті де бұл көрші Ресей Федерациясында ауқымды мәселе ретінде танылып, арнайы ғылыми конференциялар мен форумдарда талданып, тіпті жоғары оқу орындары жанынан арнайы оқу-ғылыми орталықтары жұмыс жасауда [1].

Тақырыптың өзекті де ауқымды мәселе ретінде танылуының өзіндік себептері де бар. Оған гуманитарлық ғылымдар саласы өкілдерінің тарих ғылымы қазіргі кезең тарихын оқыту барысында басқа ғылымдар саласы – саясаттану, экономика, әлеуметтану сияқты ғылымдарды қайталаумен шектелмей ме, зерттеу нысандары тоғыспай ма деген сауалдардан қауіптенеді екен. Сонымен қатар, «Қазіргі кезең тарихы шектен тыс саясаттандырылған, идеологияландырылған. Күні кешегі өткен немесе бүгінгі күн үдерістерін зерттеумен айналысушылар сол оқиғалардың куәгерлері мен замандастары болғандықтан, бұл олардың тарихи құбылыстарға баға беруде объективті ғылыми принциптерді сақтауына кедергі жасауы мүмкін...», - деген қауіптен де ада емес [2].

Ғалымдарды ойландырып отырған жайттың бірі - Қазіргі заман тарихының хронологиялық шеңбері. Профессор В.Л. Шейнис Қазіргі замандағы Ресей тарихының 1991 жылдан, тіпті 1985 жылдан емес, оның тарих алды кезеңінің («предыстория») 1953 жылға кетуі де мүмкін деген пікір айтады[2]. Ғалымның бұл

ойы тарихшылар үшін түсінікті болса керек.

Олай болса, Қазіргі кезеңдегі Қазақстан тарихы (Современная история Казахстана) үшін бұл кезең 1985 жылдан немесе 1991 жылдан басталуы тиіс? Бірнеше ұрпақ аңсаған, ұлттық мүдде мен тәуелсіздік үшін болған, кеңестік империя бұғауынан босау жолындағы толастамаған күрес тарихын, ел тарихын - ауыр да ұзақ жолды неге енгізбеске? Бұл студенттің - Қазақстан Республикасы азаматының бүгінгі тәуелсіздіктің қадір-қасиетін бағалап, құрметтей алуы үшін қажет-ақ.

Бүгінде біздер жалтақтап қарай беретін сол батыс елдерінде де Қазіргі заман тарихын ХХ ғасырдан бастауға тырысады. Жоғары білім алуда және одан кейінгі білімін жалғастыру (graduate schools) барысында тарихи курстар, қазіргі заман тарихын оқып-үйрену, оған деген құрмет те ерекше. Олар өз тарих курстары туралы ойларын былайша білдіреді: «This discipline of studies offers a broad perspective that offers flexibility, good analytical skills, good writing and speaking skills, capacity to identify, assess and explain trends and behaviors and great research skills. All these attributes are vital in a number of different occupations in the job market, so a graduate of **history has a wide range of jobs that he or she could be fit for**». [4]

Өткен жылдың шілде айында Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық құжатындағы **«Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талдаудан өткізсін, оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен пішінін өзгерту жөнінде іс-шараларды жүзеге асырсын...»** [5], - деп берген тапсырма, сынына орай тарихшы-ғалымдар арасында қызу талқы басталды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Т.Төлебаев бүгінгі жоғары мектептегі жағдай туралы өз пікірін «Қазақстан тарихын қалай оқытқан дұрыс?» деген мақаласында «Бүгінгі таңда ЖОО-да тарихи білім беруде батыстық білім моделінің тек формальды параметрлерін - кредиттік жүйе, бакалавриат - магистратура - PhD және т.б. сияқты сыртқы формасы іске асырылуда...», - деп көрсеткен еді. [6] Шындығында да, біздің білім беру бағдарламаларымызда сол еуропалық немесе американдық университеттердегі тарих курстарын оқытудағы тәжірибелер мүлдем ескерілмеген.

Мәселен, Америка университеттерінде білім беру бағдарламаларына (болашақ тарихшылар емес) бірнеше тарихи курстар енгізіледі екен. Себебі, тарихи курстарға сұраныс, тарихи курстарды таңдау жоғары. Оның себебін американдық білім беру мекемелерінің басшылары, бағдарламалардың авторлары, тарих пәнінің оқытушылары былайша түсіндіреді: [7]

- Тарих басқару өнеріне үйретеді. Тарих курстарын, әсіресе, Америка қоғамының көшбасшылары және «индустрия капитаны» болғысы келетін алдыңғы қатарлы Америка университеттерінің студенттері таңдайды;

- Тарих әлем туралы, басқа қоғамдар туралы ілім-білім береді. Американдық студенттердің басым көпшілігі өздерінің мәдени дүниетанымының шектеулілігін түсінеді және бүгінгі жаһандану жағдайында табысты карьера жасау үшін бірнеше аймақ бойынша терең білім алу қажет деп есептейді. Осы жолда тарих - басты элементтің бірі;

- Тарих жоғары білімді әрі қарай жалғастыру (graduate schools) үшін тиімді. Заңгерлер үшін қоғамды, оның тарихын білу пайдалы екендігі түсінікті, сонымен қатар бұл білім болашақ дәрігерлер үшін де қажет, себебі, тарих жекелеген, нақты оқиғаларды зерттеумен айналысады. Әлемдегі ең үздік медицина мектебі саналатын Джон Хопкинс университетінде тарихтан табысты курстар оқытылады...

Мұндай практика көрші Ресей Федерациясында да қолға алынған [8].

Ал біздің елімізде, керісінше, жалғыз пән «Қазақстан тарихын» білім беру бағдарламаларынан алып тастауға ұмтылушылар табылуда. Олар оған сылтау ретінде Қазақстан тарихының мектеп бағдарламасында болуын алға тартады. Мектеп бағдарламасы мектеп оқушысының жас ерекшелігіне, ойлау деңгейі мен қабылетіне, жасөспірімге арналған. Мектеп түлегінің тарихтан алған білімі азамат пен патриоттың қалыптасу міндеттерін шешуде жеткіліксіз. Жоғары мектеп студенті, жеке басын куәландыратын жеке куәлікке ие, яғни Қазақстан Республикасының заңдары алдында жауапты азамат қана Отан тарихын, жалпы тарихи курстарды саналы түрде оқып-үйренуге, оны өз өмірінде пайдалануға ұмтылады, оған мүмдік алады. Бүгінде еліміздің мыңдаған азаматтары – студенттер, магистранттар шет елде білім алуға ұмтылса, мыңдаған азаматтар іс-сапармен шетелге шығады. Онда Қазақстан азаматтарын сан-қилы сұрақтар күтіп тұрады. Мәселен, Қазақстанның бүгінгі алып территориясы қайдан шықты, Кеңестер Одағының ыдырауымен пайда болған ба, неге қазақтар монғол нәсілдес емес, Қазақстанда ресми тіл – орыс тілі емес пе еді, қазақ тілі қайдан шыққан, т.б. [9] Бұл сұрақтарға мектеп түлегінің сауатты түрде жауап бере қоюы екіталай. Сондықтан, Ел Басы атап көрсеткендей, **«Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен пішінін өзгерту жөнінде іс-шараларды жүзеге асыру»** сияқты іс-шаралармен айналысқан

абзал.

Мәселен, педагогикалық мамандықтардың бакалавриат – магистратура - PhD жүйесінде «Өзін өзі тану» пәні оқытылады және ол да мектептен басталады. Бұл түсінікті де. Білім алушының сана-сезімі, қабылеті, ойлау деңгейі, қоғамға, қоршаған ортаға, тіпті сол ілім-білімге көзқарасы, қатынасы, іс-әрекеті түрлі деңгейде өрбиді. «Қазақстан тарихы», жалпы тарихи курстардың жеке тұлғаны, ел азаматын, ел патриотын тәрбилеуде осы қатардан табылатындығында күмән жоқ.

Қазіргі замандағы Қазақстан тарихының басты бір тарихи кезеңі, әрине, Тәуелсіздік жылдар тарихы. Осы кезең бойынша 2012жылдың 29 наурызы №1119 келісім-шарты бойынша ҚР БҒМ гранты аясындағы «Тәуелсіз Қазақстан тарихынан E-learning ұйымдастыру үшін кәсіби цифрлік оқу материалдарын жасау» тақырыбындағы жобаға сәйкес біраз жұмыстар атқарылды [10]. Соның бірі «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы» модулі бойынша жасалынған төмендегі жобасы болатын:

## **2- модуль. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы**

### **1. Тәуелсіздік қарсаңындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы**

Экономикадағы тоқырау құбылыстарының өршуі және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың алғы-шарттары. 1985-1991 жж. қайта құру саясатының жүзеге асырылуы және оның салдарлары. Инфляцияның бұрын-соңды болмаған дәрежедегі теңдессіз өсуі, қорланған экономикалық потенциалдың күйреуі, жаппай жұмыссыздық пен кедейшілік деңгейінің артуымен сипатталған экономикалық құлдырау.

1986-1989 жж. экономикалық реформалар. Өнеркәсіп өнімі мен ұлттық кірістің өсу қарқынының қысқаруы. Рентабельді кәсіпорындар есебінен өзін-өзі ақтамайтын өнеркәсіптерді қолдау жүйесі, шығынды-өндіріс технологияларының жандануы. Ауыл шаруашылық өнімдері бағасының қисынсыз төмендетілуі.

Экономикалық саясат негіздерін өзгертпей экономиканы сауықтыру әрекеттері. Батыстың заманауи техникасын импорттаудың күшеюі. Өндірісте тәртіпті күшейту жолындағы шаралар. Елде нашақорлықтың, самогон қайнатудың, таксикоманияның, мемлекеттік қазынаға кірістің қысқаруына әкеліп соқтырған алкогольизмге (ішкілікке) қарсы кампания. Мемлекеттік емес меншік иелері – кооперативтер кәсіпорындарының қызметін заңдастыру.

Меншік қатынастарына түбірлі өзгерістер енгізбей «жоспарлы-нарықтық» экономиканы құрудың басталуы. Экономиканы басқару мүмкіндігінің шектелу белгілерінің күшейе түсуі, салааралық және республика аралық байланыстардың үзілуі (ажырауы).

Қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің төмендей түсуі. Г.Колбиннің кең ауқымды тұрғын үй құрылысы бағдарламасы. Жұмысшылардың жаппай ереуілдері.

1990-1991жж. экономикалық реформалар. Өкіметтің жүйелі нарықтық экономикаға өтуге ұмтылуы. Астыққа және нан өнімдеріне бағаның өсуі. Тауарларға сұраныстың артуы. Дефицит және бірінші кезектегі тұтыну өнімдерінің мөлшерлі бөлінуі. Экономикалық реформалардың сәтсіздіктерінің себептері. Қазақстан экономикалық апат жағдайында.

1990 ж. Қазақстанның егемендігін жариялауы. Нарыққа өтудің республикалық тұжырымдамасы. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандық жолы».

### **2. Қазақстан Республикасы экономикасының трансформациялануы және экономикалық реформалар нәтижелері**

Экономиканы ырықтандырудың алғашқы кезеңі (1991-1993 жж.). Нарықтық қатынастардың қалыптасуы. Нарыққа өтудің жеделдетілген «талықсытпалы» монетарлы моделі. Бағаның күрт өсуі, барлық деңгейдегі төлем және қаржы дағдарысы, инфляцияның шарықтау деңгейі, өндірістің құлдырауы.

Әлеуметтік-экономикалық дағдарысты басқару механизмдерін іздестіру (1994-1998 жж.). Жекешелендіру бағдарламасы, оның кезеңдері және ерекшеліктері. Республиканың қаржы секторын реформалау және олардың елдің экономикалық әлеуетін қалыптастыру мен пайдалануға ықпалы. ҚР ұлттық валютасын енгізу. Жекешелендіру үдерісінің аяқталуы және экономиканың кәсіпкерлік секторының құрылуы.

Банк секторының қалыптасуы. Бюджет жүйесі мен әлеуметтік саладағы реформалар. Білім беру, денсаулық сақтау, зейнетақымен қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғау жүйелерін реформалау. Нарықтық тұрпаттағы экономиканың қалыптасуы үшін құқықтық базаның құрылуы.



Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы. Үкімет пен Ұлттық Банк қызметтерін тұрақтандырудағы кезек күттірмейтін міндеттер. Елдің қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету және қаржы тұрақтылығы туралы заңды қабылдау. 2009-2010 жж. арналған экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру шараларының бірлескен іс-әрекеттер жоспары.

Қаржы тұрақтылығы, үлестік құрылыс, үлескерлер құқықтарын кепілдендіруді күшейту жөніндегі нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар.

Жаңа Салық кодексін енгізу. Үшбірлікті міндетті шешу - бизнес үшін жалпы салық мөлшерін төмендету, шикізат өндіретін сектордағы кәсіпорындарға салынатын салық салмағын арттыра отырып шикізатты емес сектордағы кәсіпорындар үшін салық ахуалын жақсарту және салықтық басқаруды жетілдіру (1 қаңтар 2009 жыл). Өндірісті модернизациялау және кеңейту мүмкіндіктерінің артуы, өндіріске жаңа технологияларды енгізу.

### **3. Жаһандану үдерістерінің ұлттық экономикаға ықпалы: дүниежүзілік қаржы дағдарысы және «Жол картасы»**

Әлемдік экономиканың жаһандану жағдайындағы даму Стратегиясы. 1997-1998 жж. әлемдік қаржы дағдарысының республиканың экономикалық дамуына ықпалы. Үкіметтің дағдарысқа қарсы шаралары.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы – республика экономикасы мен социумының дамуының басты бағдары (1997 ж.). Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс (2000-2007 жж.).

Қазақстан Республикасының дүниежүзілік нарықтық кеңістіктегі ықпалдастығының проблемалары.

Экономикалық дағдарыстың жаһандану жағдайында әлемдік қаржы жүйесін модернизациялаудың заманауи бағыттары.

Жаһандық экономикалық дағдарыстың салдарлары және одан шығу шаралары. Ұлттық экономиканың сыртқы ресурс көздері – шикізатқа жоғары баға, шетелдік банктердің «арзан» несиелері есебінен дамуы. Дамудың ішкі көздерін іздестіру. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» холдингінің құрылуы. Халықаралық маңызы бар «үдемелі» жобаларды жүзеге асыру үшін барлық даму институттарының қызметтерін үйлестіру.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы. Кәсіпкерлік әлеуетінің күшеюі. 2020 жылға дейінгі Қазақстан дамуының Стратегиялық жоспарын жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының 2010-2014 жж. арналған жеделдетілген индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру механизмдері.

Экономиканың шикізаттық емес секторлардағы аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсімін қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығының тұрақты дамуының стратегиялық басымдығы мен инновациялық механизмі. Ғаламдық экологиялық-экономикалық қайшылықтар жағдайындағы ауыл шаруашылығы дамуының парадигмасы.

### **4. Инвестициялық үдерістердің қалыптасуы мен реттелуі және оның елдің экономикалық дамуына ықпалы**

Инвестициялық үдерістердің экономикалық дамуының басты шарттары мен факторлары. Мемлекеттің инвестициялық саясаты. Экономиканың жекелеген салаларында инвестициялық қаржыларды пайдалану және шетел инвестициялары көлемінің өсу бағыттары. Отандық және шетелдік инвестицияларды тартуда ынталандырудың аймақтық тетіктерін қалыптастыру. Шетелдік компаниялар, фирмалар өкілдері, жекелеген кәсіпкерлер Қазақстанның инвестициялық климаты туралы. Тиімді геосаяси жағдай: саяси ахуал мен ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы. Алматыда өткен «Қазақстандық инвестициялық саммит» Бірінші Форумы (маусым, 1997ж.).

Шетел инвесторлары үшін аса тиімді жағдайлардың жасалынуы. Мұнай-газ шығару, басқа да шикізат ресурстарын өндіру салаларындағы инвестиция. Негізгі капиталға инвестицияның өсу қарқынының күрт төмендеу үрдісі. Шетел капиталы түсімі жолындағы түйінді кедергілер: республиканың ерекше континентальдығы, дәстүрлі сыртқы нарықтан, негізгі инвестор-мемлекеттерден салыстырмалы алшақ-тығы, жалпы көлік байланысы мен инфрақұрылымның нашар дамуы. Субъективті сипаттағы кедергілер.

Қазақстан экономикасындағы шетел инвестициялары. Қазақстан және халықаралық экономикалық ұйымдар. ЕврАзЭС аясында Кеден одағының құрылуы. ЕврАзЭС-тің дағдарысқа қарсы қорының ұйымдастырылуы. ЕврАзЭС жоғары технологиялар Орталығының құрылуы. ЕврАзЭС біртұтас көлік кеңістігі-

нің қалыптасуы. ЕврАзЭС мемлекеттерінің жалпы энергетикалық нарығы. 2012 жылдың 1 қаңтарынан Біртұтас энергетикалық кеңістік құру жөніндегі Келісімге қол қою.

Қазақстанның сыртқы сауда байланыстарының қалыптасуы мен дамуы. Қазақстан және аймақтық экономикалық ұйымдар. БҰҰ жанындағы экономикалық сектор. Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау бойынша БҰҰ-ның даму Бағдарламасымен ынтымақтастығы, Арал, Каспий, Семейдің экологиялық проблемаларын шешуге қатысты шаралары. Қазақстан Азия және Тынық мұхиты өңіріне арналған экономикалық және әлеуметтік комиссия (АТМЭЭК-ЭСКАТО) мүшесі.

Қазақстан экономикасындағы халықаралық қаржы ұйымдарының ролі. «Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына мүшелігі туралы», «Қазақстан Республикасының Халықаралық қайта құру және даму банкіне мүшелігі туралы», «Қазақстан Республикасының халықаралық қаржы корпорациясына мүшелігі туралы» және т.б. Зандары.

## **5. Қазақстан дамуының әлеуметтік векторлары. Экономикалық реформалардың әлеуметтік салдарлары**

Қазақстанның қоғамдық-экономикалық жүйесінің трансформациялануы: әлеуметтік қатердің жоғары деңгейі. Жұмыссыздық, қымбатшылық, тиісті медициналық көмек және сапалы кәсіби білім алуға байланысты проблемалар. Көші-қон қозғалысы. Елдегі орташа өмір сүру ұзақтығының төмендеуі.

Қазақстан – 2030 мемлекеттік бағдарламасы аясындағы әлеуметтік реформалар (1997 ж.). Қазақстан Республикасы тұрғындарын әлеуметтік қорғау Тұжырымдамасы (2001 ж.). Мемлекеттік бюджеттегі әлеуметтік кепілдіктердің біртіндеп өсуі.

Егемендік жағдайындағы тұңғыш халық санағы (1999 ж.). Жалпы халық санының құрамындағы ұлттардың үлестік салмағының азаюы.

Әлеуметтік саясаттың басты бағыттары:

- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларын, балалар мен жастарды, басқа да әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарды әлеуметтік қорғау мемлекеттік саясатын жүзеге асыру;

- экономикалық және әлеуметтік қайта құруларды жүзеге асырудың басты факторы ретінде кәсіпкерлердің әлеуметтік тобын қалыптастыру;

- әлеуметтік қорғаудың қосымша тетіктері ретінде әртүрлі сақтандыру жүйелерін дамыту.

Ауқымды әлеуметтік реформалар. Денсаулық сақтау, білім беру саласындағы әлеуметтік реформалардың нәтижелері. Халықтың әл-ауқатының жақсаруы, білім беруді жаңғырту, оның сапасы мен қолжетімділігін арттыру, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін қалыптастырудың аяқталуы. Әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға ықпал ететін факторлар.

Қоғамды реформалау тұжырымдамасын дайындау қажеттілігі, оның зияткерлік-адамгершілік сипаты, республика азаматтарының шығармашылық қабілеті мен дарынын дамыту және пайдалану жолдары мен механизмдері. «Интеллектуалды ұлт» стратегиялық бағдарламасы. Ұлттың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, оның білім деңгейі, руханилығы мен денсаулығын жақсартудың жолдары.

ҚР әлемнің неғұрлым дамыған және бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына ену жолында. Қазақстан Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы жолында.

Жоғары білім берудегі өзекті мәселенің бірі қоғам өміріне белсенді түрде араласатын, туындаған мәселелерді шешу жолдарын іздестіруге қабылетті, өзіне әлеуметтік жауапкершілік ала алатын, ел азаматтарын - мамандарды даярлау. Бұл мәселелерді шешудің бір көзі әлемдік практика көрсетіп отырғандай, қашанда тарихи пәндер болмақ.

1. *Для преподавания современной истории России в вузах и школах, необходимо задействовать последние достижения в области мультимедиа. [www.studyguide.ru/news.php?id=696](http://www.studyguide.ru/news.php?id=696) ; Конференция «2012 год – год истории в России. Актуальные проблемы изучения и преподавания истории в высших учебных заведениях». [History.spbu.ru/1/3/2711](http://History.spbu.ru/1/3/2711); Безбородов А.Б. Отечественная история новейшего времени: 1985-2008 / А.Б.Безбородов, Л.М.Дробизева, Н.В.Елисеева, В.Д.Зиминова, Т.Ю.Красовицкая, О.В.Павленко. – М.: РГГУ, 2009.; Международная конференция «История современной России: проблемы, документы, факты (1985-1999 годы)».*

2. Шейнис В.Л. Курс постсоветской истории: хронологические рамки, структура, научный и политический контент [Электронный ресурс] / В.Л. Шейнис // История постсоветской современности: проблемы изучения и преподавания. Электрон. дан. – (Текстовый файл). – Internet Explorer 6.0. – Загл. с титул. экрана. – URL: <http://unc.rsgu.ru/article.html?id=90360>

3. Международная научная конференция «История постсоветской современности: проблемы изучения и преподавания» [ap.rsu.ru/news.html?id=78573](http://ap.rsu.ru/news.html?id=78573)

4. [Contemporary British History - Kings College London - United Kingdom mastersportal.eu...browse...contemporary...history.html](http://Contemporary_British_History_-_Kings_College_London_-_United_Kingdom_mastersportal.eu...browse...contemporary...history.html); Kate Bradley. *Contemporary Britain*. 2010; [Institute of Contemporary British History | facebook.com](http://Institute_of_Contemporary_British_History_facebook.com)...of-Contemporary-British-History; С.Байдильдина. Ұлыбританияға сапардан. 29 шілде-26 тамыз, 2012 жыл.

5. Назарбаев Н.: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам [www.inform.kz/kaz/article/2478341](http://www.inform.kz/kaz/article/2478341);

6. Т.Төлебаев. Қазақстан тарихын қалай оқытқан дұрыс? // Айқын. №181 (2092), 27.09.2012. 5-бет

7. [Преподавание истории в вузах www.politmemo.ru/o\\_reforme/histoty\\_vuz/](http://Преподавание_истории_в_вузах_www.politmemo.ru/o_reforme/histoty_vuz/)

8. «Цивилизационное разнообразие современного мира», «Мировая цивилизация до и после “миллениума”», «Экономические реформы в России 1992-2008 гг. и их социальные результаты», «Государственное управление и политика России в 1992-2008 гг.», «Интеллектуальная история XX века», «Россия и Запад: история взаимных представлений», «История государства в России в сравнительно-исторической перспективе», «Российская экономика: прошлое и настоящее», «Сравнительная история империй XIX-XX веков», «Реформы и революции в истории России», «История геноцидов XX века», «Фашизм и сталинизм», «История мусульман в России».

9. Байдильдина С. Ұлыбританияға сапардан. 29 шілде-26 тамыз, 2012 жыл

10. Kenjebaev G.K., Dalayeva T., Baidildina S. *Problems of formation of E-Learnig content in the historical education of the Republic of Kazakhstan // International Perspectives on Education. BCES Conference Books, Volume 10. Sofia: BCES. Pages xvi + 448; ISBN 978-954-92908-1-3.; Dalayeva T., Baidildina S. «The experience of creating digital educational resources on the History of Kazakhstan for secondary schools» // Вестник КазНПУ им.Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки» - 2012. – № 2(33); Далаева Т.Т., Байдильдина СХ.; Интернет ресурсы и проблемы истории независимого Казахстана. // Ақпараттық-коммуникациялық технологияларының мүмкіндіктері мен Отан тарихының мәселелері: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 12 желтоқсан 2012 ж №- Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 194 б. - 103-107 бб.*

#### **Резюме**

Статья посвящена проблеме внедрения современной истории Казахстана в образовательную программу Высшей школы. В статье подвергнут анализу опыт преподавания современной истории страны и исторических курсов в системе Высшего образования в постсоветских государствах и за рубежом.

Предлагается альтернативный вариант программы по социально-экономическому развитию Республики Казахстан. Работа выполнена в рамках государственного гранта «Создание профессиональных цифровых учебных материалов по истории независимого Казахстана для организации E-learning».

#### **Summary**

The article deals with the introduction of the subject of the contemporary history of Kazakhstan in the educational programs of higher education. The article looks at how the contemporary history and historical courses are taught in the higher education institutions in post-Soviet states and other foreign countries.

An alternative version of the program for economic and social development of the Republic of Kazakhstan is offered. The work is a part of the state grant "Creating professional digital training materials on the history of independent Kazakhstan to organize e-learning».

## **ЖАЛПЫ ТАРИХ** **ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ЖАПОНИЯ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

**Абжаппарова Б.Ж., Какенова Г.М. – Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ шығыстану,**  
*халықаралық қатынастар кафедрасының профессорлары, т.ғ.д.*

Қазіргі жаһандану кезеңінде әлемдік даму үрдісіндегі басты мәселелердің бірі – мемлекетаралық қатынаста тұрақты, тең дәрежелі байланыс орнату. Осы тұрғыда тәуелсіз Қазақстанның әлемдік экономика мен саясаттағы ықпалды мемлекеттердің бірі Жапониямен қарым-қатынас орнауын талдау мен сараптау өзекті мәселе.

Жапония Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылдың 28 желтоқсанында мойындады. Саяси қатынастардағы екіжақты саяси диалогтың бастамасын 1992 жылдың мамырындағы Жапония Премьер-министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрі М. Ватанабэнің Қазақстанға сапары негізін қалады [1, 184 б.]. Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 26 қаңтарында орнатылды. Жапонияның Елшілігі 1993 жылы Алматыда ашылып, 2005 жылдың қаңтарында Елшілік Астанаға көшірілді. 1997 жылдың ақпанынан бастап Токиода Қазақстан Республикасының Елшілігі жұмыс істейді. 2007 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасының Жапониядағы елшісі қызметін А. Камалдинов атқаруда. 2010 жылдың қыркүйек айынан бастап Жапонияның Қазақстандағы елшісі Юдзо Харада.

Дипломатиялық қатынастардың тереңдеуіне 1994 жылғы 6-9 сәуірдегі Н.Ә. Назарбаевтың Жапонияға арнайы іс-сапары серпін берді. Іс-сапар барысында негізгі құжаттар мен ноталарға, ортақ келісімдерді растайтын мәлімдемелерге қол қойылып, Қазақстан тарапынан жасалынып жатқан реформалар жапон үкіметінен үлкен қолдау тапты. Келесі саяси маңызды құжаттар 1999 жылы 5-8 желтоқсандағы Н.Ә. Назарбаевтың екінші сапары барысында қабылданып, екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік деңгейі белгіленген Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы достық және әріптестік жөніндегі Ортақ мәлімдемеге қол қойылған болатын [2, 166 б.].

Аталмыш келісімдер шеңберінде 1997 жылы Қазақстан Республикасына Кейдзо Обути бастаған жапон делегациясының іс-сапары жасалынды. Болашақ Премьер-министр К. Обутидің Орталық Азия мен Ресейге сапарларында жасаған мәлімдемелері мен зерттеулері кейін жапондық сыртқы саясаттағы «Еуразиялық дипломатия» концепциясына енгізілді. Аталмыш «Еуразиялық дипломатия» концепциясын 1997 жылы 24 маусымда «Кейдзай доюкай» жапондық экономика-қоғамдық топ алдында жасаған баяндамасында Премьер-министр Рютаро Хасимото жариялады. Жапон үкімет басшысы Орталық Азияға қатысты сыртқы саясаттағы дипломатиясын 3 бағытқа бөлген болатын. Алғашқы бағыт – өзара сенім мен түсінушілікті тереңдету болса, екінші бағыт – экономикалық әріптестік пен аймақты гүлдендіруді қамтамасыз ету барысындағы табиғи ресурстарды игерудегі серіктестік деп дәйектелді. Үшінші бағыт ретінде ядролық қаруды таратпау арқылы аймақта қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау, демократияландыру мен тұрақтандыру алынды [2, 166 б.].

Концепцияның логикалық жалғасы ретінде 2002 жылғы 12 сәуірдегі Қытайда өткен Боаос форумындағы Жапония Премьері Д. Коидзумидің жолдауын қарастыруға болады. Аталған форумда Премьер Азия құрлығының энергоресурстарға деген сұранысы артып тұрған замандағы энергетикалық әлеуеті мол Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынастарды тереңдету мен дамытудың маңыздылығы мен қажеттілігін атап өтті.

Сонымен қатар, Қазақстан мен Жапония арасындағы өзара келісім халықаралық қауіпсіздік саласында өз сәйкестілігін тауып келеді. Қазақстанның ядролық қаруды таратпау Келісіміне (ЯҚТК) қосылуы мен өз территориясында ядролық қаруды жою туралы шешімі жапондық үкімет тарапынан үлкен қошеметпен қабылданды. Аталмыш елдің арнайы жұмыс тобы отырыстарында бақылаушы ретінде қатысуын соның

айғағы ретінде қарастыруға болады. 1 кесте. [3, б.]

**Жапондық импорт тауарлары мен Қазақстандық экспорт**

Жапония нарығына шығарылатын потенциалды Қазақстандық экспорт						
Жапондық импорт тауарлары	Импорт көлемі	Жыл сайынғы өсім	Әлемдік импорттағы үлесі	Ранг	Қазақстан экспорты 2009-2010	Әлемдік экспорты
Барлығы (топтар)	622 243,3	13	4,4	6	803,9	71 183,5
25-27. Минералды тауарлар	197 475,8				0,0	50 934,5
02-24. Жануарлар өсімдік әлемі тауарлары	18 424,1				1,1	1 776,2
28-39. Химия және басқа да өндірістік материалдар	16 000,6				4,6	2 247,4
72-81. Металл өнімдері	14 964,6				797,7	3 734,7
85, 95. Тоқтар, физикалық материалдар, ойыншықтар	8 878,2				0,0	1,6
51-61. Текстиль	6 977,0				0,0	204,3
71. Қымбат металдар, және олардан жасалынатын бұйымдар	3 202,2				0,0	325,6
41. Тері материалдары	204,5				0,0	424,0

Екі ел арасындағы маңызды әріптестік – халықаралық ұйымдар негізінде де жүргізіліп келеді. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ БА 50-ші сессиясындағы баяндамасында мәлімдегендей, Қазақстан Жапонияның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде қабылдау және БҰҰ Жарғысына бірқатар өзгерістер енгізу қажеттігін қолдайды. Қазақстан тарапы БҰҰ әйелдерге қарсы дискриминацияны жою Комитетіне (CEDAW) 2002-2003 жылдарға Жапония ұсынған Ф.Сайго кандидатурасын қолдау жөніндегі ұсынысын қабыл алды [4, 479 б.].

2002 жылы Жапонияның Сыртқы істер вице-министрі Сейкен Сугиураның бастамасымен «Жібек жолы энергетикалық миссиясы» сапары болып өтті. Аталмыш миссия мүшелері ҚР Президенті Әкімшілігі, Үкіметі және Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, ҚР индустрия және сауда министрлігі өкілдерімен энергетика саласы бойынша бірқатар семинарлар өткізіп, пікір алмасты. Сонымен қатар, осы жылы Жапонияның Орталық Азия бойынша ғылыми-зерттеу институтының (CARI) басшысы Юрико Коике өз сапарымен келіп кеткен еді.

2002 жылы 3-7 желтоқсанда Жапония СІМ Йорико Кавагучидің арнайы шақыруымен ҚР Мемлекеттік хатшысы- СІМ Қ.Тоқаевтың ресми сапары болып өтті. Ресми сапар барысында Қ.Тоқаев Премьер-министр Д.Қоидзуми, СІМ Й.Кавагучи, Экономика, индустрия және сауда министрі Т.Хиранума, Сыртқы Істер вице-министрі Т. Яно, Халықаралық әріптестік Банкі Басшысы (JBIC) К.Шинозава, Халықаралық әріптестік агенттігі Президенті (JICA) Т.Каваками, Сыртқы сауда ұйымы Президенті (JETRO) О.Ватанабэ, экс-Премьер министр Р.Хасимото бастаған қазақ-жапон достастығы парламенттік лигасымен кездесулер өткізді [4, 482б.].

Екі ел арасындағы әріптестік негізінен жапон үкіметі Дамуға Ресми Көмек бағдарламасы бойынша жүзеге асып келеді. Аталмыш бағдарлама аясында қайтарымсыз қаржылық көмектер (гранттар), техникалық қамсыздандыру жүйелері өз қызметін жалғастыруда. Жапония Дамуға Ресми Көмек бағыты бойынша ең үлкен донор-ел саналады. Бүгінгі күні осы бағдарлама бойынша Қазақстанға 624 млн. доллар көлемінде жапон капиталы айналымда жүр. Оның 550 млн. доллар көлеміндегі бөлігі Халықаралық әріптестік Банкі қаржысы болып табылады. Бағдарлама бойынша техникалық жобаларға 40 млн.доллар, гуманитарлық салаларға 34 млн. доллар көлемінде қаржы бөлінген.

Жапон үкіметінің JBIC, JICA халықаралық әріптестік агенттіктері Қазақстанға әр сала арқылы қайтарымсыз капитал түрінде көмек көрсетуде. JBIC кредиттік бағыты бойынша Қазақстанда Дамуға Ресми Көмек бағдарламасына сай 4 жоба қаржыландырылған:

*1 «Теміржол транспорты қуатын арттыру және дамыту (Достық станциясы – I фазасы)»*

Жалпы сомасы 76,4 млн. доллар тұратын жоба JBIC кредиттік бағыты бойынша 60 млн. доллар көлемінде көмек алған болатын. Бүгінде «Чори» компаниясы Достық станциясының II фазасын салу жөніндегі өз жобасын қайтадан ұсынып отыр.

*2 «Семей қаласында Ертіс өзені арқылы көпір салу құрылысы»*

Жалпы сомасы 251 млн. доллар тұратын аталмыш жобаның 175 млн. доллар көлеміндегі капитал салымы кредиттік жүйе арқылы берілді. Көпір 2000 жылы 16 қазанда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен салтанатты түрде ашылды.

*3 «Астана қаласындағы халықаралық аэропортты реконструкциялау жобасы»*

Жалпы сомасы 208,1 млн. долларды құрайтын жобаның 156 млн. доллар көлеміндегі бөлігін JBIC кредиттік бағдарламасы қаржыландырды. Кредиттің қайтарым уақыты – 30 жыл уақытқа белгіленді. Сонымен қатар, «Ақтөбе – Қарабұтақ –Қостанай обл.», «Атырау-Орал» жолдарын реконструкциялауға 2001-2005 жылдары «Ниппон кей» консорциумы қатысқан болатын.

*4 «Астана қаласындағы сумен қамтамасыз ету, суды бөлу жүйесін модернизациялау жобасы»*

Аталмыш жоба «Астана қаласын дамыту жоспары» бойынша JICA агенттігімен бірлесе отырып, сумен қамтамасыз ету жүйесін дамытудың жаңа жобасы болып табылады. Жалпы сомасы 215,7 млн. долларды құрайтын жобаның 213,6 млн. доллар көлеміндегі капитал жүйесін аталмыш агенттік 30 жылдық кредиттік салым түрінде қаржыландырды [4, 485 б.].

Инвестиция салымдары бойынша Жапонияның үлесі елімізде төменірек. ҚР барлық шетел инвестициясы көлемінің тек 3,4 пайызын құрайды. Ұлттық банк мәліметтері бойынша жалпы инвестиция 668 млн. долларды құраса, оның ішінде тура инвестиция – 288 млн. доллар, сауда кредиттер – 380 млн. доллар көлемінде жүзеге асып отыр.

Экономикалық диалогты дамыту әрі тереңдету мақсатымен 1993 жылы құрылған екіжақты сауда-экономикалық әріптестік жөніндегі Комитет аясында тұрақты түрде отырыстар өткізіліп келеді. 2002 жылы Мемлекеттік хатшы Қ.Тоқаев пен «Митсубиси Корпорейшн» компаниясы Аға кеңесшісі С.Махо-

раси басшылығымен Жапонияның белді компаниялары арасында екіжақты қарым-қатынастардағы маңызды мәселерді анықтап, қазақ-жапон экономикалық әріптестігінің жаңа перспективаларын қарастыру жолдарын талдап өтті.

Екі ел арасындағы әріптестікке «*Атырау мұнай өңдеу зауыты реконструкциясы*» жобасы төңірегіндегі ортақ келісім тың серпіліс берді. Ортақ жобаларды іске асыру келісімі 1998 жылы қабылданып, сол арқылы жапондық «Марубени Корпорейшн» компаниясы аталмыш жобаны өз қаржыландыру жүйесіне қосты. «Марубени» компаниясы ЖВІС кредиттік бағытымен қатар 15 пайызын өз капиталынан салды. Қазақстан тарапынан серіктес компания ретінде «ҚазМұнайГаз» ЖАҚ белгіленіп, жобаның жалпы сомасы 308,8 млн. доллар құрады.

«*Каспий теңізінің қазақстандық секторы шельфін құрылымдау*» жобасы 1993 жылы қазақстандық «ҚазақКаспийШельф» АҚ мен шетел компаниялары (Аджив, Бритиш Петролеум, Статойл, Мобил, Шелл и Тоталь) арасындағы Каспий теңізі шельфін құрылымдау концорциумы жөніндегі келісім аясында қабылданған болатын. Аталмыш концорциум мүшесі ретінде Жапонияның «ИНПЕКС» қатысып, 1/12 бөлігіне ие болды.

«*Орал ТЭЦ-де энергосақтау көздері жобасы*» - 2002 жылы Батыс Қазақстан облысы мен жапондық «Жаңа энергия көздерін дамыту ұйымы» (NEDO) арасындағы ортақ Меморандум негізінде жүргізіле бастады. Жалпы жобаның сомасы – 15 млн. доллар көлемінде қарастырылған еді. Сонымен қатар, келесі инвестициялық жоба ретінде - Газотурбиналық құрылымның салынуын айтуға болады. Аталмыш жоба БҰҰ конвенциясының климат өзгеруі жөніндегі Киото келісімі аясында жүргізілмек. Қазақстан тарапынан өтемақы ретінде 2008-2012 жылдар арасында жыл сайынға көлемде 62 мың тонна CO2 ресурсына квота берілмек. Жапония тарапынан Қазақстанға қуаттылығы 25 МВт құрайтын утилизаторлы газотурбиналық құрылымды салу және пайдалануға қалтыру жұмыстары жүргізіледі. Жобаны жүзеге асырушы компания ретінде құрылғыларды монтаждау әрі тасымалдаумен айналысатын "Tohoku Electric Power Co." таңдалынып алынды [5, 48 б.].

Жапония мен Қазақстан арасындағы экономикалық саламен қатар гуманитарлық, мәдени-рухани, ағарту салалары арасындағы байланыс жыл сайын дамып келеді. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің Жапония іс-сапары барысында Қазақстан жерінде қаза тапқан жапондық әскери тұтқындарды еске сақтау мақсатымен жарияланған кітапты табыс етті. 1999 жылы Жапонияда "Эн-Эйч-Кей Пабблишинг" баспасы шығарған «Біздің ортақ үйіміз - Еуразия» кітабында Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан -2030» стратегиясы жарық көрді [4, 486 б.].

Жапон Үкіметі ІСА бағыты бойынша мәдени, білім гранттарын бөлініп келеді. Алматы Мемлекеттік университетіне, Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына, «Медеу» мұз айдынына, Абылайхан ат. ҚазӘТМУ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не, Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясына және Қазақ Ұлттық Өнер университетіне арнайы құрал-жабдықтар түрінде бірнеше гранттар бөлініп, студенттер мен оқытушылар қолданысына берілді.

Жапония БҰҰ БА резолюциясының Семей аймағына қатысты резолюциясының авторларының бірі ретінде белгілі. 1999 жылы Токиода Семей полигон аймағы мәселесі бойынша халықаралық конференция өткізу шарасына мұрындық болып, 2000 жылы аталған аймаққа қайтарымызсыз 6 млн. доллар көлеміндегі медициналық құрылғылар мен жабдықтарды табыс етті. Ядролық сынақтар зардаптарын азайту мен жою мәселесі бойынша бірқатар істер атқарылған болатын. 1998 жылы қол қойылған Семей Мемлекеттік Медицина академиясы мен Нагасаки университеті арасындағы ғылыми әріптестік жөніндегі Келісім әлі күнге өз жемісін беріп келеді. Хиросима мен Нагасаки қаласының ғылыми орталықтарының эксперттері жыл сайын Семей өңірін бақылау жұмыстарын жүргізуде.

Жапонияның Орталық Азияға қатысты жүргізіп отырған саясаты соңғы жылдары зерттеушілердің тұрақты қызығушылығын тудырып келеді. Осы тақырыпта жыл сайын әр түрлі зерттеулер жарық көріп, Орталық Азияға қатысты Жапонияның стратегиялық жоспарларына талдаулар жүргізілуде. Аралығына бірнеше жылдар салып, жапондық үкімет Орталық Азиялық мемлекеттерге қатысты бағдарламаларын жария етуде.

1991-2007 жылдар аралығында Қазақстан мен Жапония қарым-қатынастары төмендегі бағдарламалар шеңберінде дамыған болатын:

- 1993 жылы – *Орталық Азия елдерінің Экономикалық әріптестік және даму ұйымына кіру инициативасы* - Дамуға Ресми Көмек (ОПР) бағдарламасы арқылы аймақ елдерінің қаржылық көмек алуына жол ашты.

- 1997 жылы - Жапония, Ресей және Орталық Азия елдері арасындағы экономикалық және саяси

әріптестікті нығайту мақсатында «Еуразиялық дипломатия» бағдарламасы жарияланды. Өзара пайда, сенім және ұзақ мерзімді перспектива – аталған бағдарламаның басты принциптері ретінде бекітілді.

- 1998 жылы – Демократиялық қайта құрулар мен экономикалық реформалар, транспортты инфра-структура мен табиғи ресурстарды игеру салаларындағы әріптестікті тереңдету мақсатымен «Жібек жол дипломатиясы» бағдарламасы жарияланды.

- 2004 жылы – «Орталық Азия + Жапония» бағдарламасы. Аталмыш бағдарламаға сәйкес министрлік басшыларының және аймақтық қарым-қатынас ведомстволарының кездесулерін тұрақты ұйымдастыру шараларын өткізіп тұру көзделді.

- 2006 жылы – «Орталық Азияның бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне трансформациялануы» бағдарламасы жарияланды. Басты мақсаты ретінде ортақ құндылықтарға құрылған қатынастарды сақтау әрі дамыту, ашық аймақтық әріптестікті тереңдету саналады [6, 186 б.].

Аталған бағдарламалар аясында іс жүзінде жаңа тәуелсіздігін жариялап, жаңа дамуға бет алған елдерге экономикалық, гуманитарлық салада қомақты көмек көрсетілді. Азия-Тынық мұхиты аймағының көшбасшылығынан үміткер Жапония Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастарды бастауда аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселесіне аса мән берген болатын. Алғаш тәуелсіздік алған жылдары жақын қарым-қатынастарды бастауға имене қараса, уақыт өте келе тұрақтылыққа негізделген саясатын жүргізуді тереңдете бастады.

Қазақстанда тәуелсіздік алғалы саяси тұрақтылық пен бейбіт дамуға негізделген бағыт таңдалынып алынып, 20 жылдан астам уақыттан бері көлемде жүргізілген реформалар өз нәтижесін беріп келеді.

Дегенмен, Қазақстан мен Жапония қарым-қатынастары 90-шы жылдардан бері қарай тек бір деңгейде жүргізіліп келетінін айта кеткен жөн. Тауарайналым мөлшері мен инвестиция көлемі басқа шет ел мемлекеттерімен салыстырғанда мардымсыз күйде қалып келеді. Қазақстаннан Жапонияға шикізат ресурстары, минералды жағармай, феррросплав, титан, корғасын, сирек кездесетін металдар экспортқа шығарылса, әуе және су транспорттары, автомобиль, құрылғылар мен тұрмыстық техника, химия өндірісі, текстиль, т.б. өнімдер импортталады.

2 кесте.[5, 18 б.]

**Жапония импорты мен экспортының арасалмағы**

	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.
Жапония экспорты	8,874	11,499	11,472	20,036	19,409	29,155
Жапония импорты	12,724	12,349	17,912	26,596	36,914	38,544
Барлығы	21,598	23,848	29,384	46,632	56,323	67,699
Өткен жылмен салыстырғандағы өсім (%)		10.4	23.2	58.7	20.8	20.2

Аталған әріптестікте бастамалар көбіне жапондық үкімет тарапынан жасалынып келеді. Осы тұста Қазақстанның көпвекторлы саясатының аясында Жапонияға қатысты қабылданған арнайы бағдарламалардың аз екенін баса айта кеткен жөн. Екі ел арасындағы экономикалық қатынастар жапондық компаниялардың Қазақстандағы кен орындарын игерудегі қызығушылығымен байланысып жатыр.

2008 жылғы 18-22 маусымда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Жапонияға үшінші ресми сапар жасады. Сапар нәтижесі екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтуға септігін тигізді. Сапар шеңберінде Император Акихито екіжақты қарым-қатынастар мен достықтың дамуына қосқан үлесі үшін ҚР Президенті Н.Назарбаевқа Жапонияның ең жоғарғы мемлекеттік наградасы – Үлкен лентадағы Хризантема орденімен марапаттады. Өз алдына, екі халықтың арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға қосқан жеке үлесі үшін Жапония Императоры Қазақстанның ең жоғарғы мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапатталды. Екі ел арасында жоғарғы деңгейдегі тұрақты саяси диалог орнатылған.

Алайда елдер арасындағы экономикалық қатынастардағы арнайы келісімдердің жоқтығы кедергі туғызып отыр. Аталған мәселелер осы кезеңдегі екі елдің Сыртқы істер министрлері М.Тажин мен М.Коумура кездесуінде талқыланып, «Екілей салық салынудың алдын-алу және кіріске салық төлеуден жалтаруды тоқтату Конвенциясын» қабылдап, меморандумға қол қойды. Индустрия және сауда министрі В.Школьник пен Жапонияның Экономика, сауда және министрі А.Амара «Сауда және инвестиция



саласындағы өзара әріптестік Меморандумына» қол қойды. Соңғы қабылданған аталмыш меморандумдар нәтижесінде Kansai denryoku ("Кансай дэнреку") мен Sumitomo shoji ("Сумитомо седзи") компаниялары «Ұлттық атом компаниясы «Қазатомпроммен» бірігіп, 2010 жылдан бастап АЭС-на ядролық жағармай өндіру жұмыстарын бастады. Келесі бір маңызды құрылым ретінде Sumitomo shoji ("Сумитомо седзи") және «Кэпко» компанияларының «Батыс Мынқұдық» уран өндіру орнын игеру бастамаларын айтуға болады [7, 35 б.].

Алғашқы кезеңде жапон бизнесмендерін Қазақстанның шикізат салалары, әсіресе пайдалы қазба байлықтары қызықтырды. Алайда қазіргі уақытта шикізат қана емес, өңдеу, ауылшаруашылығы салаларында жапондық компаниялардың алдыңғы қатарлы технологиясын пайдалануға үлкен маңыз берілуде. Қазіргі уақытта «Қазатомпром» қазақстандық компаниясы «Марубени корпорейшн» және «Сумитомо корпорейшн» компанияларымен бірге уранды өңдеу, ал «Тошиба» компаниясымен сирек кездесетін жерасты металлдарын өндіру жобаларын жүзеге асыруда.

2010 жылы Қазақстандағы жапон инвестицияларының көлемі 603,3 млн. АҚШ долларын құраса, ал тәуелсіздік жылдары инвестициялардың көлемі 3 млрд. 401,3 млн. АҚШ долларына жетті [8]. Көптеген жапондық компаниялар Қазақстанда өз өкілдіктерін ашуға құлшыныс білдіруде. Жапония іскер топтары өкілдері Қазақстанда бизнестерін кеңейтіп, инвестицияларын орналастырғысы келеді, алайда көптеген әкімшілік кедергілердің әсері, салық жүйесінің күрделілігіне байланысты бұл толығынан іске асырылмай отыр.

2012 жылғы 1-2 мамырда Жапония Экономика, сауда және индустрия министрі Ю.Эданоның Қазақстанға сапары өтті. Сапардың қорытындысы бойынша ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Жапония Экономика, сауда және индустрия министрлігі арасындағы Экономикалық ынтымақтас-тар туралы меморандумға, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Жапонияның Жаңа энергетикалық және өндірістік технологияларды дамыту ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға, сондай-ақ «Қазатомпром» ҰАК» АҚ мен жетекші жапон компаниялары арасындағы бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Болашақта екі ел арасындағы әріптестікті одан әрі дамыту көзделініп отыр. Жапония бүгінде Қазақстанның сыртқы сауда әріптестерінің ішінде 14 орын алса, Қазақстан – Жапонияның Орталық Азия елдері ішіндегі тауарайналымы ең жоғарғы әріптесі болып табылады. [9, 5 б.]

Қазақстан мен Жапония елдері арасындағы сауда, инвестиция, экономикалық әріптестіктің дамуына талдау, келешекте Токиомен қатынастың нығая түсуі әбден мүмкін деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

1 *Внешняя политика Республики Казахстан: Учебник / Под. общ.ред. К.И. Байзаковой. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 302 с.*

2 [Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. - Астана: Елорда, 2001. - 552 с.](#)

3 [www.kaznex.kz](http://www.kaznex.kz).

4 [Токаев К. Свет и тень. Астана, 2007. - 576 с.](#)

5 [www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/geos/japan](http://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/geos/japan).

6 *Азовский И.П. Центральноазиатские республики в поисках решения транспортной проблемы. – М., 1999. – С. 8*

7 [www.zakon.kz/114195-kazakhstan-japonija-grani.html](http://www.zakon.kz/114195-kazakhstan-japonija-grani.html). Национальное информационное агентство «КазИнформ», 2008.

8 <http://dknews.kz/kazakhstan-yaponiya-20-let-spustya.htm>

9 [www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index](http://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index).

### **Резюме**

Статья посвящена актуальным проблемам становления и эволюции взаимоотношений между независимым Казахстаном и Японией. Авторы дают глубокий анализ основных направлений и перспектив дальнейшего сотрудничества двух стран.

### **Summary**

The article is devoted to the actual problems of formation and evolution of relations between independent Kazakhstan and Japan. The main directions and the perspectives of the Kazakhstan-Japanese cooperation are shown.

## **1941 ЖЫЛҒЫ КЕҢЕС-ПОЛЯК ОДАҚТАСТЫҚ КЕЛІСІМІ**

**Көкебаева Г.К.** – *т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры*

**Сманова А.М.** – *т.ғ.к., ҚазМемҚПУ дүниежүзі тарихы кафедрасының доценті*

1941 жылы 22-маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына шабуыл жасады. Германия Кеңес Одағына шабуылын бастаған күні-ақ У.Черчилль радиодан сөйлеген сөзінде: «Нацистік тәртіпте коммунизмнің барлық жаман сипатты белгілері бар. Оның ашкөздік пен нәсілдік үстемдікке ұмтылудан басқа ешқандай да салттары мен қағидалары жоқ. Өзінің қаталдығы мен ызалы басқыншылығы жөнінен ол адамзат бұзықтығының барлық түрлерінен асып түседі. Соңғы 25 жылда ешкім коммунизмнің менен асқан қарсыласы болған жоқ. Мен өзімнің ол туралы айтқан бір де бір сөзімнен бас тартпаймын. Алайда мұның барлығы бүгін басталған сұмдық көріністің жанында ештеңеге тұрмайды. Өткен шақ өзінің қылмыстарымен, ессіздіктерімен және қайғылы оқиғаларымен қоса жоғалды. Мен өзінің туған жерінің табалдырығында тұрған, олардың әкелері сонау заманнан бері өндеген жерді қоғап тұрған орыс жауынгерлерін көріп тұрмын. ...Біз Ресейге және орыс халқына қолымыздан келген барлық көмегімізді береміз. ...Ресейге төнген қауіп – бізге және Құрама Штаттарға төнген қауіп, сол сияқты, өзінің ошағы мен үйін қорғап жатқан әрбір орыстың ісі – жер шарының бұрыш-бұрышындағы еркін адамдар мен еркін халықтардың ісі», – деп көрсете отырып, өткен шақтағы қайшылықтар мен алауыздықтарға қарамастан Англия осы соғыста Кеңес Одағын қолдайтынын мәлімдеді [1]. Бүкіл Еуропаны басып алып, адамзатты әлемдегі аса бір қауіпті де зиянды идеяларға бағындырғысы келген фашистік Германияға қарсы соғыста бірлесіп күресу қажет екендігін дұрыс түсінген поляк елінің басшылары да осындай сын сағатта бұрынғы барлық реніштерін кері ысырып қойып, дұрыс шешім қабылдады. 1941 жылы 23-маусымда Польшаның эмиграциядағы үкіметінің басшысы Владыслав Сикорски радиодан сөйлеген сөзінде гитлерлік Германияға қарсы Кеңес Одағымен бірігіп күресу мүмкін екендігін мәлімдеді. Сикорскидің мәлімдемесі бойынша, екі ел (Польша мен КСРО) енді келісімге келулері керек, егер кеңес үкіметі 1921 жылғы Рига келісімшартын мойындаса, сондай-ақ поляк әскери соғыс тұтқындарын және 1940-1941 жылдары Кеңес Одағының шалғай жерлеріне жер аударылып, айдауға кеткен поляк азаматтарын босатса, онда Шығыс Еуропадағы саяси және әскери өзгерістерге байланысты Польша мен Ресей арасындағы кейбір түсініспеушіліктер де жойылуы мүмкін [2]. Осыдан аз ғана уақыт бұрын елінің жеріне басып кірген, жерінің бір бөлігін тартып алған Кеңес Одағына қолынан келген көмегін беруге тырысу Польшаның мемлекеттік қайраткерлерінің айрықша стратегиялық маңызы бар мақсатты барлық мүдделерден жоғары қоя білгендігінің көрінісі болса керек. Келесі күндерде АҚШ президенті Ф.Рузвельт те Кеңес Одағына қолдау білдірген мәлімдеме жасады.

Германия Кеңес Одағына шабуыл жасағаннан кейін кеңес өкіметі де одақтастар іздей бастады. Сондықтан ол Батыстың демократиялық мемлекеттерінің қолдау көрсету ниетін қуана қарсы алды. 1941 жылы 12-шілдеде бір-біріне көмектесу туралы кеңес-ағылшын келісіміне қол қойылды. Поляк-кеңес қатынастары айрықша күрделі болатын, өйткені Польша мен Кеңес Одағының арасында аса ауыр 1939 жылдың оқиғалары тұр еді. Соған қарамастан поляк үкіметі Кеңес Одағы басшыларымен келіссөздер жүргізуге келісті.

Кеңес-поляк қарым-қатынасына байланысты келіссөздер жүргізу туралы мәселені кеңес жағы шілде айының басында қолға алды. 3-шілдеде Сыртқы істер халық комиссары В.М. Молотов Ұлыбританиядағы Кеңес Одағының өкілетті елшісі И.М. Майскийге эмиграциядағы Польша, Чехословакия және Югославия үкіметтерімен өзара қарым-қатынастарға байланысты арнайы нұсқау жолдады. Бұл нұсқауда жоғарыда көрсетілген үш мемлекеттің тәуелсіздік алуларына құқылы екендігі мойындалды және ендігі қарым-қатынастар олардың Мәскеуде өкілдіктерін ашуына, осы мақсатта өз адамдарын жіберулеріне байланысты деген мәлімдеме жасалды [3]. Келесі күні Ұлыбританияның Сыртқы істер министрі А. Иден премьер-министр В.Сикорскиге кеңестік елші И.М. Майскийдің мәлімдемесін баяндады, онда Кеңес үкіметі

«поляк мәселесіне» байланысты келіссөз жүргізуге дайын екендігін білдірді. Генерал В. Сикорски өз тарапынан Чехословакия және Югославияны Польшаның мәселелерімен қатар қоюға мүлдем болмайтындығын ескертті, өйткені толық емес кеңестік баспасөз ақпараттары бойынша, кеңес түрмелері мен лагерьлерінде 190 мың поляк солдаттары мен 10 мың офицерлері бар, ал ол жерде чехтар мен югославтар мүлде жоқ екені белгілі деді. Сонымен қатар В. Сикорски Кеңес үкіметімен келіссөзге дайын екендігін, бірақ ең алдымен ол өз шешімін Халық Жиналысы алдына ұсынатынын мәлімдеді. Мұның келіссөзді жеңілдетуге бір септігін тигізеріне В. Сикорски әбден сенді, содай-ақ ол келіссөздерді бастау үшін қажетті мынадай шарттарды атап өтті:

1. Кеңес Одағы 1939 жылғы тамыз-қыркүйек айларындағы герман-кеңес келісім-шартының күші жойылғандығын мойындауы қажет.

2. Мәскеу қаласында тез арада Польша елшілігі ашылып, КСРО жеріндегі поляктардың тағдырын жеңілдетуге көметесетін азаматтық комитеттер құрылуға тиісті.

3. Ресейдің шалғай жерлеріне айдауға кеткен саяси тұтқындар мен түрмелердегі поляк әскери соғыс тұтқындары босатылуы керек. Бұлардан фашистік Германияға қарсы соғысқа қатысатын Поляк әскері жасақталуы керек.

Осы өтінішті Ұлыбританияның Сыртқы істер министрі А. Иден қабылдап алып, тез арада кеңес үкіметіне табыс ететінін мәлімдеді [4].

1941 жылдың шілде айында Лондонда В. Сикорски мен Англиядағы кеңес елшісі И.М. Майский арасында кездесулер басталды, келіссөздер аса күрделі жағдайда жүрді. Кеңес өкіметі 1939 жылдың тамыз-қыркүйегіндегі кеңес-герман келісімдері нәтижесінде Польша шекараларына жасалған өзгерістерден бас тартқысы келмеді. Ал Польша басшылары үшін Польшаның соғысқа дейінгі шекараларын қалпына келтіру оны гитлерлік басқыншылардан азат етумен қатар тұратын маңызды міндет еді. Генерал Сикорски мен кеңестік елші Майскийдің әскери одақтастық мәселесіне байланысты алғашқы кездесуі 1941 жылы 5-шілдеде Польшаның сыртқы істер министрі Август Залескидің қатысуымен болды. Онда Польша үкіметі 1939 жылдың 1-қыркүйегіне дейінгі Польша территориясының тұтастығы мәселесіне деген өз көзқарастарын танытты. 1939-1941 жылдары КСРО жеріндегі НКВД мекемелерінің поляк жауынгерлері мен офицерлерін жаппай тұтқындауы және поляк азаматтарының Батыс Украина мен Батыс Белоруссия аймағынан күштеп қоныс аударылу мәселесі арнайы күн тәртібіне қойылды. Сондай-ақ Кеңес Одағының жерінде поляк әскерін құру мәселесі де қарастырылды. Бұл генерал В.Сикорскидің 1940 жылдан бері көкейінде жүрген ойы болатын, енді эмигранттық үкіметтің басқа мүшелері де Кеңес Одағында поляк әскерін құруға деген қызығушылықтарын білдірді.

Әрине, екі ел арасындағы шекара туралы мәселе айрықша күрделі еді, мұның өзі басталған келіссөздердің қаншалықты нәтижелі болуына зор ықпал жасайтыны сөзсіз екендігін екі жақ та түсінді. Сонымен қатар поляк үкіметі Батыс Украина және Батыс Белоруссияның Халықтық жиналыстары 1939 жылдың қараша айында қабылдаған осы жерлердің Украина Кеңестік Социалистік Республикасы мен Белоруссия Кеңестік Социалистік Республикасына қосылуы туралы шешімдерді де мойындамады. Соған қарамастан, жекелеген үкімет мүшелерінің, ең алдымен генерал Владыслав Сикорскидің байыпты көзқарастары нәтижесінде келіссөздер барысында ортақ тіл табуға жол ашылды. Келіссөз қорытындысында елші И.М. Майский поляк үкіметінің мынадай мазмұндағы құжатын кеңес үкіметіне табыс етуді мойнына алды:

1. Шекара мәселесіне байланысты талап-тілектер 1939 жылғы тамыз-қыркүйек айындағы кеңес-герман келісімшарттары жарамсыз деп жарияланғанға дейін уақытша ашық түрде қалдырылады.

2. Екі ел арасындағы қарым-қатынастар қалпына келтіріліп және Мәскеуде Польша елшілігі ашылады.

3. Осы шарттар орындалғанда ғана Польша Кеңес Одағымен бірлесе әрекет жасап, Германияға қарсы соғыс жүргізеді.

4. Кеңес жерінде Поляк Әскері жасақталады, ол қандай да бір басқа жерге көшірілуі мүмкін.

5. Кеңес жеріндегі поляк әскери соғыс тұтқындары мен саяси қуғынға ұшырағандар босатылады.

Генерал Сикорски мен Майскийдің 11-шілдеде Лондонда болған екінші кездесуінде шекара туралы мәселені әр ел өз мүдделеріне сай шешуге табан тіреп бақты. Кеңестер жағынан берген Майскийдің мәліметінде Кеңес Одағы 1939 жылы немістермен болған келісімшарттың Польша мемлекетіне қатысты жақтарын жарамсыз деп мойындайтыны айтылды. Кеңес үкіметі Кеңес Одағында азаматтық комитеттер құруға рұқсат берді. Майский сонымен қатар, КСРО жерінде Польша үкіметінің басшылығымен дербес Поляк Әскерін құру туралы ұсыныстың қанағаттандырылғанын да айтып өтті. Осының барлығын төрт тарау деп белгілеп бергенмен болашақ келіссөзге Сикорский поляктардан тартып алынған барлық мүлік-

тердің қайтарылуы және барлық поляк тұтқындары мен еркінен айырылғандардың босатылуы туралы тағы қосымша екі тарау енгізуді ұсынды [5].

Ақыры британдықтардың делдал болуымен келіссөз мазмұнының жобасына біршама редакциялық түзетулер енгізілген соң, 1941 жылы 30-шілдеде Лондонда Польша эмигранттық үкіметінің премьер-министрі генерал Сикорский мен Ұлыбританиядағы кеңестік елші И.М. Майский келісімшартқа қол қойды. Қол қою рәсімі кезінде Ұлыбританияның премьер-министрі У. Черчилль мен сыртқы істер министрі А. Иден қатысып отырды [6].

Келісім бойынша, КСРО үкіметі «кеңес-герман келісімінің Польшадағы территориялық өзгерістерге қатысты бөлігінің күші жойылғандығын» мойындады, ал поляк үкіметі «Польша басқа мемлекеттермен Кеңес Одағына қарсы бағытталған келісімшарттар жасаған емес» деп мәлімдеді; екі елдің арасында дипломатиялық қатынастар қалпына келтірілді және олар гитлерлік Германияға қарсы күресте бір-біріне көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді. Екі жақ Кеңес Одағының жерінде поляк әскерін құруға келісті, бұл әскери бөлімнің құрылуы, басшылығы және қолданылу жағдайлары туралы мәселелер арнайы келісімде анықталатын болды [7].

Сондай-ақ, бұл келісімшартқа қосымша хаттама енгізілді. Онда: «Дипломатиялық қатынастар қалпына келтірілген сәттен бастап кеңес үкіметі соғыс тұтқындары ретінде немесе басқа негізді себептермен КСРО жеріндегі лагерьлер мен түрмелерде отырған поляк азаматтарына кешірім жариялайды» [8], – деп көрсетілді.

Осы 1941 жылғы 30-шілдеде қол қойылған поляк-кеңес келісімшарты поляк дипломатиясының саяси аренадағы үлкен табысы еді. Кеңес үкіметімен жасалған келісімшарт Батыс саясатшыларының да назарына ілікті. 1941 жылы шілде айында ағылшын парламентінде А. Иден сөз сөйлеп, кеңес-поляк келіссөздері туралы арнайы мәлімдеме жасады. Сталин мен Гитлер мүлде жоюға ұмтылған және жойдық деп санаған Польша енді Кеңес Одағының одақтасына айналды. Соғыс барысында үзіліп қалған сыртқы саяси және әскери қарым-қатынастарды қайта жандандыру премьер-министр Владыслав Сикорскийдің ұтымды жүргізген саясатының нәтижесі болды.

Польша мен Кеңес Одағы арасындағы дипломатиялық қатынастардың қалпына келтірілуінің көрінісі бір-біріне елшілік жіберу еді. Кеңес Одағы Ұлыбританиядағы Польша эмигранттық үкіметіне А.Е. Богомоловты елшілікке жіберді, ал Кеңес Одағына Польшаның елшісі ретінде Станислав Кот келді. КСРО Сыртқы істер министрлігі мен басқа да кеңестік мекемелер елшіліктің өтінішін қанағаттандыруға тырысты. Бастапқы кезде елшілік ғимараттарын жөндеуге, фунт стерлингті рубльге айырбастау, поляк тілін почта мен телеграфқа енгізу, кеңестік радиодан хабар беру және елшілік пен ұйымдастырылатын поляк әскері арасындағы байланысты қамтамасыз ету мәселелері қолға алынды. Сондай-ақ, поляк елшілігіне баспахана, жабдықтар және баспаханада жұмыс істейтін қызметкерлер бөлінді. Бұған қоса апта сайын «Полька» журналын шығаруға жәрдемдесті. Сондай-ақ, поляк азаматтары көп орналастырылған аудандарда қосымша өкілдіктер ашылып, олар сол жерлердегі әскер қатарына жарайтын поляк азаматтарына Англия мен АҚШ-тан тасымалданатын азық-түлік және киім-кешектерді үлестіру орталықтарының жұмысын өз қолдарына алды. Әскер қатарына шақырылғандарды поляк дивизиялары шоғырланған жерлерге бағыттау үшін ірі темір жол бекеттерінде поляк ақпараттық қызметі іске қосылды. Елшілік оларды уақытша төлқұжатпен қамтамасыз етіп, мәдени және діни бағыттағы шараларды ұйымдастыруға ат салысып отырды. Осының нәтижесінде мыңдаған лагерьлер, арнаулы қоныстар және басқа жерлердегі поляк азаматтарын босатып алып, әскерге жіберуге мүмкіндік туды.

1941 жылдың 2-тамызында Премьер-министр және Бас қолбасшы генерал В. Сикорский КСРО жеріндегі генерал-майор Зыгмунт Пётр Бохуш-Шишкоға\* Лондоннан хат жолдады: «Сізді КСРО жеріндегі поляк әскери комиссиясының басшысы етіп тағайындаймын. Сізге Кеңес Одағы мен Польша арасындағы 30.7.1941 жасалған келісімшартта айтылған әскери келісімді жасауға қатысты КСРО әскери басшыларымен барлық келіссөздерді жүргізуге өкілеттілік беремін...» [9]. Қызыл Әскер Бас Штабының бастығы Б.М. Шапошников генерал-майор А.М. Василевскийге З. Бохуш-Шишкомен әскери келісімді жасау туралы келіссөздер жүргізуге өкілеттік берді.

Орталық Комитет Саяси Бюросы мәжілісінің №34 хаттамасы бойынша 1941 жылы 12-тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «Кеңес Одағы жерінде қамауда отырған поляк азаматтарына кешірім беру туралы» жарлық шығарды. Осы жарлықтың негізінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті «КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығы бойынша кешірім берілген поляк азаматтарын босату мен орналастыру тәртібі» деп аталған қаулы қабылдады. Қаулыда поляк азаматтарының босатылатын категориялары және оларды орналастыратын аудандар анықталды:

1. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылдың 12-тамызындағы Жарлығына сәйкес түрме-

лердегі, еңбекпен түзеу лагерьлеріндегі, соғыс тұтқындары лагеріндегі, арнайы қоныстардағы және айдауға жіберілген жерлердегі поляк азаматтарының мынадай топтары босатылсын:

а) барлық бұрынғы поляк әскерінің соғыс тұтқындары мен еркіндігі шектелген поляк әскери қызметкерлері;

б) түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлеріне әр түрлі мерзімге қамалғандар, сондай-ақ, сот, прокуратура НКВД ұйымдары тергеуі бойынша арнайы есепке алынғандар;

в) Украина мен Белоруссияның батыс облыстары жерінен арнайы қоныстарға жер аударылғандар (осадниктер мен орманшылар, қуғын-сүргінге ұшырағандардың отбасылары).

2. Ақталып шыққан поляк азаматтарына КСРО-ның шекаралық аудандарынан, арнайы тыйым салынған аймақтардан, соғыс жүріп жатқан жерлерден, сондай-ақ, 1-2-ші категориялы режимдік қалалардан басқа жерлерде еркін өмір сүруіне рұқсат етіледі.

3. Түрмеден, лагерьлерден, арнайы қоныстардан және айдауға жіберілген орындардан босатылған поляк азаматтарына КСРО жерінде өмір сүру құқығын белгілейтін құжаттар берілсін, бұл құжаттар төмендегі тәртіп бойынша беріледі:

а) босатылғандарға НКВД жергілікті мекемелері КСРО ішкі істер Халық Комиссариаты белгілеген үлгідегі уақытша куәлік береді;

б) босатылған поляк азаматтары КСРО жеріндегі Польша елшілігінде тіркеуге алынады (арнайы өзі барады немесе жазбаша түрінде қолхат жібереді) және поляк төлқұжаттары қолына тиген соң милиция ұйымдарының белгілеген тәртіптері бойынша шетелдіктердің тұруына рұқсат етілетін тиісті құжат (виза) алуға міндетті;

в) поляк азаматтығынан бас тартқандарға немесе Польша елшілігі арнайы тіркеуге алмағандарға азаматтығы жоқ тұлғалардың төлқұжаты немесе олардың өзі қалауымен және тексеру қорытындысы шыққан соң кеңестік төлқұжат беріледі;

4. Материалдық көмекке зәру болып отырған босатылғандар мен олардың отбасыларына Польша үкіметі тарапынан көмек көрсетілуінің тәртібі туралы Польша Үкіметімен келісім жасау Сыртқы істер Халық Комиссариатына тапсырылсын.

5. Жергілікті жерлердегі кеңес және партия ұйымдары (атқару комитеттері мен обкомдар) босатылғандарды, бірінші кезекте балалы әйелдерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге және жұмысқа орналастыруға көмектесуге міндетті.

6. Қорғаныс Халық Комиссариатына Поляк Үкіметінің әскери өкілдерімен поляк әскери бөлімдерін жасақтаудың тәртібі туралы келіссөздер жүргізу тапсырылсын, соған орай поляк әскеріне шақыру жүргізілетін жерлерде поляк әскери қолбасшылығы мен жергілікті аудандық әскери комиссариаттар өкілдерінен арнайы шақыру комиссияларын құру қарастырылсын.

7. Поляк әскери бөлімдерін жасақтаудың мынадай пункттері белгіленсін, ең алдымен:

а) Сталинград облысындағы 12 мың адам орналастырылатын Камышин, Фролово-Арчеда және Урюпинск;

б) Чкалов облысының 12 мың адам орналастырылатын Бузулук, Тоцк лагерьлері және Башқұрт АКСР Белебей елді мекені;

в) Саратов облысының 12 мың адам орналастырылатын Саратов, Сердобск және Татищев лагерьлері;

Қорғаныс халық комиссариатына (Хрулев жолдасқа) КСРО НКВД ұйымдары мен (Чернышев жолдаспен) бірлесе отырып, бұл пункттерді поляк азаматтары қатарынан шақырылатын контингентті қабылдауға дайындау бағытындағы шараларды іске асыру жүктелсін.

8. Қорғаныс Халық Комиссариатына (Хрулев жолдасқа) поляк әскери қолбасшылығының өкілдерімен келісе отырып, жасақталатын поляк әскери бөлімшелерін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жүктелсін.

9. КСРО Ішкі істер халық комиссариатына Жоғарғы Кеңес Президиумының поляк азаматтарын ақтау туралы жарлығы пәрменіне ілінген адамдарды босатудың тәртібі туралы жергілікті орындарға нұсқау беру жүктелсін [10]. Осы кешірімге жатқызылған жоғары шенді поляк әскери қызметкерлеріне ақшалай көмек көрсету де қарастырылды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша кешірім бергеннен кейін 1941 жылы 27-қыркүйекте түрмелер мен лагерьлердегі 50 295 адам, айдауда жүрген 391 575 адам, 26 297 соғыс тұтқындары, арнайы қоныстарда тұрған 265 248 жер аударылғандар босатылды. Жер аударылған адамдарды ауа-райы жұмсақ аудандарға көшірілуіне жағдай жасау, оларды үй-жаймен, жұмыспен қамтамасыз ету, поляк әскерінің жасақталу орнын, санын ұлттық құрамын, азық-түлік мөлшерін, жабдықтау деңгейін

белгілеу, ақталған адамдарды түрмелер мен лагерьлерден босатып алу, кешірім алған поляк азаматтарын жергілікті орындарда өз мамандықтарына сәйкес жұмыспен, баспана және тұрмысқа қажет құрал-саймандармен қамтамасыз ету өте үлкен қиындықтар туғызды.

Ендігі үлкен мәселе Кеңес Одағы жерінде Поляк әскерін құру болатын. 1941 жылы 8-тамызда З. Бохуш-Шишко Қызыл Әскер Бас Штабының барлау орталығының бастығы генерал-майор А.П. Панфиловқа: «Польша Жоғары Әскери Бас қолбасшысы генерал В. Сикорскийдің берген өкілеттілігінің негізінде Кеңес Одағы Бас қолбасшылығымен жасалатын келісімнің Поляк Жоғарғы Қолбасшылығы қабылдаған жобасын ұсынып отырмын», – деген хат жолдады.

Поляк Жоғарғы Қолбасшылығы ұсынған жобадан поляк әскерін құру, жабдықтау және оның соғысқа кірісуінің барлық шарттары мен жағдайлары қарастырылды:

1. Әскери келісім 1941 жылдың 30-шілдесіндегі саяси келісімшарттың табиғи нәтижесі болып табылады.

2. Поляк әскері аз уақыттың ішінде КСРО жерінде ұйымдастырылып болуы керек, сондай-ақ:

а) ол егеменді Польша Республикасының Қарулы күштерінің бір бөлігін құрайтын болады;

б) осы әскердегі барлық әскери қызметкерлер Польша Республикасына адалдық туралы ант береді;

в) поляк әскері КСРО және басқа Одақтас державалармен бірге Германияға қарсы соғысу үшін құрылады;

г) соғыс аяқталғаннан кейін ол Польшаға қайтарылады.

д) бірлескен соғыс қимылдарын жүргізу барысында ол: а) оперативтік жағынан КСРО Жоғарғы Қолбасшылығына, б) жеке құрамы мен ұйымдастыру мәселелері бойынша Поляк Қарулы күштерінің Жоғарғы Қолбасшылығына бағынады.

Жауапты адам КСРО жеріндегі поляк әскерінің қолбасшысы болады. Ол осы істер бойынша нұсқауларды КСРО Жоғарғы Қолбасшылығымен келісіп отырады.

3. КСРО жерінде құрылықтағы жаяу әскер ғана ұйымдастырылады. Олардың саны жеке құрамының қаншалықты көптігіне және материалдық жағынан жабдықталуына байланысты болады.

4. Поляк авиациясында және теңіз флотында шақырумен және өз еркімен қызмет атқарғандар Ұлыбританияда құрылған поляк әскери бөлімдеріне жіберіледі.

5. Поляк әскери бөлімдері КСРО Жоғарғы Қолбасшылығы белгілеген жерлерде құрылады, қолбасшылық және қатардағы құрам КСРО жеріндегі поляк азаматтарынан шақыру және еріктілік негізінде құрылады.

Әскерге шақыру үшін КСРО өкіметінің қолдауымен және ол белгілеген жерлерде шақыру комиссиялары құрылады.

6. Поляк әскери бөлімдері толық жауынгерлік дайындықтан өткен соң майданға жіберіледі.

Олар дивизиядан кем емес құрамда әрекет ететін болады және майданның бытыраңқы бөліктерінде ұсақ отрядтар түрінде пайдаланылмайды.

7. КСРО жеріндегі поляк әскерінің барлық қызметкерлері поляк заңдары мен жарғыларына бағынады. Бөлімдерде поляк дала соттары құрылады. Әйтсе де, КСРО заңдарын бұзған жағдайда олардың барлығы КСРО әскери соттары алдында жауапты болады.

8. Поляк бөлімдерінің ұйымдық құрылымы және киім үлгісі мүмкіндігінше Ұлыбритания жеріндегі поляк әскерінің үлгісіне сәйкес болады. Жалаулар, әскердің жеке түрлері мен әскери шендердің айырымдық белгілері де сондағы үлгілерге ұқсауға тиісті.

9. Жалақы, азық-түлік, жабдықтау және басқа ішкі тәртіпке қатысты нәрселер КСРО әскери үлгілеріне сәйкес белгіленеді.

10. Поляк әскерінің қатарындағы жараланғандар мен аурулар әскери ауруханалар мен санаторийлерде емделуге және КСРО әскери қызметкерлеріне берілетін мөлшердегі жәрдеммен және зейнетақымен қамтамасыз етілуге тиісті.

11. Поляк әскеріне қажетті қару-жарақ, жабдықтар, киім-кешек, автокөлік, тағы басқаларды мүмкіндігінше а) КСРО үкіметі өз қорынан, б) Польша Республикасының үкіметі АҚШ үкіметінің соғысушы демократиялық мемлекеттерге беретін көмегі аясында алатын бөлігінен қамтамасыз ете алады. Соңғы пунктте көрсетілген жағдай іске асса, КСРО тек қана көлікпен қамтамасыз етуде көмек көрсетер еді.

12. КСРО жеріндегі поляк әскерін құру, жабдықтау және асырауға қажетті шығындарды КСРО үкіметі қарызға берді деп саналып, поляк үкіметі соғыс біткен соң қайтаруға тиісті.

Бұл мәселе жеке қаржылық келісімде қарастырылуы қажет.

13. Байланыстарды іске асыру үшін 1) КСРО Жоғарғы Қолбасшылығы жанында Поляк әскери миссиясы құрылады, 2) Лондондағы Поляк Жоғарғы Қолбасшылығы жанынан Кеңес әскери миссиясы құрылады.

Басқа штабтардағы байланыс офицерлері екі жақтың келісуімен анықталады.

14. Осы келісімде көрсетілмеген барлық мәселелер мен жеке сұрақтарды КСРО жеріндегі Поляк әскерінің қолбасшылығы және КСРО-ның осындай үкіметтік мекемелері шешеді [11].

А.П. Панфилов бұл жобаны келесі күні Қызыл Әскер Бас Штабының бастығы Б.М. Шапошников пен Сыртқы істер халық комиссары А.Я. Вышинскийге тапсырды [12]. А.Я. Вышинский жобаны ыждағаттылықпен қарап, мынадай ескертулер жасады:

1. 2-баптың «д» тармағының «б» тармақшасы: «Ол бұл мәселе бойынша нұсқауларды КСРО Жоғарғы Қолбасшылығымен келісіп отыруға міндетті».

2. 6-баптың екінші абзацы: «Олар дивизиядан кем емес құрамда әрекет ететін болады және майданның бытыраңқы бөліктерінде ұсақ отрядтар түрінде пайдаланылмайды». Соғыс қимылдары жүріп жатқан кезде бұл поляк әскерінің 2-баптың «д» тармағының «б» тармақшасында көрсетілген оперативтік жағынан КСРО Жоғарғы Қолбасшылығына бағыну принципінің бұзылуына әкеледі және КСРО Жоғарғы Қолбасшылығының оперативтік бұйрықтарын бұзу үшін үлгі беруі мүмкін.

Бұл сөйлемді КСРО Жоғарғы Қолбасшылығының поляк әскерін соғыста пайдалану құқығының егеменділігін қамтамасыз ететін басқа сөйлеммен ауыстыру қажет.

3. 7-бап: «Әйтсе де КСРО заңдарын бұзған жағдайда олардың барлығы КСРО әскери соттары алдында жауапты болады».

Бұл сөйлемді айыптылық пен әскери қылмыстарды бір жағдайда поляк соты алдында жауапты, басқа жағдайда КСРО соты алдында жауапты болатындай түрде айқын жіктеп көрсететін сөйлеммен ауыстыру қажет.

Бір қылмыс үшін екі түрлі сот жаза кесуі мүмкін емес...» [13].

Осы ескертулер негізінде жобаға аздаған түзетулер енгізілген соң кеңес жерінде поляк әскерін құру мәселесі нақтыланып, қолбасшылық құрамды ұйымдастыру және оны іс жүзіне асыру жолдары арнайы талқыланды. 1941 жылы 14-тамызда КСРО Жоғарғы қолбасшылығы мен Польша Жоғарғы қолбасшылығы арасындағы әскери келісімге қол қойылды. Бұл «КСРО және басқа да одақтас державалардың әскерлерімен тізе қоса отырып Германияға қарсы күресу үшін» Кеңес Одағы жерінде қысқа мерзім ішінде поляк армиясын жасақтау туралы болды [14]. Келісімнің мәтіні тұтастай З. Бохуш-Шишко ұсынған жобаға сәйкес жасалды. Келісімде жасақталатын құрамалар егеменді Польша республикасы Қарулы Күштерін құрайтындығы, олардың қолбасшыларын КСРО үкіметінің үміткер жөніндегі келісімін ала отырып, шақырылатын офицерлер арасынан ерікті түрде тағайындау, Поляк қарулы күштерінің Бас Қолбасшысы құзырындағы әскери қызметкерлер поляк заңына бағынышты болатыны, ол Кеңес Одағына қарсы «мемлекеттік қылмыс» жасаса, онда КСРО әскери соты алдында жауап беретіні туралы мәселелер қарастырылды. Әскери бөлімдерді жасақтау, ұйымдастыру киім-кешек, әскери атактар, айырымдық белгілері Англиядағы поляк бөлімшелеріне тән тәртіпте жүргізіледі. Сондай-ақ, поляк әскерінің қолбасшылығын немесе әскери қызметкерлерді марапаттау, атқаратын қызметін және шенін көтеру, т.б. мәселелерді поляк Бас қолбасшылығы өздері шешіп отыратындығы қоса айтылды.

Поляк әскері жедел жүргізілетін бірлескен іс-қимыл кезінде КСРО Жоғарғы Бас қолбасшысына, ал жеке құрам және ұйымдастыру жұмыстары бойынша поляк қолбасшылығына бағынуға тиіс. Поляк әскерін құру ісіне байланысты З. Бохуш-Шишконың КСРО Жоғарғы Қолбасшылығының өкілі А. Василевскийге В. Сикорскийдің атынан жіберген мәлімдемесінде 2-баптың «д» тармақшасы мен 7-баптың мазмұнын екі жақ өзара түсіністік және жақсы ниетпен бірлесе отырып шешеді деген сенім білдіріп, бұл мәселеге қатысты қосымша хаттама жасауды ұсынды [15].

Поляктардың болашақта құрылатын әскердің соғысқа ірі құрама ретінде және бір бағытта қатысуына нәліктен ерекше мән бергенін түсінуге болады, өйткені поляк әскерлерінің ұсақ бөлімшелерге бөлініп, майданның әр жерінде әрекет етуі «Поляк әскері» деген түсініктің мәнін жойған болар еді. Осыған байланысты Польша өкілдерінің КСРО Жоғарғы Қолбасшылығына жіберген (жоғарыда аталған) мәлімдемесінде осы мәселеге қатысты мынадай дәлелдер берілді:

1. Польша Қарулы Күштерінің Жоғарғы қолбасшылығы КСРО жерінде құрылған, жауынгерлік дайындықтан өткен соң бірден майданға аттанатын поляк әскери құрамалары поляк қолбасшылығындағы біртұтас оперативтік бөлім болуға тиісті деп санайды, ол оперативтік қимылдар жағынан Кеңестік Жоғарғы қолбасшылыққа бағынады.

Барлық поляк күштерін бір бағытта пайдаланудың айрықша маңызы, сондай-ақ поляк әскерлері үшін, Польша мен одақтас мемлекеттер үшін моральдық және насихаттық маңызы бар.

Бұл принцип Ұлыбританияда толық іске асқан, онда поляк корпусы жағалаудағы жеке оперативтік

қорғаныс белдеуіне орналасқан.

2. Польша Қорғаныс Күштері Бас қолбасшылығының мәліметі бойынша үстіміздегі жылдың 14-тамызында бекітілген әскери келісімшартындағы екінші тарау бойынша КСРО жерінде құрылып жатқан поляк әскеріне байланысты тікелей мәселелер, ақша қаражатымен, қару-жарақ және баспанамен қамтамасыз ету екі жақтың басшылары арқылы шешіледі... [16].

Поляк бөлімдерінің майданға аттандырылуы туралы мәселеде бұрынғы жобадағы көрсетілген міндет пен кеңес жағының ескертуі қоса алынды, 14-тамыздағы келісімнің 7-бабында: «поляк әскери бөлімдері толық әскери дайындықтан кейін майданға аттанады. Олар әскери ережелерге орай кем дегенде дивизия мөлшерінде құрамалар шебінде ұрысқа шығып, КСРО Жоғарғы Бас қолбасшылығының жедел жоспарларына орай пайдаланылады» [17], – деп көрсетілді. Осы әскери келісімге қол қойылғаннан кейін КСРО жерінде поляк әскерін құру ісі туралы мәселе түбегейлі шешілді.

Мәскеудегі Польша әскери миссиясының әскери бөлімдерді жасақтау жұмысын бастаған кездегі бірінші кезекте көздегені түрмелер мен лагерьлердегі, айдау мен арнайы поселкелерде жүрген мыңдаған поляк азаматтары мен әскери қызметкерлеріне қол ұшын беріп оларды генерал Андерс әскерінің құрамына шақыру болды. Сонымен генерал-майор З. Бохуш-Шишконың Мәскеуде Кеңес Одағы мен Польша арасындағы әскери одақтастықты іске асырудың жеке мәселелерін белсенді түрде жүргізуінің нәтижесінде кеңестік тоталитарлық жүйенің ауыр соқпақтарын бастан кешірген Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан жер аударыла көшіріліп және тұтқындалған поляктардың өмірінде азаттық үміті пайда болды. Алайда олардың бейбіт өмірін астан-кестен еткен 1939 жылдың аласапыран оқиғаларының зардаптарынан толық арылатын күн әлі туған жоқ еді.

1. *Вторая мировая война в воспоминаниях У. Черчилля, Ш. де Голля, К. Хэлла, У. Леги, Д. Эйзенхауэра.* – М., 1990. – С. 110-111.

2. *Правда, 1941, 24 июня; История Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945. Т. II.* – М., 1964. – С. 214.

3. *Внешняя политика Советского Союза. Сборник документов. Т. I.* – М., 1946. – С. 64.

4. *Sprawa polska w czasie drygity wojny swiatowej na arenie midzynarodowej. Zbiór dokumentów.* – Warszawa, 1965. – S. 223.

5. *Dokumenty i materiały do historii stosunków polsko-radzieckich. T.VII.* – Warszawa, 1975. – S. 229.

6. *Документы и материалы по истории советско-польских отношений 1939-1943 гг.* – М., 1973. – С. 204; *Майский И.М. Воспоминания советского дипломата. Война 1939-1943 гг.* – М., 1965. – С. 117.

7. *Внешняя политика Советского Союза в период Отечественной войны. Документы и материалы. Т.1.* – М., 1944. – С. 121-122; *Kowalski W. Wielka koalicja.* – Warszawa, 1972. – S. 59.

8. *Документы и материалы по истории советско-польских отношений 1939-1943 гг.* – М., 1973. – С. 223.

\* *Генералдың аты-жөні орыс тіліндегі құжаттарда Сигизмунд Шишко-Богуш деп берілген, ал поляк тіліндегі еңбектерде Зыгмунт Пётр Бохуш-Шишко деп жазылады. Біз генерал-майордың есімінің полякша нұсқасын алуды жөн көрдік.*

9. *Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты, 280-қ., 768407-т., 43-іс, 2-п.*

10. *Сонда, 3,4-п.*

11. *Сонда, 4-10-п.*

12. *Сонда, 1-п.*

13. *Русский архив: Великая Отечественная. Том 14. СССР и Польша.* – М., 1994. – С. 22.

14. *Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты, 280-қ., 768407-т., 43-іс, 8-п.*

15. *Сонда, 11-13-п.*

16. *Сонда, 13-п.*

17. *Документы и материалы по истории советско-польских отношений. Т. 7. (1939–1943 гг.).* – М., 1973. – С. 217–218.

### Резюме

Статья посвящена изучению условий подписания советско-польского договора 1941 года и освобождения репрессированных и высланных в отдаленные регионы СССР польских граждан. На основе анализа документального материала, хранящегося в Центральном государственном архиве Министерства обороны Российской Федерации, прослеживается сложный путь развития советско-польских союзнических отношений.

### Summary

The paper is devoted to study the conditions of the Soviet-Polish agreement signing in 1941 and discharging Polish citizens repressed and exiled to remote regions of the USSR. Based on the analysis of a documentary material stored at the Central State Archive of the Russian Federation Ministry of Defence, a complicated way of development of Soviet-Polish



allied relations is traced.

## **ҚАЗІРГІ ЖАПОНИЯНЫҢ ТАЯУ ШЫҒЫС АЙМАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ФАКТОРДЫҢ РӨЛІ**

*Садықова Р.О. – т.ғ. к., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті*

XX ғасырдың екінші жартысынан Жапония халықаралық қатынастар сахнасында беделді Азия-Тынық мұхиты аймағының ойыншысы ретінде әрі экономикалық тұрғыдан да дамыған мемлекет ретінде байқалды. Табиғи қорларының болмауына қарамастан, Жапонияның «қырғи-қабақ соғысы» жылдарында «экономикалық ғажайыптың» арқасында жоғарғы жетістіктерге жетуі Жапонияның сыртқы және ішкі саясатының өзіндік ерекшелігін байқатады.

«Қырғи-қабақ соғысы» жылдарындағы Жапонияның сыртқы саясатының негізгі ерекшелігі оқшауландан бас тартып, ашықтық және көпжақты дипломатия саясатына көшкендігінде еді. Жапонияның мұндай көпжақты дипломатиясы елдің сыртқы саудасын жан-жақты дамытуына мүмкіндік берді. Әсіресе, елдің энергетикалық қажеттіліктерін өтеу жапон экономикасының күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болды. Жапонияның да әлемдік энергетикалық көздердің жағдайы алаңдататындығын XX ғ. 70 жж. энергетикалық дағдарыс-ақ байқатты. 1973 жылдың қыркүйек айында энергия дағдарысының төніп келе жатқандығы және мұнай шикізатымен қамсыздандырудың тұрақсыздығы төңірегіндегі әңгімелер барлық жерде айтыла бастады. 1973 жылдың қыркүйегінде Жапонияда сыртқы сауда қорлары мен энергетика өнеркәсібін басқару министрлігі энергетика бойынша «Ақ кітап» дайындады, онда жеткізу әдістерінің сенімсіздігіне байланысты шұғыл шаралар қолдану қажеттілігіне ерекше көңіл аударылған. Бұл қауіп сол жылдары Жапония экономикасының өсуіне байланысты болды. Жапония мұнайдың көп мөлшерін тікелей немесе жанама жолмен халықаралық компаниялардан алатын, ал үкімет пен іскер адамдар мұнай әлеміндегі биліктің компаниялардан экспорттаушы елдерге ауысқан нышандарынан байқады.

1973 жылдың қыркүйек айында шыққан «Ақ кітапта»: «осы уақытқа дейінгі халықаралық компаниялармен жүзеге асырылған мұнай тасымалдау жүйесіндегі басқару әрекеті бұзылып бара жатыр», - деп айқын жазылды [1]. Жаңа жағдайлардың өзгеруіне байланысты, бастапқы Американо-жапон одағының кепілдігімен жүргізілген Жапонияның сыртқы саясатында жаңа бағыт пайда болды, ол «Қор дипломатиясы» деп аталды. Оның міндеті болып Жапонияның сыртқы саясатын қайта қарастыру арқылы мұнайды тасымалдау жолында кепілдікпен қамтамасыз ету белгіленді. Бұл бағытты жақтаушылардың ішінде ерекше көзге түскендердің бірі сыртқы сауда және өнеркәсіп министрі және кейіннен XX ғасырдың жапон премьер-министрі лауазымына ие болған Ясухиро Накасонэ болды. Накасонэ: «Жапония болашақта сөзсіз алдыңғы елдердің қатарына шығады, сондықтан да соқыр сеніммен «біреулердің» соңынан еру қате», - деп есептеді. «Біреулері» сөзсіз АҚШ еді. Сол себепті 1973 жылдың шілдесінде Накасонэ «Мұнай өндіруші елдерге» арналған жаңа саясат жүргізу керектігін мәлімдеді [2]. Осы мәлімдеме Жапонияның сыртқы саясатында «қырғи-қабақ соғысы» жылдарынан-ақ мұнайды өндіруші мемлекеттер, яғни негізгі импорттаушы Таяу Шығыс мемлекеттерімен қарым-қатынастарға ерекше көңіл бөлетіндігін көрсетті. Қазіргі кезеңде де Жапонияның сыртқы саясатында Таяу Шығыс аймағы мемлекеттерімен байланыстар алғашқы басымдықтардың қатарына шықты.

The main thesis of the author is that the North Caucasus Frontier was a living, changing, uncertain, porous. Frontier went through raids and carts, and women missionaries, wood and weapons, legends and technology, soldiers and deserters. Applied to the Russian materials new and exciting achievements of Barrett have a connection with ethnic history and environmental analysis. The decisive factors are not guns and fortresses, but immunity to local epidemics; handling skills land suitable to local conditions; efficiency of missionary work, the frequency of mixed marriages and the intensity of cross-breeding, cultural "tuzemizatsiya". Historiography of the alien population, the problems of "frontier" as presented by Barret are not less exciting than the stories told by him: nekrasovtsev Cossacks in the Caucasus (the Old Believers, who served to the sultans and took part in the Russian-Turkish wars on the Turkish side and raided together with Kabardins, or "amazing fact" that General Yermolov when he was the governor of the Caucasus was "married" the three Muslim women. All these works in favor of Barrett's basic thesis of the uncertainty of the Caucasian frontier. For two centuries, the Russian government is trying to push through the border frontie and with the American historian's assistance we can better understand why it is difficult.

Two social historians, Gregor Fries and Sheila Fitzpatrick are more interested in investigating the estates of the Imperial period and Soviet classifications. Interest in the social history of the estate system is clear: inheriting the Marxist tradition, and struggling with her social historians replace speculative notion of class over the historicity of the notion of class, which itself belongs to the historical era. The transition from an external description language to describe the language in which to describe themselves of a society in itself, is a social history to a wider range of ideas and approaches. Freeze's valuable exercise in discursive history of "estate" leads to the conclusion that it appeared only in the early XIX century, and according to the author, should not be applied to earlier periods. For a century social class system did not collapse, says Freeze, on the contrary, it flourished. Both articles of the scienti are of great importance because he compares the two classifications, the "system

classes" and "the class system," which, according to Freese, were competing and combining at the beginning of XX century. Freese believes that these provisions related to "radical review" of the social history of the imperial period.

A historian of imperial Russia, Mikhail Dolbilov is mostly interested in the tsarist bureaucracy's mentality and statecraft; interconnections between state reforms and symbolic representations of the Russian autocracy; and ethnic and confessional politics on the empire's western periphery in the age of rising nationalism. Along with Aleksei Miller, he has published the Russian-language volume *The Western Borderlands of the Russian Empire* (2006). He is author of a range of articles, both in Russian and English that address complex issues of the Russo-Polish rivalry in a broader imperial context and argue that the rule over these borderlands was an essential part of how the empire functioned as a whole. In his forthcoming *Russian Land, Foreign Faith: Ethno-religious Policy of Empire in Lithuania and Belarus under Alexander II* (in Russian), Dolbilov focuses on the imperial dialectics of religious tolerance and discrimination against non-Orthodox faiths (as practiced towards Roman Catholics and Jews) during the era of the Great Reforms, detecting the impact that nationalist sensibilities had on earlier Enlightenment-born disciplining patterns of the state's confessional engineering.

Incorporation of representatives of non-Russian peoples on the civil service in the context of policies of imperial Russia is represented in the research of the German scholar Andreas Kappeler [8].

Of special interest to this study is the work of Steven Velichenko, [9] who decided to compare the Russian Empire with other empires of modern times on this little-explored aspect - the number of the imperial army and the bureaucracy. He presented informative tables, where the data on Turgay region are included; in particular, how many officials are there on the population, namely 452845 people, lived in 1897. In Turgay region and the number of officials was 69. Velichenko emphasizes that the least number of officials was precisely in Turgay region (1:6563). He compares not only the absolute numbers, but also regionally specific, and the proportion of the army and the bureaucratic apparatus of the total population. As a result of comparison of the relative values Velichenko comes to conclusion that in fact, in the Russian Empire number of officials was less than in European countries. In other words, contrary to popular belief that Russia is a realm of bureaucracy, the Russian empire was in fact "undergoverned".

The ratio of officers to population in Russia is close to the proportions typical of some of the colonial possessions of Britain and France at the time. The study indicated that in the provinces of the Great Russian governorship there were even less officials than in some of the non-Russian border regions, such as Poland. In this article as well as in a number of other articles on this topic, Velichenko expresses some interesting hypotheses about the role of such "undergovernment" in the political process, including the national movements. [10] One of the first research that addresses such problems, was taken by Michael Stanislavsky, who dedicated his efforts to the work of the administration of the radio of the Russian Empire to end the special position and the "alienation" of the Jewish people - the Jews by calling for military service, efforts to convert them to Christianity, and an official ban on the activities of the Jewish community institutions - that eventually led to the formation of the Russian-Jewish intellectuals and gave a powerful impetus to the development of Jewish education in Russia. [11]

In the second half of the XVIII century, the Russian government pursued a policy of recognizing the Islamic clergy in the Volga region, and particularly institutionalization of this policy through the creation of Mohammedan Spiritual Assembly served as a powerful stimulus that prompted the enlightened Muslim community to rethink the historical identity of the local Muslim population, it is expressed in writing historical writings, where the origin Muslim population in this region is associated with the adoption of Islam by medieval Bulgars. [12 p.52]

American scientist P.Vert holds examples of research made by historians Virginia Martin and Adeeb Khalid, who contributed a lot to the formation of the identity of non-Russian peoples of the Empire. V.Martin considered the transformation of judicial practices of nomads (adat) in the context of Russian law. It showed that the Kazakhs who are faced with ever increasing resettlement of peasants in the steppe and the attempts of the administration to distribute among the nomads more modern, civilized legal relations, adapted its jurisprudence to the new environment at the same time adapting the structure imposed on them so that they match local needs. [12 p.266-287].

Adeeb Khalid, having studied Muslim Cultural Reform in Central Asia showed that the colonial intervention (which brought with it new forms of cultural production and communication, new means of communication, ethnographic and epistemological category system) played a central role in the origin of cultural reform, national ideology and quest for knowledge among the intellectual elites of Central Asia. [12 p.228-265]

Thus, the analysis of foreign historiography reveals the necessity in more complex investigation of the

following problems: which way the behavior and activities of the Kazakh people of the XIX-XX c. affected the process of formation of power structures and which factors affected the formation of the Kazakh people's identity

1. Torke H. *Des russische Beamtentum in der erstehalfte des 19 Jahrhunderts.-Sonderdruckaus Forschungen des Osteneneuropischen Geschichte. Bod 13. Berlin, 1967.*
2. Riggs F.W. *Administration in developing countries: The theory of prismatic society. Boston, 1964. XVI.*
3. Raeff M. *Introduction // Plans for political reform in imperial Russia. 1730-1905. Englewood Cliffs. - 1966. p.1-39*
4. Raeff M. *Imperial Russia, 1682-1825. The coming of age of modern Russian. N.Y., 1974.*
5. Raev M. *Understand the pre-revolutionary Russia. State and Society in the Russian Empire. London, 1990.*
6. Gregory L. Freeze *"Estates (soslovie) paradigm and social history of Russia."*
7. Thomas Barrett in *"Lines of Uncertainty: The North Frontier of Russia"*
8. Andreas Kappeler. *Russia - a multinational empire. Occurrence. History. Decay. (translated from German C. Hearts). - Moscow: 2000. 344p.*
9. Velychenko S. *The number of the bureaucracy and the army of the Russian Empire in Comparative Perspective. The Russian Empire in Western literature. Anthology. - M.: 2005. 54-69p.*
10. Velychenko S. *Identities, Loyalties and Service in Imperial Russia: Who Administered the Borderlands? // Russian Review. Vol.54 (April 1995). № 2. p.188-208.*
11. Stanislawski, Michael. *Tsar Nicholas I and the Jews: The Transformations of Jewish Society in Russia, 1825-1855. Philadelphia: The Jewish Publication Society of America, 1983.*
12. Werth P. *From the "resistance" to the "subversion": the power of the empire, resistance of the local population and their interdependence. The Russian Empire in modern foreign literature: Antology. Prep. A.I. Miller, P. Vert, P.S. Kabytov. M.- 2005. 52p.*

#### **Түйін**

Берілген мақалада шенеуніктердің XIX-XX ғасырдағы қалыптасу мәселесіне шетел зерттеушілердің көзқарасы көрсетіледі. Мақала авторы мәселенің шетелдік тарихнамасына талдау жасайды.

#### **Резюме**

Данная статья посвящена степени изученности проблемы формирования чиновничества. Автор статьи проводит анализ зарубежной историографии вопроса.

## **ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ**

### **АБАЙ МЕН АЛАШ АРЫСТАРЫ**

**Мұқатова Д.М.** – т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Тұлғатану» орталығының директоры,  
**Ізтілеуова С.Д.** – ф.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Тұлғатану» орталығының  
жетекші ғылыми қызметкері

Абайдың шығармашылығын түсініп, оларға өте жоғарғы баға бергендердің алдыңғы сапында Алаш арыстары тұр. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов сынды қазақ мәдениетінің озық өкілдері Абайдың өлең өрнектеріне тәнті болып, қара сөздерінің пәлсафалық мәніне қайран қалады. Олар Абай шығармаларының қазақ халқымен бірге өмір сүретіндігіне сенім білдіріп, оның қайталанбас классикалық мән-мағынасын атап көрсетеді. Алаш арыстары Абайдың ақындық өнерін, шығармашылығының терең әлеуметтік мазмұнын өздеріне үлгі-өнеге етеді. Абай поэзиясын бүкіл қазақ халқының рухани ұстазды деп бағалайды. Олар өздеріне төнген қауіптерге қарамастан Абай мұрасын қазақ жұрты арасында насихаттауға ат салысады.

Алаш арыстарының Абайға қатынасы жайында белгілі абайтанушы Қайым Мұқамедханов: «Әлихан 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде Абайдың өмірбаянын жариялап, соған орай: «Оригинальные сочинения Абая и его переводы из Пушкина (отрывок из «Евгения Онегина»), Лермонтова и Крылова собраны его сыном Турагулом и в непродолжительном времени будут изданы Семипалатинским Подотделом императорского русского географического Общества под редакцией А.Н. Букейханова», - деп жазады /1/. Бірақ жинақ Ә.Бөкейхановтың тұтқынға алынуына байланысты шықпай қалады.

1908 жылдың сегізінші қаңтарында Ә.Бөкейханов тұтқынға алынады. «1906 г. января 10 дня г. Павлодар. Мне, мировому судье 2-го участка, при посещении сего числа тюрьмы, арестованный по шифрованной телеграмме ротмистра Рутланда из г. Омска, Алихан Нурмухамедович Букейханов, содержащийся в Павлодарской тюрьме, заявил, что он просит освободить его из под стражи на поручительство или под залог, а также просит принять меры к сохранению рукописи на киргизском языке, имеющейся в арестованном у него портфеле, содержащей стихотворения, так как она оценивается в 5. 000 рублей. Стихотворения эти принадлежат киргизкому поэту Кунанбаеву». Демек түрмеде жатып Бөкейханов өз тағдыры емес Абай өлеңдерінің тағдырына алаңдайды. Оның өте құнды екендігін түрме басшыларына ескертуге тырысады.

Яғни, жоғарыдағы Қайым Мұхаметхановтың деректеріне қарасақ, Ә.Бөкейханов 1913 жылы жазылған мақаласынан бұрын Абай шығармаларымен таныс болғандығына көз жеткіземіз. Ол Абайдың ұлттық деңгейге көтерілген дана ақын екендігін халыққа ұғындырады. Әлихан Абай туралы мақалалар жазып оның ақындық өнерінің терең көркемдік және мазмұндық мәні бар екендігін айтады. Осымен қатар Бөкейханов Абай туыстарымен және шәкірттерімен бірлесе отыра Абай мұрасын насихаттауға ат салысады.

Қазіргі әдебиеттануда бар деректерден Абай шығармашылығын насихаттауда, шығаруда Шәкәрімнің істеген қызметі туралы көп айтылмаған. Алайда Шәкәрімнің Алаш арыстармен өте жақсы қатынаста болғандығы анық. Демек Шәкәрім олармен бірге Абай мұрасын насихаттауға ат салысқан. Себебі Шәкәрімнің аты заманның қыспағына байланысты алынып тасталынып отырғанға ұқсайды. Бұл жөніндегі деректерді Әрхамқызы Мінәштің «Абай» журналының 1995 ж., №1-2сандарында басылған «Кәкітай» атты мақаласынан байқауға болады. Абайдың жылына дайындалып, Тұрағұлдың, Шәкәрімнің, Кәкітайдың Семейге барғандығы, онда Ә.Бөкейхановпен кездесіп, сұхбаттасқандықтары жайында айтылған. Яғни Шәкәрім Абайдың мұрасының жарыққа шығуына себепкер болып, жинақталуының бел ортасында жүрді деуге осы естеліктегі деректер негіз бола алады.



Шәкәрім Құдайбердіұлы Әлихан Бөкейхановпен аса жақсы қарым-қатынаста болғаны белгілі. Ол екеуі 1902 жылы Түркістан құрылтайына арнайы шақырылып кездескен. Сол кездесуде олар Абайдың мұрасын халық арнасында кең тарату мәселелерін ақылдасқан. Бұл байланыс туралы белгілі тарихшы Ерлан Сыдықов, - “Әлихан мен Шәкәрімнің арасындағы туыстық байланысқа келсек, олар тобықты Мамай батырдан тарайтын Дулат батырдың қыздары – аналары Бекжан мен Бошантай жағынан бір-біріне аталас туыстар еді. Алайда оларды ерекше жақындастырған ортақ рухани байланыс Абай мұрасы еді”, - деп жазады./3/ Ә.Бөкейханов өзінің Абай мұрасымен байланысы туралы « ...1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басындар деп балаларына хат жаздым. 1905 жылы апрель аяғында Кәкітай Абайдың жазба кітабын алып, Омбыдағы маған келді. 1905 жылы жазғұтырғы саясат ісі не екенін біздің «Қазақта» оқығандар білер. Кәкітай біздің үйде бірер жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мээ-мәйрәм болдық. Анық таныстық» – деп жазады. Ары қарай осы мақалада: «Мен осы шартпен 1908 жылы Семей келдім. Мен Семейде абақты борышын күтіп жүргенде Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл әдейі келіп, тағы біраз күн көңіл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанда олар тағы келіп амандасқан. Бұған өзге қазақ жарамады-ау деймін. Мен абақтыдан шыққан соң, бір түн Қаражан үйінде бір болып, мені Қарқаралыға Омарбек, Кәкітай шығарып салып, хош айтысқан жерде, құшақтасып жылады. Жауға бел бермеймін деп, қарысып, тістеніп, буындырған құсаны сыртқа шығармадым. Бекер жыламаған екенмін, тастан қатты деп ойладың ба? Есіл ер шырақтарым-ай! Сонан бері Омаш, Кәкішті көргенім жоқ. Арманды кестелеп жазуға қалам шіркін шорқақ!» /4/. Осы деректер тарихи тұлғалардың қарым қатынастарын және олардың Абай мұрасын халыққа қажет екендігін біліп, сол жолда аянбай еңбек еткендігін байқауға болады.

Абайдың ақындығына ерекше жоғары бағаны Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынов та береді. Абай өзінің артынан ерген ақын шәкірттерін ақындық өнерді терең меңгеруге шақырады және үйретеді. Сондықтан Абай ақын шәкірттерінің әрбір өлеңіне байыппен қарап, ақыл-кеңесін беріп отырған. А.Байтұрсынов бір мақаласында Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңіне пікір айтып, талдау жасайды.

Ол “Қазақтың бас ақыны” деген мақаласында: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.» /5/.

Абай туралы өз пікірін Ахмет Байтұрсынов төмендегідей жалғастырады: «Қазақтың бас ақыны» мақаласында: «Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығаныңда көз алдында сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп, елестейтіні жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайы-шылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Европа бәләм иесілерінің кітаптарын оқыған.» 1913-жылы жазылған бұл мақаланың алдында Абай мұрасын жарыққа шығаруға жанашырлық танытып, қамқорлық жасайды.

1914 жылы «Қазақ» газетіне Міржақып Дулатовтың «Абай» атты мақаласы жарық көреді. Міржақып Дулатов: «1904 жылы июнь жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше, Абай өзі өлеңінің басылып шығуын тілемейді хәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып Абайға беремін, танысамын хәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», -деп Ахметке Абайды көруді нәсіп болмады: Абай өмірі күзге жетпей, сол июньнің 23-інде опат болды.

1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде хәм онан кейін Семейдегі географический обществонның шығарған бір кітабында (Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического Общества. Выпуск III. Семипалатинск, 1907 г.) Ғалихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды хәм кешікпей кітабы да басылатынын да білдіріп еді. Бірақ тез шықпады, 1909-ншы жылы Абайдың балалары хәм інілерінің ризалығы хәм Ғалиханның ыждахатымен Абай кітабы Петербургта Буреганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы.»(6).

Тарихи деректер көп шындықтарды осылай жария етеді. Міржақып Дулатов бұл мақаласын Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына байланысты жазады. Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов Абай-

дың ұрпағы Тұрағұлмен тікелей байланысып, ниеттес, тілектес, достық қатынаста болады. 1917 жылы Алаш партиясының Семей облыстық комитетінің мүшесі болады. Тұрағұл Максим Горькийдің «Челкаш» атты әңгімесін қазақ тіліне аударды. Неворовтың «Я хочу жить» деген шығармасын «Мен өмірге жерікпін» деп аударды. Бұл еңбектері шамамен 1925 жылдары жарыққа шыға бастайды. Әкесінің қасында болып, терең тәрбие алған Тұрағұлдың айрықша еңбегі «Әкем Абай туралы» деген естелігі. Тұрағұл: «Менің әкемнің биографиясына, керекті сөздерді жинамақшы болған азаматқа, менің әкемнің жалпы әдепті мінезін, салтын көрсетуге замандасының бір жолыққандығы қалпын, түрін, киген киімін, отырған-тұрғанын, сөйлеген сөзін, қуанған не ашуланғанын жазбағын қажет екен. Менің әкемнің замандасында қаламға үйір, көргенін-білгенін қағазға түсіре білері аз болған соң, амалсыз өзім жазбақты мойныма алдым. Әйтпесе, әкесінің әдет-ғұрпын баласы жазбағы менің білуімше солақай секілді.» (7)

Тұрағұл әкесі туралы шынайы естелік жазып, оның шығармашылығы жайлы да көп деректер береді. Шәкәрім мен Тұрағұлдың арасындағы қарым-қатынас айрықша болған. С.Мұқановтың мұражайынан табылған Шәкәрімнің суретінің сыртында «Любезному брату Тугрулу Ибрагимовичу на добрую память от Шаһкарима Худайбердина. 15 февраля, 1912г.» деген және араб әрпімен жазылған «Сүйікті бауырым Тұрағұл Ибраһим марқұм ұлына ұмытпас белгі үшін Шаһкарим Құдайбердіұлынан, 15 февраль, 1912 жылы», - деп жазылған.

Абай мұрасының қазақ арасында кең таралып, насихатталуына Алаш арыстармен жақсы қарым-қатынаста болған Шәкәрімнің еңбегі зор болды деп есептейміз. Әлихан, Ахмет, Міржақып барлығы да Шәкәрімнің терең білім мен, дарынды ақын екендігін түсінген. Шәкәрімнің қазақ жұртшылығына Абай шығармаларының мазмұның, мәнін және ерекшеліктерін түсіндіріп береді деп сенім білдірген.

Тұрағұл естелігінде: «Әкем айтып отырушы еді: қайғы жас жүрекке қатты батады екен, Бәкемнің өліміндей қатты батқан өлім көрмедім деп, (Құдайбердіні Бәкем деуші еді). Мағауияның өлгендегісін өлшеп айтқан жоқ. Оспан мен Ғабдрахманның өлімін өлшеп айтып еді. Сқақтың үш сайлауынан кейін, Бәкемнің орнына беремін деп, жиырмадан жаңа асқан Шаһкәрім қажыны болыстыққа байлатыпты. Шәкәрім қажы болыс болған соң астыртын ел құрып, әркіммен анттасыпты. Келесі сайлауда Оспанды сайламақ болған екен, оған елде, Шәкәрім қажы да қарсы болып, барлық адал деп әкесі үлкен қажының айтқанына бұрылмай сеніп жүрген достары, құрдасы бұзылып, Күнту дегенді болыс сайлаған жерде бірақ біліпті.» (212 бет.) Тұрағұлдың естелігінде Абай мен Шәкәрімнің арасындағы туыстық байланысты, Абайдың ықпалын аңғарамыз. Бұл естелікті Абайтануға, Шәкәрімтануға үлкен мәлімет беретін дерек көзі деп есептеуге болады. Тұрағұл: «Мен әкемнің аузынан шыққан сөзді пайғамбардың аузынан естігендей сеніп, адам болады екенмін деп, сол жылғы бастығымыз Шаһәрім қажы болып, ақиқат олай емес, былай деп таласып жататұғын саналы шәкірттің қатарында болдым.» (8)

Абайдың ақындық мектебінде Абайдың немересі Мағауияқызы Уәсиләнің естелігінде: «...балалардың ойы, дүниетанымы кемсін болады деп, молдаға айтып өзінің «Ғақлиясын» бағдарламаға енгізген ғой»- дейді. Яғни Абай ғақлияларының шәкірттеріне дәріс ретінде оқытылып, Шәкәрім бастап, басқалары қостап, ақиқат олай емес, бұлай деп дауласуларын Тұрағұл естелігінде жазған деректер «ақындық мектепте» Шәкәрімнің өз орны болғанынан хабардар етіп тұрғаны сөзсіз.

Абайдың «ақындық мектебінің» ірі өкілі ретінде Шәкәрімнің озық шәкірт ретінде сол шәкірттердің алды, басшысы болғандығын Тұрағұлдың естелігі айғақтап тұр. Сол мектеп жайлы дереккөздерден Абайдың ұстаз ретінде болашаққа көз жіберіп, талантты, озық ойлы, Шәкәрімді шыңдалтып, қанатын жайып, шығармашылық биік деңгейге дайындағаны көрініп тұр.

Шәкәрім мен Абай арасындағы қарым-қатынастар, ұстаз бен шәкірт, аға мен іні арасындағы туыстық байланыстар біртіндеп шығармашылық әріптестікке ұласты.

Екі ойшылдың туыстық байланысын және шығармашылық лабораториясын ашу қызық та күрделі зерттеулерді керек етеді. Екеуінің әрбір шығармасының жазылу тарихын мен себептерін біліп зерттеп, солардың хронологиялық реттерін білуіміз қажет. Шәкәрім: «Абай қазақ шежіресін жаз деп, 19 жасымнан қазақ шежіресін жинай бастадым. Абайдың ұқтыруы және сол кісінің ел-елге кісі жіберіп, хат жазып жинатқан мәліметтері де шежіреде бар», - дейді. Нәтижесінде 1911 жылы «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» басылып шығады. Шәкәрім: «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып, және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тауари тарих ғұмуму», «Тауарих ғұсмани», Нажип Ғасымбектің түрік тарихы және әр түрлі кітаптардан алынған сөздер. Орысша кітаптардан оқығаным — Радловтың ұйғырлар туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатғу білік»... деген кітаптарының сөзі. Және қытайдың Юан-Ми-Ши деген жазушысының сөзі және араб, фарсы, рум,

Европа жазушыларының сөзі», - дейді. Абайдың тапсырмасымен шежірені жазу үшін көп ізденіп, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, зор еңбек етеді. Абайдың әдеби мектебінің ірі өкілі ретінде қалыптасқан Шәкәрімнің 1879 жылдар мен 1904 жылдарда жазған өлеңдерінің негізі 1912 жылы «Қазақ айнасында» жарық көреді.

Шәкәрім қажы: «Мен пақыр, өз әкем өткен соң, Хажы мархұмның тәрбиесінде қалсам да, бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғандықтан және Хажы мархұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан махрұм (бос) қалып, ойыма не келсе, соны істеп, әдепсіз, ғылымсыз өстім. Сүйтсе де, түркі танып, орысша хат танып қалдым.

-Мұнан кейін – әкеміздің бір шешесінен туған – Ибрахим мырза қазақ ішінде – Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша, әм орысша ғылымға жүйрік, әм алланың берген ақылы да - бұл қазақтың бөлек, дана кісі еді.

Ержеткен соң, сол кісіден тағылым алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, азғана ғылымның сәулесін сездім.

Ибрахим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадыры азырақ білінді. Олай болмағанда, Дәнішпан, Ғұлама, Философ кісі еді. Қор елде туды да, қор болып өлді. 1904 жылы, июнь айында 60 жасында өтті. Алла баршасының рухына рақмет қылсын!»

(Шәкәрім шежіресінің Абайдың қорық-музейінде сақтаулы түпнұсқасынан)

Шәкәрім Абайдан тағылым алып, насихатын тыңдағанын өзі осылай баяндайды. Осы дерек көздер Абай мен Шәкәрім арасындағы туыстық және рухани байланыстың айғағы.

«Ержеткен соң, сол кісіден тағылым алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, азғана ғылымның сәулесін сездім» - деп, Абайдың рухани ұстаздығын Шәкәрім осылай баяндайды.

Абайдың тәрбиесін, тағылымын алып, шығармашылық деңгейі ұстаз көрсеткен биіктіктен табыла білген шәкірт Шәкәрім қомақты туындылар бере білді.

Жоғарғы айтылған Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен қызметтері туралы үзік-үзік деректерден олардың Абайдың шығармашылығына ерекше ден қойғандығын көреміз. Олар Абайдың ең жақын туыстармен жақсы қарым-қатынастарда болып, ұлы ақынның шығармашылығының жариялануына көмектеседі. “Қазақ” газетінде “Айқап” журналында Абайдың дарынды ақын – шәкірттерінің де шығармаларын жариялайды. Абайдан кейінгі қазақтың белгілі ақынына айналған Шәкәрім де Алаш арыстармен тығыз шығармашылық қатынаста болуға ұмтылды. Алайда Кеңес жүйесінің репрессиялау саясаты Абайдың ақындық мектебінің өкілдерінің Алаш арыстармен өзара тығыз байланыста болуына мүмкіндік бермеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы Алаш қайраткерлермен танысып, сыйласып, шығармашылық қатынастар орнатуды қалады. Олардың ортақ мақсаты – Абай мұрасын қазақ халқына неғұрлым кең көлемде насихаттау болды. Олар Абай арқылы қазақ жұртын жаманшылықтардан сақтап, білімге, ғылымға, өнерге бастауды арман етті. Абай қайтыс болғаннан кейін Алаш арыстары оның шығармаларын оқуға және қазақ халқына таратуға ерекше деп қойды. Абайдың тұңғыш кітабының жарық көруінде Әлихан Бөкейханов көп қолғабыс тигізіп, ақыл-кеңістерін берді. Алаш көсемдері Әлихан, Ахмет, Міржақып Абайдың соңына ерген ақын шәкірттерінің де шығармашылығының шындалуына үлес қосуға ұмтылды. Абай мұрасын насихаттау барысында Алаш арыстары мен Абай шәкірттері қазақтың ұлттық мүдделерін бірге ұлықтайтын дәрежеге көтерілді.

1. Государственный архив Омской области. фонд. 270, опись 1, дело 200, лит. 10 // Абай. 1992. №3. 12 б.

2. Қараңыз. // Абай. 1992. №3.23 б.

3. Сыдықов Е. Шәкәрім Алашорда мүдесінен тым алыс кетпеген // Аңыз адам. 2011, №16. 33 бет.

4. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Қазақстан, 1994. – 273 бет.

5. Бас мақала // Қазақ, 1914. 23 шонь. №67.

6. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. Алматы: Дәуір, 1993. 202б.

7. Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. – Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. Алматы: Дәуір, 1993. 206 б.

8. Мұхамедханов Қ. Шәкәрім. // Шәкәрім әлемі. 2006. №3. 16 б.

### Резюме

В статье рассматривается деятельность выдающихся лидеров движения Алаш по изучению и пропаганде духовного наследия Абая Кунанбаева. Также показывается их взаимоотношения с представителями поэтической школы Абая.

### Summary

The article considers the activities of the prominent leaders of Alash movement for the study and promotion of the spiritual heritage of Abai Kunanbayev. It also shows their relationship with the poetic school of Abai.

## ФОМА АКВИНСКИЙДІҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ ІЛІМІ

**Мырзабекова Р.С.** – *т.ғ.к., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті*

Батыс Еуропа тарихында орта ғасырлар кезеңі ұзақ ғасырларды қамтиды (V–XVI ғғ.). Экономикалық құрылым, әлеуметтік топтардың арасындағы қарым-қатынас, мемлекеттік тәртіп және құқық институттары, ортағасырлық қоғамның рухани ортасы, батысеуропалық ортағасырлық қоғамның әлеуметтік және саяси-заңдық идеяларының бағытына ықпал етті. Батыс Еуропадағы саяси және құқықтық ілімдер, ортағасырлар кезеңінде үнемі өзгерістерге ұшырап отырды. Әлеуметтік-экономикалық және феодалдық қоғамның саяси жүйесіндегі өзгерістер, өз кезегінде мемлекет пен құқық туралы ой-пікірдің эволюциясын қалыптастырды. Ортағасырлық қоғамның саяси идеологиясын қалыптастырушы Рим Папасының басқаруындағы католик шіркеуінің идеяларымен саяси ой-пікір тығыз астасып, шіркеу идеяларының негізінен алшақ кетпеуі қажет еді.

Саясаттану ғылымның даму кезеңдері - саясатты саналы түсінудің алғашқы тарихи түрі. б.э.д. II мыңжылдықтарда пайда болды, алғашқы саяси түсініктер мен ұғымдар, кейінірек саяси тұжырымдар қалыптасты. Бұл бірінші кезекте [Конфуций](#), [Платон](#), [Аристотель](#) еңбектерімен байланысты. Келесі кезең орта ғасырдағы саяси биліктің теологиялық теориясымен байланысты болды да, әлеуметтік саяси [ой](#) діни қайраткерлер күшімен дамытылды, шіркеу мемлекет пен саясатта басым рөл атқарды. Бұл кезең [М.Августин](#), [Ф.Аквинский](#) еңбектерімен танымал.

Ортағасырлық Еуропаның саяси және рухани өмірінде гүлденудің ең жоғарғы шегіне Рим папасының саяси институты XIII ғасырда қол жеткізді. Осы уақытта схоластикада адамзат санасының сенім құралын бағыттауға негізделген католиктік теология жүйесі қалыптасты. Схоластика жүйесінің қалыптасуында үлкен еңбек сіңірген доминикандық монах, дінтанушы ғалым – Фома Аквинский (1225-1274 жж.). Фома Аквинский шығармалары ортағасырлардағы шіркеулік идеологияның энциклопедиясы болды. Аквинский шығармаларында өзге мәселелермен қатар, мемлекет, заң, құқық мәселелері де қамтылды. Мысалы, аталмыш мәселелер 1265-1266 жылдары жазылған «Билеушілердің басқаруы туралы» шығармасы мен 1266-1274 жылдары жазылған «Теология жинағы» шығармасында көтерілді [1].

Мемлекет – белгілі бір аумақтағы және ондағы тұрғындарға жүргізілетін саяси биліктің ұйымдастырылуы, оның арнаулы басқару аппараты, барлығына тиісті заңдарды қабылдап, ішкі, сыртқы мәселелерді шешуде дербестігі бар саяси жүйе. Мемлекеттің пайда болуы мен мәні туралы саясаттануда бірнеше теориялар, концепциялар бар. Солардың ішінде теологиялық концепция өкілдері А.Августин, Ф.Аквинский, мемлекеттің пайда болуын «күдайдың күдіретімен» түсіндіреді. «Барлық билік – күдайдан» дегенге негізделеді [2]. Теологиялық концепция өкілдерінің пікірінше, «Билеушіге күдай ілімін тарату, зұлымдық жасаушы жауларды жазалау және адамдардың діни жолмен өмір сүруі үшін жағдайлар жасау міндеттері жүктелген» [3].

Дінтанушы ғалым Аристотель өз көзқарасын католик шіркеуінің догматтарына бағыттап, шіркеу позициясын күшейтуге тырысады. Фома Аквинскийдің мемлекет туралы көзқарасы, Аристотельдің «Саясат» шығармасының мазмұны негізінде мемлекеттің христиандық доктринасын дамытуға деген ұмтылыс болып табылады [4].

«Адам табиғатынан араласуды қажет етегін, саясиленген жануар» пікірін Аквинский Аристотельден қабылдаған. Индивид жеке жүріп өзінің қажеттілігін қанағаттандыра алмайтындықтан, адамдардың бойында бірігіп, мемлекетте, қоғамдастықта өмір сүру ұмтылысы басым екендігі түсінікті. Осындай қажеттілік саяси қауымдастыққа – мемлекетке итермелейді. Ф.Аквинский, «Мемлекеттілікті қалыптастыру процедурасы күдайдың әлемді жаратуымен ұқсас құбылыс», - деп көрсетеді [5]. Себебі, монарх мемлекетті билеу үшін, оны дұрыс жолмен қалыптастыруы қажет. Ф.Аквинский пікірі бойынша, мемлекеттіліктің мақсаты – «ортақ игілік», лайықты, саналы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету [6].

Мемлекеттік биліктен шіркеудің рухани үстемдігі идеясы ірі католиктік теолог Фома Аквинскийдің еңбегінде одан әрі дамытылды. Негізгі еңбегі «Теология жиынтығының» бір бөлімін арнайы заңдарға

арнап, саяси көзқарастарын «Билеушілердің басқаруы туралы» еңбегінде жарияласа, Ф.Аквинскийдің ұстазы Аристотель «Саясат», «Этика» шығармаларының комментарийлерінде жариялаған [7]. Саяси этика мәселелерімен қатар, мемлекет, заң, құқық мәселелері де авторлар еңбектерінен орын алды.

Аристотельді терең зерттеген Фома Аквинский, өзге саяси басқару формалары – аристократия, олигархия, демократия, аралас басқару формасы туралы да өз концепцияларын жариялады. Аквинский, бұлардың ішіндегі ең дұрысы монархия деп есептеді. Ол монархияның екі түрін бөліп көрсетті: абсолюттік монархия, саяси монархия. Алдыңғысымен салыстырғанда, Аквинскийдің ойынша, екіншісінің артықшылығы мол. Себебі, «бұл жерде ірі феодалдар (зайырлы, рухани) басым роль атқарады. Мемлекет басшысының билігі, бұл жерде заңнан туындайды да, заң шеңберінен шықпайды» [8].

XIII ғасырда Батыс Еуропада іске асып жатқан феодалдық-сословиялық өкілеттілік монархия, қоғамдық тарихи өзгерістердің қалыптасуының негізі болды. Себебі, кез-келген діндер сияқты христиандықтың негізін де діни этика құрайды. Ал діни этиканың негізін «жауапкершілік» түсінігі қалыптастырады. Бұл жерде қарым-қатынастың нормасы жеке тұлғаның адамға, жалпы адам институттарына, құдайдың заңы ретінде көрсетілуі құрайды. Аквинский, «заң» категориясын саяси жағынан қалыптасқан, қоғамға қатысты, ерекше теория ретінде қалыптастырды. Ф.Аквинский тек схоластика тәсілімен Рим Папасының мүддесі мен феодализмнің ұстанымдарын қорғауға тырысса, бірқатар қиыншылықты тудыратын еді. Мысалы, «Барлық билік құдайдан» тезисін логикалық тұрғыда түсіндірсе, билеушілердің мемлекетті басқаруға деген абсолюттік билік құқығын кеңейеді, бұл өз кезегінде римдік католиктік шіркеудің саяси амбицияларына қарсы болар еді. Сондықтан, рухани биліктің зайырлы биліктен үстемдігін көрсетіп, клирдің мемлекет ісіне араласуының заңдық негізін қалыптастыру үшін, Ф.Аквинский мемлекеттік биліктің үш белгісінің арасындағы айырмашылықты көрсетті. Бұл айырмашылықтар - негізі, түрі немесе шығу көзі және қолданылуына байланысты жіктелді.

Аквинский бойынша, билік негізі – билеу мен бағыну қатынастарының тәртібі. Иерархияның жоғарғы сатысында тұрғандар, төменгі сатыдағыны бағындырады. Бұл тәртіптің негізін «құдай қалаған», - деп есептейді[9]. Осылайша, билік өзінің шығу негізін құдайдан алып отыр. Сондықтан ол - жақсылық, қайырымдылық және игілік. Ал билікке қол жеткізудің тәсілдері, құрылымы әділетсіз болуы мүмкін. Билік басында отырған адамның, қолындағы билігін асыра пайдалану мүмкіндігін де Аквинский жоққа шығармайды. Яғни, биліктің екінші және үшінші белгілерінің шығу көзі «құдайдан емес» екендігін көрсетеді[10]. Бұндай жағдай, билеуші билікке әділ жолмен келмеген жағдайда немесе әділетсіз билік еткен жағдайда орын алады. Егер бұндай әділетсіз жағдай орын алатын болса, құдайдың өсиетін және жердегі Христостың ықтиярын білдіретін жалғыз билік римдік-католиктік шіркеудің әмірін мойындамау болып табылады.

Билеушінің іс-әрекеті құдайдың еркінен тыс кетіп, шіркеу мүддесінен алшақтаған жағдайда, құдай заңы мен негізін қалаған моральдан алшақтап, адамдардың рухани өмір аймағына еніп, шексіз салықпен қарапайым халықты тұншықтырған билеуші тиранға айналады[11]. Тиран тек өз пайдасы мен өз мүддесін ойлап, халықтың мүддесі ұмыт қалатындықтан, заң мен әділдікті мойындамайтындықтан, халық оны тақтан алып тасауы мүмкін, - дей келе, Фома Аквинский тираниямен күрестің тәсілдері мен жолдарын көрсету шіркеу мен Папаның үлесі деп есептейді.

Тиранияны Аквинский биліктің ең дұрыс жолы деп есептейтін монархиядан бөліп қарастырады. Ол монархияны екі себепке байланысты дұрыс деп есептеді: біріншіден, құдайдың әлемді жаратуына ұқсас, адам организмі сияқты әртүрлі бөліктері бір санаға бағынады деп көрсетеді. Екіншіден, телологтың ойынша, көпшілік емес, жалғыз адам билеген жерде жетістік болады.

Фома Аквинский көзқарасы бойынша, барлық заңдар бір-бірімен субординация жіптері арқылы байлаулы. Заң пирамидасы – универсалды нормалар, құдайылық сананың ортақ қағидалары. Мәңгілік заң құдайдан, ол өзімен-өзі өмір сүреді, одан барлық заңдар туындайды. Ең алдымен, ол табиғи заңдылық. Табиғи заңдылық өзін-өзі сақтауға, ұрпақ жалғасыруға, адамдардың қадір-қасиетін сыйлауға міндеттейді. Оны іске асыру үшін, адамдарды жаманшылықтан қашуға үйретеді. Адам заңдылығының нормалары әр елде әртүрлі болады [12]. Аквинскийдің бұндай ойлары рим заңгерлерінің қағидаларына ұқсас.

Фома Аквинский – схолистиканың ірі өкілі бола отырып, христиан идеологиясын қатаң формаға келтірілді. Догмалық, формалдық ілімнен – қасиетті жазбалардың ресми мойындалған беделіне негізделген ілім жасалды. Философия діни ілімнің қызметшісіне айналды. Кез-келген діни көзқарас сияқты, Фома Аквинскийдің ілімі «дүниенің негізін салған құдай» деген идеяға негізделген [13]. Ол католиктік теология мен философияны синтездеп, заңдар теориясын жасады.

Фома Аквинский заңды төртке бөлді: мәңгілік заң, табиғи заң, адамдық заң, діни заң. Мәңгілік заң – ең жоғарғы заң. Ол құдай даналығы және ол бүкіл дүниедегі іс-әрекеттерді басқару құралы; табиғи заң – бұл жер бетіндегі адамдарға түсірілген заң, мәңгілік заңның адам ақылындағы көрінісі. Табиғи заңдарға қоғамдық өмір заңдары, өзін-өзі сақтауға және ұрпақты жалғастыруға тырысуы жатады; адамдық заң –

табиғи заңды талап ету және оны күшпен енгізу, тұрақтандыру. Адамдар күнәһарлықтың нәтижесінде ерікті, адамдық заң жер бетіндегі адамдарды зұлымдық пиғылдардан арылту үшін, бейбітшілікті сақтау үшін қажет деп көрсетеді; діни заң – мәңгілік заңның бір бөлігі, яғни өсиет пен парыздар жиынтығы. Үш заң: діни, табиғи, адамдық заңдар – мәңгілік заңға апаруы тиіс. Концепцияның мәні – адамдық заң бастапқыда құдайдың даналығы және еркі арқылы пайда болған, сондықтан феодалдық заңды (адамдық заңды) бұзған адамды күштеу, жазалаумен бірге, бұл – құдай даналығына қарсы шығу – ауыр күнә болып табылады [14]. Фома Аквинский Аристотельдің «адам саяси тірі жәндік» деген пікірін пайдаланды. Жалғыз адам өз мұқтаждығын, қажеттілігін жеке-дара қанағаттандыра алмайды. Мемлекеттік биліктің мақсаты – «ортақ игілікке», адамдарға лайықты өмір сүруге жағдай жасау.

Фома Аквинскийдің ойынша билік құдайдың құдіретімен орнайды, алайда оның нақты формалары құдай еркіне қайшы болуы мүмкін: билеушілер Христос өсиеттерін, әділеттілікті, жалпы игілікті ұмытады [15]. Бұндай жағдайда күнәһар билікке шіркеудің қарсылық білдіруге құқығы бар. А.Августин мен Ф.Аквинскийдің ілімдерін ортағасырлық католицизм мемлекеттік биліктен шіркеудің басымдығын, Рим папасының монархтарды тағайындауы және алмастыруға құқығын негіздеу үшін қолданды. Бұл идеялардың іс-жүзіне асуы мемлекеттік және шіркеулік билік арасындағы жиі соғыстарға әкелді.

Әдетте, саясаттанудың негізін қалаушы деп данышпан ғалым Аристотельді атайды. Өйткені ол өз заманында лицей ашып, сонда саяси ғылымды жеке пән ретінде оқытып, өзі жүргізді. «Саясат» деген еңбек жазып, онда ежелгі грек мемлекеттерінің (онда әрбір қала мемлекет болып есептелетін) саяси жүйесін зерттеді. Дегенмен, ұлы ғалым саясаттанудың пәнін қазіргі біздің — түсінігіміздей басын ашып бере алмады. Ол саясаттың негізі адамның өзіміз, хайуандық табиғатында жатыр деп ұқты [16]. Жеке адам көзсіз құмарлыққа берілгіш келеді. Сондықтан оның соқыр сезімін тежеп, жалпыға ортақ игілікке, әділеттілікке жетуді жеңілдету, адамның адамгершілік қасиетін арттыру үшін саясат жүргізу керек деп түсінді [17]. Сонымен қатар, ол саясаттану мәселелерін, философия мәселелерімен бірге қарады. Ал Фома Аквинский, ортағасырлық саясаттың діни-этикалық түрін, саяси билікті құдай орнатады, бірақ мемлекет басшылары құдайдың қалауына қарсы шықса, халықтың оларды құлатуына болады деген байлам айтты [18].

Қорыта айтқанда, жоғарыда аты аталған философтар мен теологтар өз заманының саяси ой-пікірінің негізін қалыптастырып, мемлекет, құқық, этика идеяларының озық үлгілерін қалыптастырып, саяси терминдер мен түсініктерге анықтама берді. Ф.Аквинскийдің көптеген саяси билік пен билеушіге қатысты пікірлері қазіргі қоғамның негізгі сұранысы болып табылатын демократияға жақын деп айтуға болады.

1. Фома Аквинский. Сумма против язычников: В 2-х кн. / Пер. с лат. – М.: Институт св. Фомы Аквинского, 2004. С. 57.
2. Фома Аквинский. Сумма теологш. Ч. I. Т. 3: Вопросы 75-119. / Пер. с лат., ред. и прим. С.И.Еремеева. - Киев: Эльга; Ника-Центр, 2005. С. 57.
3. Фома Аквинский. Сумма теологш. Т. 2 / Пер. с лат. - М.: Изд. С.А. Савина, 2007. – С. 65.
4. Аристотель: краткое введение/Джонатан Варне; пер. с англ. С.Х. Фрейберг. — М.: Астрель: АСТ, 2006. - 19.
5. *Theology of Thomas Aquinas. Edited by Rik Van Nieuwenhove and Joseph Wawrykow. Notre Dame (IN), University of Notre Dame Press, 2010, pb, 49 pp.*
6. Антисери Д. Реале Дж. Западная философия от истоков до наших дней. Античность и средневековье / В перевод и под редакцией С. А. Мальцевой. – СПб.: Пневма, 2001 г. – С. 37.
7. Аристотель. Метафизика / Пер с греческого А.В. Кубицкого – Ростов-на-Дону: Феникс, 2004 г. – С. 60.
8. Бессонов Б.Н. История философии. – М.: Высшее образование, 2009 г. – С. 78.
9. Грицианов А.А. История философии. Энциклопедия. Мн.: Книжный Дом. – 2002 г. – С. 59.
10. Губин Т.Ю., Филатов В.П. Философия. Учебник. - М.: ТОН - Остожье, 2001. – С. 74.
11. Жильсон Э. Избранное. Том I: Томизм: Введение в философию св. Фомы Аквинского – СПб.: Университетская книга, 2001 г. – С. 49.
12. Ковревская В.Е. Проблема бытия в философии Фомы Аквинского: диссертация. кандидата философских наук Рос. гос. гуманитар. ун-т (РГГУ) - Москва, 2009 г. С. 144.
13. Свежавски С. Фома Аквинский, прочитанный заново. – М.: МЦИФИ, 2000 г. – С. 21.
14. Соколов В.В. Средневековая философия. – СПб.: ЛКИ, 2010 г. – С. 35.
15. Столяров А.А. Понятие бытия и проблема сущности и существования/История философии. Запад-Россия-Восток. Книга первая. Философия древности и средневековья.- М.: Греко-латинский кабинет, 1995 г. – С. 304.
16. Татаркевич В. История философии. Античная и средневековая философия. – Пермь: Изд-во Пермского ун-та, 2000 г. – С. 48.
17. Перевезенцев С.В. Антология философии Средних веков и эпохи Возрождения. - М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2001. — С. 44.
18. Фома Аквинский. Сочинения. Выпуск 2. – Челябинск: Билингва, 2010 г. – С. 57.

### **Резюме**

В данной статье автором рассматриваются философские и политические взгляды и научные теории средневекового теолога и философа Ф.Аквинского о государстве, об управлении государством и о средневековом праве на примере западноевропейских государств.

### **Summary**

In this article is considered philosophical and political opinions and scientific theory of theology and Philosopher of Middle Ages F.Akvinsky about state, management of state and medieval law on example of Western Europe states.

## **САЯСИ ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**

### **ЕВРОПЕЙСКОЕ ВИДЕНИЕ ПЕРСПЕКТИВ РАЗВИТИЯ ОТНОШЕНИЙ ЕС И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

**Елмурзаева Р.С.** – *д.полит.н., заведующая кафедрой международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева*

Процесс успешного формирования общей внешней политики ЕС подразумевает не только институциональные реформы, усиление наднациональных структур, но и развитие межрегионального сотрудничества, географическое расширение зон присутствия ЕС. Одним из региональных приоритетов ЕС является Центральная Азия, сотрудничество с которой строится на основе Стратегии ЕС, принятой в 2007 г. Политический контекст на момент принятия этого документа определялся вопросами энергетической безопасности и войны в Афганистане. Новое партнерство между ЕС и ЦА было в большей степени обусловлено проблемами, возникшими и разросшимися в период глобализации, которые одинаково влияют на обоих партнеров и требуют совместного решения.

Стратегия основана на широком и всеобъемлющем подходе и содержит значительное число приоритетных сфер: политический диалог, права человека и верховенство права, образование, экономическое развитие, энергетические и транспортные каналы, устойчивость окружающей среды и водных ресурсов, общие угрозы, такие как незаконный оборот наркотиков и т.д.

Таким образом, как заключают сами эксперты, документ включает в себя как стратегические и общие, так и конкретные, а также технические задачи. Так, к числу конкретных аспектов можно отнести, например, вопросы развития гражданского общества [1, р. 53; 4, р. 1, 3].

В течение последних пяти лет ЕС превратился в значимого игрока в Центральной Азии. Важно отметить, что ЕС не является актором, придерживающимся политики жесткой безопасности, и стремится внести свой вклад в развитие нормативного, основанного на правилах мирового порядка, опирающегося на права человека, международное право, региональное сотрудничество и многосторонние институты, что конкретизируется также и Лиссабонским договором.

Тот факт, что ЕС в настоящее время играет второстепенную роль на геополитическом уровне, с одной стороны, заключает в себе ряд преимуществ. Именно приверженность нормативному подходу отличает Европу от большинства других акторов, таких как Китай и Россия. Страны ЦА стремятся быть признанными в качестве соответствующих мировым стандартам, отчасти с целью укрепления их независимости от Китая и России. Вместе с тем, рычаги для ЕС в этой сфере остаются ограниченными, что привело к повышенному вниманию к вопросам безопасности и энергетических интересов [2, р. 1-2, 5; 4, р. 2, 9, 117]. Кроме того, ввиду того, что методы и инструменты структурной внешней политики применяются не в должной мере, геополитические интересы и традиционные методы и представления пока еще преобладают в сознании акторов внешнеполитических процессов.

Ценностный подход может быть выражен в виде двух составляющих:

- защита своей территории от внешних угроз;
- проекция ценностного подхода на внешний мир.

Если говорить о первом компоненте – защите от угроз безопасности – следует отметить, что государства Центральной Азии и ЕС привержены основным принципам Хельсинкского заключительного акта, которые провозглашают концепцию всеобъемлющей нормативной безопасности, направленной на предотвращение и разрешение конфликтов.

С позиции безопасности подход ЕС коренным образом отличается от США: Вашингтон рассматривает

свою политику по отношению к Афганистану как основу всей региональной политики, исходя из связывания Центральной Азии с Южной Азией, Брюссель же рассматривает Центральную Азию как продолжение политики Восточного соседства, включая Россию [4, р. 118-119; 2, р. 3].

Центральная Азия не представляет прямой угрозы безопасности ЕС, однако регион имеет отношение к следующим угрозам:

1) ненадежность поставок энергоносителей. Как известно, Центральная Азия играет важную роль в стратегии ЕС по диверсификации источников энергии и маршрутов поставок. Нормативная энергетическая политика может продвигать стандарты корпоративного управления, прозрачности использования и распределения доходов в странах-производителях (Инициатива прозрачности добывающих отраслей (ИПДО) - Extractive Industries Transparency Initiative), но в конечном итоге нормой является устойчивость окружающей среды на глобальном уровне за счет снижения зависимости от ископаемых видов топлива, т.е. политика предотвращения изменения климата;

2) Аль-Каида и талибанизация;

3) незаконный оборот наркотиков, оружия и контрабанда людей.

В 2002 г. ЕС запустил Программу содействия управлению границами в Центральной Азии (БОМКА, Border Management Assistance Program), чтобы способствовать постепенной институциональной реформе путем подготовки кадров и обмена передовым опытом.

**Тактическими целями** МНАС вузов, то есть способами достижения его стратегических целей, целесообразно считать создание оригинальных комплексов услуг и товаров, постоянное совершенствование их содержания и контроль качества; изменения в системе управления международными программами в зависимости от внешних воздействий и ограничений; их унификацию и стандартизацию, а также внедрение базовых ценностей МНАС в организационную культуру.

Стратегические направления международного сотрудничества определяются руководством вуза, его ученым советом, на основании анализа внешней и внутренней среды международной деятельности, ее факторной обеспеченности. В рамках стратегического рыночного управления периодическому процессу планирования подвергаются направления международного сотрудничества, благодаря чему вуз имеет высокую скорость стратегической реакции.

В сочетании с операционной эффективностью его подразделений и органа управление международного научно-академического сотрудничества стратегическая реакция выступает главным условием обретения конкурентных преимуществ.

Организация непрерывного наблюдения за процессом сотрудничества позволяет получать необходимую информацию о его развитии. В рыночных условиях эту роль выполняет система международных цен на академические услуги, а также целевые характеристики конкуренции вузов. Анализ получаемой

информации, ее полнота и своевременность уменьшают сложность выбора управленческого решения. Кроме того, задачами мониторинга является подготовка рекомендаций для продолжения негативных и развития позитивных эффектов МНАС и обеспечение обратной связи между результатами и целями. В случае отклонений субъектов сотрудничества от параметров выполнения цели контроль над ее исполнением предполагает выявление причин отклонения и их коррекцию.[7]

Воспроизводство национальных кадровых ресурсов является основной функцией вуза и основным фактором экономического роста в постиндустриальном обществе [3,22]. Стремление участников международных взаимодействий к самосовершенствованию и дальнейшему интеллектуальному развитию в благоприятной среде международных партнерств, консорциумов и сетей основывается на необходимости получения профессий, востребованных современными рынками труда, возможностях получения более высоких доходов, [7,305] и использовании инвестиционного потенциала институтов международного образования. Инвестиции самого вуза в подготовку и переподготовку кадров международной квалификации должны быть экономически оправданы как потребностями и воспроизводства научно-педагогических и кадров, так и макрорегиональными периодами в подготовке специалистов.

Человеческие, технические и географические факторы позволяет воплощать знание, приобретенные в ходе научно-академических обменов, в конкурентоспособные товары, а их национальная или транснациональная поставка в рамках партнерства позволяет получить прибыль за счет экономии институциональных организационных и информационных ресурсов.

Интернационализация учреждений высшего профессионального образования имеет глубокие исторические корни, является многомерным явлением, затрагивающим не только многообразные форм их международной деятельности, но и их связь с интернациональными эффектами сотрудничества. В рабочем определении академической интернационализации, принятом Международной Ассоциацией Университетов она рассматривается как динамический процесс трансформации, интегрирующей международное и межкультурное измерение деятельности университетов в их основе функции – преподавание, исследование и определение услуг, администрирование и управление.[10] Учитывая сказанное, МНАС может характеризоваться как один из актуальных способов эффективного выполнения учреждением высшего профессионального образования его экономической, политико-правовой и социально-культурной функций, обеспечивающей формирование, функционирование и движение человеческого капитала в условиях глобализации экономики. Его целями являются: удовлетворение потребностей личности в получении и управлении знаниями и информацией, взаимовыгодная реализация и приобретение научно-образовательных услуг и товаров, подготовка к трудовой деятельности в условиях международных региональных и глобального рынков труда, распространение общечивилизованных, миротворческих и научно-образовательных ценностей с помощью коллективных действий, положительным эффектом которых должно стать более эффективное институциональное развития вуза.

Концепция международного сотрудничества вуза является основной проведения соответствующей международной политики руководством вуза, перспективного текущего планирования, решения организационных финансовых и кадровых вопросов его управления. Она должна отражать современные представления о возрастающей роли международного научно-академического сотрудничества в обеспечении выполнения вузами основных функций способствовать социально-экономическому и институциональному развитию с учетом его особенностей и традицией.

Цель международного сотрудничества вуза зависит от выбора его приоритетного стратегического направления /направлений/ и степени интеграции вуза в мировое образовательное пространство. В соответствии с императивами своего развитие вуз может добиваться непрерывного кадрового роста преподавателей и сотрудников.

С помощью программ академической мобильности, интернационализации научно-образовательного процесса: признания в качестве активного «игрока» или внедрения в определенный сектор образовательного рынка.

Исходя из сформированных целей с помощью международного сотрудничества учреждение высшего профессионального образования может решать следующие задачи:

- профессиональная, информационная-технологическая и лингвистическая подготовка и переподготовка кадров, в том числе для управления международным научно-академическим источников финансирования.
- привлечение дополнительных источников финансирования
- сбор средств с помощью международных фондов частных спонсоров др.

- институциональное продвижение (международная аккредитация образовательных программ, повышение международного авторитета диплома, его признания в партнерских вузах и т.л.).
- создание репутации путем участия в конференциях, публикацией в международных научных изданиях, публикацией зарубежных ученых в научных изданиях вуза.
- расширение членства в международных организациях.
- избрание представителей вуза в руководящие органы научных международных организаций.

Концепция отражает институцию представительства внутренних субъектов международного сотрудничества в рамках подписанных соглашений и договоров, а также порядок финансирования международной активности этих субъектов. Основным звеном осуществления международной деятельности вуза целесообразно представить его факультеты. Организация, координация и информационная поддержка сотрудничества в соответствии с приказами ректора осуществляется международной службой (отдел /управления международный связей / центр международных программ и т.д.).

Этот орган подчиняется ректору /проректору по международным связям/ проректору по научной деятельности и выполняет функции, которые могут модифицироваться в зависимости от стратегических компетенции вуза.

Стратегии управления международного научно академического сотрудничества включают системы бюджетирования и финансирования, прогнозирования, стратегического планирования и принятия решений. Выбор стратегических направлений, постановка целей и задач, внутренний и внешний анализ факторов сотрудничества, позволяющей оценить рыночную конкурентную ситуацию в стране, регионе, мире, помогают определить реальную и потенциальную роли, которые вуз, может играть на международном рынке образовательных услуг и товаров.

**Лидер** диктует условия деятельности партнерства, консорциума или сетевой организации международного научно академического сотрудничества (МНАС), сам строит его инфраструктуру и определяет приоритеты и объем финансирования международных программ. Это вуз с прочным традиционным и исторически сложившимся положением на рынке: он имеет устойчивые конкурентные преимущества в регионе, стране или в мире по нескольким или многим выигрышным научно-академическим направлениям и удерживает их в течение длительного времени.

**Креатор** является активным создателем благоприятных условий сотрудничества. Обладая мощным научно-образовательным потенциалом, он развивает факторы и концентрирует необходимые ресурсы МНАС для приоритетной разработки необходимых ему направлений деятельности. Оперативная коррекция или смена приоритетов в зависимости от новых взаимностей или угроз обеспечивается устойчивым ростом рентабельности экономических взаимодействий такого вуза.

**Претендент** прилагает усилия для того чтобы стать лидером в основном с помощью больших объемов финансирования. Как правило, он может иметь потенциальные возможности установления и развития научно-академических контактов, но их реализация замедляется отсутствием опыта международной деятельности неразвитой системой управления МНАС и потерей времени на сбор средств.

**Последователь** согласен вести международную деятельность на определенном уровне на приемлемых для него условиях, делая умеренные вложения и не претендуя на лидерство в каком-либо направлении МНАС. Это «ведомый» своими иностранными партнерствами вуз, получающий квоты приема иностранных студентов, аспирантов и преподавателей из Министерства образования и не заинтересованный в других видах международной деятельности.

Таким образом, концепция международного научно-академического сотрудничества вуза включает постановку целей и задач, внутренней и внешней анализ факторов сотрудничества, позволяющей оценить конкурентную ситуацию в стране, регионе, в мире: выбор стратегии, миссии и направлений развития, а также создание механизма ее реализации. Экономический компонент концепции предполагает внедрение адекватных институциональных организацией, создающих потенциальные возможности для совместного использования участниками сотрудничества его трансформационных факторов и минимизации транзакционных затрат. Поэтому масштаб рыночной составляющей основных стратегических направлений МНАС определяется развитостью институтов обмена научно-образовательными услугами и товарами, объемом прибыли от продаж, рентабельностью внешнеэкономической деятельности выгодами от нее.

1. Аакер Д.А. *Стратегическое рыночное управление. Бизнес- стратегии для успешного менеджмента.* –СПб.: Питер, 2002

2. Выханский О.С. Наумов А.И. *Менеджмент. Учебник 3-е изд.* -М.: Гардарики, 1999. -с.220.

3. Иноземцев В.А. *Творческие начала современной корпорации // Мировая экономика и международные отношения 1997, №11, с.22.*

4. Новая философская энциклопедия. В.4. Институт философии РАН. -М.: Москва, 2001 -т.2
5. Лебедева Н.Н. Институциональный механизм экономики: сущность, структура, развития. –Волгоград: Изд-во 202. - с.92
6. Портер М. Конкуренция пер. с англ. –СПб.- М.: Изд дом. «Вильемс», 2002
7. Сословская Л.Н. Рыночная оценка затрат и результатов в высшем образовании // Вуз и рынок. М., 1992, Кн.1, с.305
8. Траут Дж при уч. Рывкина. С. Новое позистрование. Пер. с англ. –СПб.: Питер, 2002.
9. Трепнев Н.Н. Стратегическое управление. -М.: Приор, 2002
10. www. Unesco. Org/iaaw/tfi-framework. Httm

### Түйін

ЖОО халықаралық ғылыми-академиялық ынтымақтастығы «таласты түсіндіру барысындағы мән мағынаны түсіну мен жету» негізінде қалыптасады. Халықаралық ғылыми-академиялық ынтымақтастық концепциясы ЖОО басшыларының себеп, мотив, ынтымақтастық мақсаттарының және стратегиялық бағыттарының сәйкес келуімен көрінеді. Автор бұл мақаласында ЖОО арасындағы ынтымақтастық туралы жазады.

### Summary

The scientific article is investigated conceptual provision of the international scientific-academic cooperation of the Azerbaijan higher schools. There is investigated conceptual provision of the international scientific-academic cooperation of the Azerbaijan higher schools. In the paper there is made an attempt to consider the economical, organizational subsystems of the modern republic education system problems.

Key words: international cooperation, scientific-academic cooperation, institutional content.

## ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ САЯСИ ИДЕОЛОГИЯСЫ

**Базарбаев Қ.Қ.** – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің PhD докторанты, Түркістан қаласы

XIX ғ. соңы - XX ғ. басында ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуы мен дамуы өлкедегі прогресшіл күштер көзқарасының жүйесі ғана емес, ол жүйені қалыптастырушы саяси тетік ретінде ерекше назар аударуды қажет етеді. Түп-тамыры Ә.Бөкейханов «тарихи мұсылман басшысы» деп баға берген И.Гаспринскийдің «дильде, фикирде, исте бирлік» («тілде, пікірде және істе бірлік») деген идеяларын басшылыққа алған жәдитшілердің Түркістан қоғамындағы ағартушылық қызметі даму барысында Орта Азия халықтарын дүниежүзілік өркениетке тартуды көздеген ұлттық жаңаруға ұласты. Олардың көзқарас жүйесі дүниежүзілік гуманитарлық құндылықтарға бағыт алып, ұлттық мүдделермен астасып жатты. Бұл қозғалыстың аймақтық қана емес, жалпыадамзаттық өркениеттен тамыр тартқан сабақтас құбылыс екендігін академик М.Қозыбаев атап көрсеткендей «Азияның терең қойнауында жатқан Түркістан, Бұқара, Хиуа зиялылары - жәдиттер Түркия, Қытай, Үндістан, Парсы, Таяу Шығыстағы ұлт-азаттық, демократиялық қозғалыстың ықпалында болды. Олардың программасындағы ағартушылық ұлт бостандығына ұласты. Бірақ, өзгешелігі-оның еуразиялық сипатында, онда демократия үшін күрес феодалдық деспотия, діни фанатизмге қарсы күреспен бірікті. Отаршылдықтан құтылу феодалдық тәртіпті құртумен бірге қаралғандығымен» [1] пайымдай аламыз.

Қазақстандағы Алаш қозғалысын маңыздылығы аймақтық шеңбермен шектелмейтін Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыспен тарихи сабақтастықта салыстыра қарастырудың маңызы зор. Академик К.Нұрпейістің тұжырымы бойынша «Алаш» немесе «Алашорда» қозғалысы бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Олар, біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны (Алаш атты қазақтың мемлекеттілігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) туралы мәселелер. Осы нақты үш мәселе жиынтығы Алаш немесе Алашорда қозғалысы деген ұғымды білдіреді»[2,5-6]. Саяси дара құбылыс ретінде осылайша айқындалған Алаш қозғалысын Түркістан өлкесіндегі ұқсас құбылыспен салыстыруға болады. «Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыс саяси ала-құлалығымен және әлеуметтік әртектілігімен ерекшеленді. Түркістан қозғалысын өлкедегі азаттық, тәуелсіздік жолындағы күреске ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізінде топтасқан саяси күштердің ұйымдасқан белсенді

әрекеті деп бағаласақ керек. Мақсаты ортақ, сипаты бір Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясы (Туркистон Мухторияти) үкіметі ұлт-азаттық қозғалыста бірін-бірі толықтыратын ұлттық, әлеуметтік, саяси тұрғыдан туыстас құбылыстар» [3, 4-б.] болғандықтан да оларды өзара ықпалдастықта қарастырған орынды болар деп есептейміз.

Түркістандағы жәдитшілік идеяларының ұлт-азаттық саяси күрес идеологиясына айналуына бірінші орыс революциясының (1905-1907 жж.) саяси тәжірибесі елеулі ықпал жасады. Империя орталығындағы саяси сілкініс отарлық езгідегі ұлт аймақтарының рухани оянуына түрткі болды. Ал, жастүріктер (1908 ж.) мен жаспарсылар (1908-1911 жж.) қозғалыстарының өнегесі ол елдермен тарихи байланысын үзбеген ұлт зиялыларының арасында тәуелсіздік идеясының орнығуына тікелей негіз болды. Осы оқиғалардың барысында жәдиттік қозғалыстың қоғамдық саяси ықпалы артып, алғашқы кезде өлкедегі қала халқының арасына кеңінен таралды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін-ақ олардың бағдарламалық құжаттарында феодализм мен отаршылдыққа қарсы күрестің дәлелдері айқындалып, билік институттарын конституциялық жолмен реформалау идеясы қалыптасты. Оның есесіне Түркістанның жергілікті халықтарының жатжерлік қанаушыларға қарсы ортақ күреске жалпытүркілік, мұсылмандық негізде бірігуі патша өкіметі тарапынан қудаланды. Ал осы кезде орыс ойшылы Н.Бердяев өз еңбектерінде дүние жүзіне ықпал жүргізген герман нәсілінің орнын славян нәсілі алмастырғандығын жарнамалап жатты. Бірақ оны еш жерде, ешкім де панславизмді насихаттағандығы үшін кіналаған да, қуғындаған да жоқ [4,162].

Пантүркизм мен панисламизм Ресейдің мемлекеттігін ыдыратып, Түркия, Иранның басшылығымен жалпымұсылмандық держава құруға бағытталған қауіпті идеялық ағым деп жарияланды. Бұл отаршыл биліктің өз өктемдігін бүркемелеуді көздеген байбаламы еді. Шын мәнінде жергілікті халықтың басым бөлігі, соның ішінде жәдитшілер де Ресейден бөлектенуге ұмтылған жоқ, мәселе – отаршыл езгідегі халықтың мұсылмандық ынтымақтастығы туралы болып тұр. Ортаазиялық мұсылмандар үшін Ресейдің басқа аймақтарындағы және дүниежүзіндегі мұсылмандармен өздерінің рухани және мәдени тұрғыдан біртұтастығын сезінуде ислам факторы – олардың саяси ой-санасының бағдары болды. Бұл тұжырым өлке халықтарын топтастыру идеясының ең басты мәнін ашып көрсетеді.

Қоғамдық қайшылықтар мен қақтығыстардың сипаты азаттық қозғалыстың үлгілерін жіктеуге негіз болады. Қазақстандағы үш ғасырға созылған азаттық күрестің бес үлгісін атай отырып, С.Ф. Мажитов оның ең жоғарғы сатысы ұлт-азаттық күрес деп бағалайды және оған «берілер бағасы мемлекет пен ұлттық тарихи үлгісіне тән идеологиялық өктемдікке тәуелді болатын қарсылық құбылысына және қоғамдағы күрес түріне қатысты қолданылатын әлеуметтік-саяси термин» [5, 199-200] деген анықтама береді.

Егерде 1898 ж. Андижандағы көтерілісті аграрлық және дәстүрлі қоғамға тән белгілеріне қарай халық-азаттық қозғалыс үлгісі ретінде қарастырар болсақ, XX ғ. бас кезінен Түркістан қоғамында индустриалды қоғамға өту белгілері айқын байқалғандықтан бұл кезеңді ұлт-азаттық қозғалыс үлгісі ретінде қарастырамыз.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы деп жалпы атауға топтастырылған құбылыстың өзегін батыс қоғамтанушылары жіктегендей модернизация үдерісіне қатысты қақтығыстардың құрағандығына көз жеткіземіз. Модернизацияның мәні аграрлық (дәстүрлі) қоғамнан қазіргі заманғы (индустриалды) қоғамға өтудің соңғы кезеңі деп айқындалса индустриалды қоғам дәстүрлі құндылықтарға, кейде тіпті жаңа құрылған мемлекеттердің егемендігіне қауіп төндіреді [6,199]. Өркениеттік сипаты басым бұл қақтығыстың үлгісін Түркістан Мұхтарияты мен Алаш Орда үкіметінің өктем өркениеттің ықпалына «жұтылып кеткен» мысалынан көреміз.

Қанша сынға алынғанымен XX ғ. басындағы мұсылмандық қозғалыстың еліміз тарихы мен ұлт зиялы қауымының қоғамдық саяси қызметіндегі маңызы ерекше. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында өлкедегі барлық халықтардың күш-қуатын топтастыру қажеттігі өткір сезіліп отырды. Содан да тәуелсіздік жолындағы күресте ұлттық бірлікке қол жеткізу аса маңызды еді. Осы тұрғыда қарастырар болсақ түркілік және мұсылмандық қозғалыстардың арасында идеялық алшақтық жоқ, қайта оларды отаршылыққа қарсы күреске топтастыратын ортақ мүдде, ортақ күрес тәсілдері жеткілікті еді. Осман империясында реформа жолымен экономикалық және мәдени дамуға қол жеткізу үшін араб және түрік зиялылары масондыққа үйір болған. Олардың құрған масондық құрылымдары көбіне саяси ұйымның бетпердесі болды. Монархия жағдайында саяси ұйымның жария жұмыс жасауы мүмкін болмағандықтан да олар осындай ұйымдық құрылымды таңдаған. Олардың европалық отаршылыққа қарсы мұсылман елдерін біріктіруді мақсат тұтқан діни-саяси ілімі панисламизм деп тұжырымдалды [7,110]. Осман империясында ілгерішіл идеяларымен танылған бұл ілімнің Түркістанға тигізген ықпалы аз болмады. Осы идеяларды одан әрі дамытқан жалпыресейлік мұсылмандық қозғалыс түркі және басқа мұсылман халықтарының ең өзекті саяси-әлеуметтік мәселелерін Мемлекеттік дума деңгейіне көтеріп, мұсылман елдеріндегі ұлт-

азаттық күштердің нығаюына орасан зор ықпал жасады.

Бүкілресей мұсылмандарының Уақытша орталық бюросы басшылығымен жұмыс жүргізген Мемлекеттік Думадағы Мұсылмандар фракциясы мұсылмандар арасындағы түрлі саяси-әлеуметтік мәселелерді талқылаумен ғана шектелген жоқ. Оның жоспарлы қызметінде отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың тактикасы мен стратегиясын жасауға ұмтылыс байқалды. Империя орталығында түрлі саяси күштердің ара салмағын аңғарып, өз бағыт-бағдарын белгілеуге мұсылмандық қозғалыс басшыларының мол мүмкіндігі болды. Жоғарыда аталған бюроньң төрағасы Ахмед Салихов мұсылмандар үшін таптық жіктелудің қауіптілігіне ерекше мән берді де, ұлт-азаттық күресте таптық емес, діни негізде бірігу қажеттілігі туралы концептуалды тұжырым мұсылмандық қозғалыстың бағдарламалық құжаттарында басшылыққа алынды.

1917 ж. 1-11-ші мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресей мұсылмандарының I съезі Уақытша үкіметтің азаматтық келісім және құрылтай жиналысы арқылы саяси-әлеуметтік мәселелерді бейбіт жолмен шешу саясатын бір ауыздан қолдады. Мұсылман халықтары үшін бұл кезеңде белгілі бір таптың мүддесін қорғаудан да отарлық тәуелділіктен құтылу қажеттілігі басым еді. Съезде «Ресей мұсылмандарының этникалық тегі және олардың саяси өмірдегі ролі» деген тақырыпта З.В.Тоғанның жасаған баяндамасы түркі халықтарының азаттық күрестегі негізгі бағыттарын айқындауда маңызды зор құжат болды.

Ақпан төңкересінен кейін негізі қаланған өлкелік өкілді орган «Шурои Исламия» - Мұсылмандар кеңесі ұйымы Бүкілресейлік мұсылмандық қозғалыс ықпалымен құрылды. Бұл саяси ұйымның атауы европалық үлгідегі кеңестерден ерекшелендірумен бірге діни оның сипаттағы саяси-әлеуметтік бағытын да байқататын еді.

Осындай жағдайда Өлкелік Мұскенес төрағасы Мұстафа Шоқайдың Уақытша үкіметтің Түркістан Комитеті мүшелігіне тағайындалуы ұлттық-демократиялық күштердің автономия идеясын саяси күрес тәсілдері арқылы іске асыру әрекетіне кең жол ашты. Әртекті ұйымдар мен қоғалыстардың басын біріктіруші және үйлестіруші рөл атқарған Мұскенес алдында ендігі кезекте ұлттық-демократиялық күштердің жікке бөлінуіне жол бермеу міндеті тұрды. Шоқайдың бастамасымен Мұскенес аталған ұйымдарды біріктіру мақсатында 12 маусым күні жарғы қабылдады. Ол бойынша қоғамдық ұйымдар идеялық алшақтығына қарамастан Өлкелік кеңеске бағынатын облыстық, уездік, болыстық және қалалық мұсылман депутаттарының кеңестеріне бірігуі тиіс еді.

Бұл әрекет өзге ұйымдар тарапынан түсіністікпен қабылданғанымен «Шурои Исламияның» идеялық негізде жіктелуін тоқтата алмады. Осы жылдың маусым айында «Шурои Исламиядан» жаңа саяси бірлестік «Шурои Улема» (Ғұламалар кеңесі) бөлініп шықты. Түркістан қоғамындағы кертартпа діни аксүйектер тобының мүддесін көздеген улемалықтар тұрмыста және қоғамдық өмірде феодалдық-патриархалдық қатынастарды сақтап қалуды жақтауымен ерекшеленеді. Олар жадитшілердің ағартушылық идеялары мен саяси көзқарастарына түгелдей қарсы болатын. Бұл ұйым өлкеде дін ықпалындағы қалың көпшіліктің көзқарасының жақтаушысы ретінде танылды. Халыққа түсінікті дәстүрлі дүниетаным мен дәстүрлі ұстанымдарға сүйенгендіктен де ел ішінде олардың қолдаушылары аз емес еді. «Бүкіл Түркістан тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған осы екі ұйым - «Шурои Исламия» мен «Ғұлама қоғамы» бір-бірімен қырқысып жатты, ал «Түркістан өлкесі мұсылмандар кеңесі» осы екеуін жақындастыра алмай әуреге түсті. Осы екі ұйым арасындағы алауыздық біздің ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресімізді бәсеңдетіп жұмысымызды былықтырды» [8, 150] деп жазды Мұстафа.

Осылайша Түркістанда ұлттық мемлекеттілік үшін күрестегі діни сипатта байқалған алауыздық қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың бағдарламалық құжаттарында нақты көрініс тауып, одан әрі тереңдей түсті.

1917 жылдың шілдесінде ұйымдасқан либералдық ұлттық-демократиялық партиялар «Тюрк Адами марказияти» («Түрік федералистері») [9], сонымен бірге «Шурои Улема» басшылығымен Өлкелік мұсылмандар съезі (17-21 қыркүйек 1917 ж.) «Түркістанның болашақ саяси құрылымы туралы» [10] бағдарламаны бекітті.

Бұл саяси топтардың көздеген мақсаттары да әртүрлі болды. Түркістандық федералистер демократиялық бағдар ұстап, қоғамдық және мемлекеттік құрылыста батыс европалық либералдық-демократиялық үлгіні жақтады. Ол бағдарлама мазмұнынан оның бөтен елдің тәжірибесінің тікелей көшірмесі емес екендігін көреміз. Олардың жасаған ұлттық мемлекеттілік концепциясында дәстүрлі әлеуметтік мазмұн құқықтық норма және билік институттары сияқты демократиялық құндылықтар мен исламдық қағидалар түрінде көрініс тапты. Атап айтқанда бұл қағидалар автономиялық республика көлемінде «Махкама-и-

Шария» құру және федерация шеңберінде дін істерін қадағалаушы орган ретінде Шейх-уль-Ислам басшылығымен Дін кеңесін құру туралы ережеден, сонымен бірге сот билігінде зайырлы заңдармен қатар шарифат үкімін де мойындау; меншік құқына қол сұғылмау, исламдық қағидаларды ескеріп, әйелдердің құқықтық статусын белгілеуді ұсынудан көрінді. Бұл бағдарламадағы исламның мойындалуы жай ұран емес, ол көп ғасырлық даму тарихындағы дәстүрлі мемлекеттікті қалпына келтіруге деген саяси партияның нақты ұмтылысын танытты.

Ал «Шурои Улеманың» мелекеттік билікте ұстанған концепциясы Түркістандық федералистерге қарағанда отарлауға дейінгі «исламдық басқару түрін» қалпына келтіруді басты нысана етуімен ерекшеленеді. Бұл жағдай ең алдымен мемлекеттік басқару аппаратын ұйымдастыру қағидасынан көрініс тапты. Оның басты ерекшелігі «Махкама-и-Шария» институтын енгізіп, оған жалпымемлекеттік заңдардың жасалуы мен орындалуын шарифат тұрғысынан қадағалайтын кең өкілеттілік беру болды. Бұл ұсыныс сунниттік басқару түрінің негізгі қағидаларының бірі - кеңесушілік қағидасын (аш - шура) басшылыққа алудан туындаған еді. Демократиялық сипатымен ерекшеленетін бұл исламдық кеңесушілік қағида қазіргі кезде бірқатар мұсылман елдерінің мемлекеттік құрылыс практикасында сәтімен қолданылып келе жатқандығын айта кетуіміз керек. Мысалы, Ливияда республикалық басқарудың ерекше формасы - жамахирия құруда осы қағида басшылыққа алынған. Жамахирияның өкіметтік билігінде сайланбалы халықтық конгресс пен комитеттер маңызды қызмет атқарады [11,113-115].

Ал «Шурои Улеманың» 1917 ж. қыркүйектегі съезі мемлекетті басқару түрінің ізашары болған республикалық, исламдық басқару түрін таңдаған еді. Бірақ оның бағдарламасындағы дін факторы мемлекеттік аппаратты ұйымдастырудың қағидасымен шектеліп қалған жоқ. Ол болашақ мемлекет қызметінің барлық негізгі бағыттарын белгілеуден көрініс тапты. Мысалы, азаматтықтың құқықтық реттелуі, мемлекет өміріндегі діни қызметкерлердің рөлі, меншік түріне исламдық концепцияны бекіту, меншік құқының құқықтық қорғалуын ислам нормаларына сай нығайту сияқты мәселелер бағдарламалық құжатта нақты көрініс тапты. «Шурои Улема» съезінің бұл шешімдері түркістандық қоғамның либералдық-демократиялық күштерін аландатты. Олар өз мәлімдемелерінде «Шурои Исламияның» Түркістан демократиялық дамуында саяси мүмкіндіктері шектеулі екендігі атап көрсетті [12]. Осыған байланысты мәселеге байыпты қараған М.Шоқай «Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ жас баланың «аспандағы айды алып бер» деген далбасасына ұқсайтын, мұндай мұсылмандық идеяны жүзеге асыру үшін Түркістан ең алдымен Ресейге бағыныштылықтан біржола құтылуы керек еді» деп жазды. Ал большевиктер улемашылардың әрекеті Түркістанның мемлекеттік және саяси жүйесінің демократиялық негіздеріне қауып төндіреді деп бағалады.

Түркістандағы мемлекеттік құрылым бойынша бұндай баламалы бағдарламалардың пайда болуы өлке халқының оянуы мен ұлттық саяси күштердің ұйымдық кемелденуін танытатын аса маңызды көрсеткіші болды. Сонымен бірге бұл жағдай ұлт-азаттық қозғалыстың көп жыл кейінгі тағдырын айқындаған алауыздықтың да көрінісі еді.

Большевиктердің жеңісінен соң «Шурои Исламия» бастаған Түркістан ұлттық-демократиялық күштері большевиктерге қарсы ымырасыз, бітіспес позиция ұстанып, өз халқының өзін-өзі басқаруына қол жеткізуде саяси батылдық танытты. 1917 ж. 26 қазанда «Түркістан Мұхтарияты» осылай өмірге келді [13]. Осы кезеңдегі «Улеманың» саяси ұстанымы ұлттық-демократиялық күштер мен большевиктік өкіметтің арасында бұлталақтаған, тұрақсыз, қарама-қайшылығымен танылды. Оның басшылары Түркістан Мұхтарияты Уақытша үкіметтің Ресейдегі буржуазиялық-либералдық партиялармен одақтасу ниеті және буржуазияшыл, капиталистік сипаттағы бағдарламасы үшін сенімсіздік білдіретіндігін айтып жарияға жар салды. «Улеманың» «Орыс социалистеріне» жолдауы деп аталатын бұл құжатта улемашылар өлкенің капиталистік бағдармен дамуын құптамау себебін Батыстың капиталистік елдерінің мұсылман халықтарын: «Ресейдің - Орта Азияда, Англия - Индияда, Франция - Алжирде, Италия - Африкада» тікелей қанаушы болғандығымен түсіндірді. Империализмге қарсы насихатқа еліккен улемашылар 1918 ж. қаңтарында большевиктерді тағы да өлкені басқаруда ынтымақтасуға шақырды. Олардың пайымдауынша социализм теориясы «өзінің басты негіздерінде ислам ілімінен көп ерекшелен-бейді, тек қағидаларды іске асыру тәсілдері және бірқатар нақтылықтарда ғана айырмашылығы бар» еді.

Түркістандық улемашылардың ислам қағидаларын саясиландыру әрекеті ХХ ғ. 50-80 жж. Шығыс елдердегі ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиясында одан әрі дамытылып, «исламдық социализм» теориясының саяси ұранына айналғандығын атап өткен орынды. Бұл қуатты ағымның атауын да Түркістан улемашылары қалыптастырғандығына мына сөздер куә болады: «Мұсылмандардың автономиялық басқаруы ислам социализмінің берік негіздеріне құрылуы тиіс - деп мәлімдеді олар жоғарыда аталған жолдауда - яғни өлкеде капиталдың өсуіне жол бермеу, еңбекші тапты өсімқорлық қанаудан қорғау



мақсатында сауда мен өнеркәсіпке бақылау орнату; еріксіз түрде бай таптан «зекет» пен «ұшыр» жинау, жиналған қаржыны шариғат үкімімен жұмысшылар мен кедейлердің мұқтажына жұмсау».

Большевиктер «Түркістан Мұхтариятын» тығырыққа тіреген уақытта «Улема» ұйымы «Орыс социалистеріне» үндеуі арқылы «Шурои Исламия» түріндегі бұқаралық қозғалыстан іргесін аулақ салып, өлкенің болашағын, оның мемлекеттігін социализм қағидаларымен және большевиктермен ынтымақта-сумен байланыстырып жатты. Бұндай саяси пікірталас ұзаққа созылмады, оның соңы ашық теке-тіреске ұласты. 1918 ж. 18 ақпанында «Шурои Исламия» жетекшісі, Түркістан Мұхтарияты үкіметінің басшысы Мұстафа Шоқайды улемашылар «сарай төңкерісін» жасап, Ергеш құрбашымен алмастыруы арқылы онсыз да саяси ахуалы шатқаяқтап тұрған ұлттық автономияны тағдырдың тәлкегіне тастады.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының бейбіт кезеңі (1917 ж. соңына дейін) оның тұғырнамалық негіздері бойынша үлкен екі саяси ағымға жіктелуімен ерекшеленеді. «Шурои Исламия» қозғалысы жариялаған Түркістан мұхтарияты Уақытша үкіметінің тәуелсіздікті нығайтудағы нақты қадамдары большевиктердің табанды қарсылығына ұшырады және талқандалу қаупі күшейе түсті. Ұлт-азаттық қозғалыста қалыптасқан әртүрлі позициядағы осы екі бағыттың Ресейдегі тиісті саяси күштерге үнемі жүгінуге мәжбүр болуы олардың ымырашыл шешім қабылдауына мүмкіндік бермеді. Нақ осы жағдайдың өзі Түркістан қоғамының топтасуына, сол сияқты ұлттық мемлекеттілік пен тәуелсіздік үшін күрестің тағдырына кері ықпалын тигізді. Әрине, жағдайдың бұлайша өріс алуына саяси күштердің арасалмағы шешуші ықпал жасағаны даусыз, сонымен бірге бұл мәселеде ұлттық элитаның саяси күрес-тегі тәжірибесінің аздығы, интеллектуалдық дайындығының төмендігі, халықтың полиэтникалық құрамы да айтарлықтай әсер еткендігі де мойындалуға тиіс ақиқат.

Бұл аталған екі ағымның саясат сахнасынан ығыстырылуы Қоқан қаласындағы Түркістан Мұхтарияты Уақытша үкіметінің қарулы күшпен талқандалуы арқылы іске асты. Ұйымдық, теориялық тұрғыда пісіп жетілмеген бұл бағыттар большевиктік экстремизмге қарсы тұра алмады.

Осылайша Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында әртүрлі позиция ұстанған бұл екі бағыт ұлттық мүдде жолында ымырластыққа бара алмады. Бұл жағдай Түркістан қоғамының топтасуына кері әсер етті және оның азаттық пен ұлттық мемлекеттілік үшін күресіне орны толмас өкініш алып келді. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы сияқты қуатты саяси құбылыстың қызметінде ислам діні тұрақты үйлестіруші фактор болғаны рас. Әйтсе де бұл аса маңызды фактор исламның өз ішіндегі қайшылықтары мен большевиктік идеологияның сыртқы тегеурінді ықпалына төтеп бере алмады.

1. Қозыбаев М. Ғұмырнамалық жанрын зерттеу мәселелері //Қазақ елі. 1996. 27 желтоқсан.
2. Нұрпейісов К. Алаш ғәм Алашорда. -Алматы: Ататек, 1995.-5-6 бб.
3. Тұрсын Х. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мұхтарияты. -Алматы: Нұрлы әлем, 2006. - 4-6 бб.
4. Бердяев Н. Судьба России. Опыты психологии войны и национальности. -М.: Мысль, 1990. -162 с.
5. Мажитов С.Ф. Проблемы истории, теории и историографии народно-освободительного движения XVIII-начала XX в.в. в Казахстана. -Алматы: Мектеп, 2007.- 199-200 сс.
6. Левин З.И. Развитие основных течений общественно-политической мысли в Сирии и Египте.-М.: Наука, 1972. -199 с.
7. Левин З.И. Развитие основных течений общественно-политической мысли в Сирии и Египте.-М.: Наука, 1972. -10 с.
8. Шоқай М. Таңдамалы.2 томдық. -Алматы: Қайнар, Т-2.-1999. -150 б.
9. Кенгаи. 1917, 6 август.
10. Туркестанский курьер. 1917, 11 ноябрь.
11. Сюкияйнен А.Р. Мусульманское право. Вопросы теории и практики.-М.: Наука, 1986. -113-115 сс.
12. «Улу» Туркистон». 1917, 30 сентябрь.
13. «Улу» Туркистон». 1917, 8,10 декабрь.

### Резюме

В статье рассматривается Туркестанское национально-освободительное движение, борьба за свободу и независимость, активная деятельность, организованная политическими силами, сгруппировавшимися вокруг идеи мусульманского тюркского единства. Таким образом, в статье изложены общие интересы и методы совместной борьбы против колонизации с целью достижения национального единства на пути к независимости.

### Summary

This article considers of the Turkestan national-liberation movement, fight for freedom and independence, the active

involvement organized by political forces, grouped round idea of Muslim Turkic unity. Thus, in article common interests and methods of joint fight against colonization for the purpose of achievement of national unity on a way to independence are stated.

## **ДЕТИ КАЗАХСТАНА В 1940-Х – СЕР. 1950-Х ГГ.: ИНСТИТУТЫ И МЕТОДЫ ВОСПИТАНИЯ**

**Бимолданова А.А.** – *Магистрант 2 курса,  
Институт магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая*

Великая Отечественная война, с одной стороны, прервала процесс формирования модели «советского детства» в Казахстане в ее довоенном варианте, с другой - ускорила окончательное завершение формирования этой модели. Советское руководство убедилось в эффективности подобного подхода к детству в экстремальных условиях войны. Многим бойцам, добровольно ушедшим на фронт, не исполнилось и восемнадцати, все они родились и выросли уже в Советском Казахстане, тысячи подростков были вовлечены в промышленное и сельскохозяйственное производство в военные годы.

В 1940-1950-е гг. все процессы, происходившие в сфере детства, закрепляли достигнутое и формировали пространство детства в зависимости от потребностей Советского государства. Представления о детях не менялись, но более четко, в условиях начинавшейся «холодной» войны, формулировалась концепция «советского человека»: преданный Родине и партии гражданин.

Масштабы человеческих потерь и размер материального ущерба поставили руководство страны перед проблемой нехватки рабочих рук и необходимостью восстанавливать разрушенную экономику. В стране катастрофически не хватало трудовых ресурсов, поэтому труд провозглашался одним из наиболее действенных способов воспитания детей. Трансформация «труда», как воспитательной категории, произошедшая в условиях войны и послевоенного времени, позволила рассматривать детей среднего и старшего школьного возраста (11-17 лет) в качестве готового трудового ресурса. По архивным документам, отчетной документации и переписке ЛКСМК со школами республики можно проследить, что к работе привлекались дети с 3-4 класса (в возрасте 11-12 лет)[1].

Труд рассматривался как часть стратегии воспитания советского ребенка. Труд с малых лет должен был внедряться в жизнь ребенка в игровой форме. Следующая ступень привыкания к труду заключалась в исполнении домашних обязанностей, исполняя которые ребенок учился трудиться в своем первом коллективе – семье. Информантка вспоминает: «С чего началось мое трудовое воспитание... Я должна была протирать листики фикусу. Еще у папы была швейная машинка Подольск, обычная ножная, я должна была на всех вот этих чугунных деталях вытирать пыль. Я была маленькая, еще в школу не ходила. Обязательно, что-то поручали» [2].

Другой информант вспоминает: «На базар ходил я с бидончиком, приносил молоко утром. Надо было купить картошки полкилограмма, пару луковиц, прийти домой и сварить суп. Я его варил. В лет 10, я уже все умел делать. Я сам стирал, готовить умел. А куда деваться. Я старший. Пока одна была сестра, потом появилась вторая, третья» [3]. Таким образом, в любой момент ребенок должен был заменить родителей в домашнем хозяйстве.

Новой ступенью приобщения к труду ради общего блага становится уже настоящий взрослый труд: «... на колхозном лугу и поле». В этом случае «понарошку», «по-детски» трудиться уже невозможно. Информант вспоминает: «Когда началась война, мне было 8 лет. В то время каждому работающему выдавали по 400 гр. хлеба. Я на мельнице молот зерно. Нам троим мальчикам в течении дня приходилось крутить не останавливаясь молотилку. На работу приходили в шесть утра, в девять нам давали хлеб и похлебку. Кормили дважды в день. Работали до двенадцати ночи, затем нас отправляли домой. Из-за того, что было холодно, не было одежды и обуви, зачастую мы там же и оставались на ночь» [4]. В 1940-е – начале 50-х гг. для части детей и подростков тяжелый физический труд, оправдывавшийся советской концепцией воспитания и использовавшийся при нехватке трудовых ресурсов, становился одной из реалий советского

детства.

В свою очередь равный по тяжести детский труд на Западе, особенно к концу 1940-х - началу 1950-х гг., оценивался однозначно негативно: «...Более 3 миллионов, американских детей не ходят в школу. Они должны работать, чтобы не остаться без куска хлеба. 11-12-летние ребята трудятся на фабриках и заводах, наравне со взрослыми, по 12 часов в день. Но платят им меньше, чем взрослым, потому что они еще дети. 6 миллионов молодых американцев окончили только начальную школу. Из каждых 100 человек, окончивших школу, в колледж (среднее учебное заведение) попадает только трое. 10 миллионов жителей «культурной» Америки не умеют ни читать, ни писать. С малых лет они знают только тяжелый труд, нищету и голод.

В США четыре миллиона детей-сирот. Миллионы этих несчастных детей спят на улицах, в подвалах домов, на вентиляционных решетках метро. Рано утром эти бездомные ребята будут продавать газеты, чистить сапоги или подметать улицы, чтобы заработать себе кусок хлеба. Америке Трумэна до них дела нет» [5].

Если заменить в этом отрывке американские на советские, уменьшить цифры и снизить «напряженность» повествования, подобное описание вполне может стать одной из иллюстраций к послевоенной истории советского детства [6].

В институциональной структуре «советского детства» значительных перемен не произошло. Однако часть институтов трансформировалась под напором менявшегося советского общества и государственных запросов.

Наибольшему реформированию подверглась сфера образования. Начиная с 1943 г., в общеобразовательной школе вводилось раздельное обучение. Предполагалось, что первоначально оно будет осуществляться в крупных городах Советского Союза, а затем распространится по всей территории страны. В школах республики также проводилось реформирование школьной отрасли.

Одной из самых насущных школьных проблем в 1940-1950-е гг. оставалась дисциплина учащихся. «Дисциплинарное государство», к которому все-таки следует отнести и Советский Союз, рассматривает дисциплину как наиболее эффективное средство достижения общих целей. Её отсутствие особенно у подрастающего поколения пугало власти. Чтобы интегрировать в мирную жизнь советских детей, переживших оккупацию, эвакуацию, тяготы военной жизни, в школе предполагалось более жесткими средствами устанавливать и поддерживать дисциплину. Для достижения этой цели наиболее эффективным считался детский коллектив (в детском саду, детской колонии, детском доме, детском пионерском лагере). В эти годы в ряде школ вырабатывались местные правила для учащихся.

В августе 1943 года СНК РСФСР были утверждены «Правила для учащихся», в которых определялись обязанности школьника по отношению к школе, учителям, родителям, старшим и товарищам, устанавливались правила культурного поведения учащихся как в школе, так и вне ее. На основании «Правил для учащихся» Российской Федерации были разработаны «Правила для учащихся» и в других союзных республиках (с учетом особенностей их быта и культуры)[7]. В Казахской ССР «Правила для учащихся школ» дублировали текст правил для учащихся Российской Федерации [8].

Как отмечает российский исследователь по истории детства Ромашова М.В. в тексте «Правил» ярче всего отразились перемены, происходившие в советской педагогике, в результате которых в 1940-е гг. стали доминировать идеи А.С. Макаренко. Идеальный школьник должен быть успешный в учебе, послушный и уважающий старших, беспрекословно подчиняющийся администрации и учителям, внимательный, вежливый, бережливый, чистоплотный и пр [9].

Однако реальная дисциплина в школах достигалась с трудом. Поэтому все выше перечисленные требования были продублированы в ещё более жесткой форме в Приказе Министра просвещения КазССР 1952 г. «Об укреплении дисциплины в школе» [10].

Впервые, в практике советской школы, были установлены меры поощрения и наказания учащихся. К числу первых относились похвала учителя, награда и похвальная грамота, выдаваемая директором школы. К числу вторых относились замечания учителя, выговор перед классом, приказание провинившемуся встать (у парты, классной доски, стола учителя или у двери), удаление из класса, оставление после уроков, снижение балла по поведению, вызов для внушения на педагогический совет, исключение из школы (временное – на срок не свыше двух недель или на срок от одного года до трех лет), направление в школу с особым режимом [11]. Информант вспоминает: «Например, англичанка нас наказывала, мы часами стояли, вот урок английского языка, урока не было, мы просто стояли 45 минут. И все». [12]. В последующие годы проблему дисциплины удалось частично решить, но раздельное

обучение только усугубляло её, особенно в мужских школах.

В 1940-1950-е гг. все больше формализуется институт общественно-политического воспитания. Пионерская организация стала в этот период действительно массовой, однако постепенно пионерское движение, несмотря на развитую инфраструктуру (дома и Дворцы пионеров, пионерские лагеря, специализированные газеты, журналы, радиопередачи), символику, «обрядность» охватывали «шаблонность» и «формализм», о чем говорилось в постановлении ЦК ВЛКСМ от 13 марта 1947 г. «Об улучшении работы пионерской организации»[13].

Декларируемая самостоятельность пионеров в реальности практически отсутствовала. Под руководством комсомольцев пионеры выполняли задачи, которые перед ними ставило партийное руководство, спуская распоряжения через ВЛКСМ.

В каждой школе работал старший пионерский вожатый на ставке, который и должен был организовывать работу дружин. Вожатые должны были заниматься идеологическим воспитанием пионеров и руководить их общественно-полезным трудом. Отрядные вожатые из старшеклассников-комсомольцев всё более формально относились к своей общественной работе. Основной формой работы с пионерами были сборы, которые рекомендовалось проводить не чаще двух раз в неделю. На сборах вожатые проводили беседы с пионерами, туда приглашали героев войны и труда, военных, представителей разных профессий. Сборы были как общеполитические, так и тематические. На практике пионерские сборы зачастую проходили под руководством учителей.

Вся деятельность пионерской организации была крайне политизированной. Включаясь в общегосударственные кампании, пионеры выполняли следующие задания: собирали деньги на строительство тракторов, на помощь детям капиталистических стран, на восстановление народного хозяйства – на всё, что требовалось стране. Собирали для переработки вторсырья, участвовали в коммунистических субботниках, в различных агиткампаниях – например, за мир. В последних от пионеров требовались, как правило, массовый сбор подписей, написание писем протеста, участие в демонстрациях и митингах, пионерские рейды, выступления на собраниях и пр. При школах создавали клубы интернациональной дружбы, организовывали походы, торжественные пионерские линейки и прочие мероприятия, которые всё меньше были интересны детям, и часто проводилось «для галочки», для отчета. Пионерская организация переживала сложные процессы, постепенно утрачивая свой самостоятельный характер, превращаясь в послушное орудие партийных идеологов.

В определенной степени оживлению деятельности пионерской организации способствовало развитие тимуровского движения, вдохновленное повестью Л.Гайдара «Тимур и его команда» (1940). Оно было чрезвычайно популярно в эти годы и на некоторое время даже утратило официальное покровительство.

Сами тимуровцы особого желания «вливаться» в пионерскую организацию не испытывали, но это движение попытался использовать как «форму работы» комсомол, что во многом и предопределило его конец. Когда же окончательно тимуровское движение стало тимуровской «формой работы» пионерской организации «ребенку, приписанному как крепостному к отряду-классу, навязывают, помимо прочего, и тимуровский оброк»[14].

Одним из действенных инструментов коммунистического воспитания рассматривалась внешкольная работа с детьми, поэтому партийными и государственными органами большое внимание уделялось устройству рационального досуга школьников в домах и Дворцах пионеров. В 1953 году Министерством просвещения было утверждено Положение о внешкольных учреждениях Министерства просвещения Казахской ССР. Одной из главных задач внешкольных учреждений провозглашалась всемерная помощь школе, комсомольской и пионерской организациям в воспитании детей всесторонне развитыми, активными строителями коммунистического общества. В положении подробно расписывались порядок работы и комплектование кружков внешкольных учреждений, объём, содержание работы и структура различных типов внешкольных учреждений [15]. В Казахской ССР в послевоенные годы в каждой области и районе открывались дома пионеров.

- үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруына мемлекеттік ұйымдардың қаржылай емес түрде ықпал етуі: ғимаратты, жабдықтарды тегін немесе жеңілдікпен беру және т.б.;
- біріккен қайырымдылық және әлеуметтік жобаларды дайындауға үкіметтік емес ұйымдарды аймақтық және ұлттық деңгейде, оның ішінде халықаралық ұйымдардың қатысуымен тарту.

Мемлекеттік ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар әріптестігінің қазіргі кезеңдегі негізгі бағыты ретінде төмендегілер анықталды:

- біріккен семинарлар, конференциялар, дөңгелеу столдар өткізу;
- пана, хоспис, сенім телефондарын ұйымдастыру;
- жастар және кемтарлармен жұмыс бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру;
- қайырымдылық акциялары мен шаралар;
- әлеуметтік бағдарламаларды, концепцияларды, заңнамаларды дайындау және талқылау.

17 наурыз 2003 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Бағдарламасын бекітті. Сол үкіметтік ұсыныспен үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттің облыстар мен Алматы және Астана қалалары әкімшіліктері деңгейінде аймақтар бойынша қолдауының бағдарламасын дайындау қарастырылды. Одан өзге қазіргі уақытта үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар түрінде мемлекеттік қолдаудың құқықтық негізін қамтамасыз ететін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар туралы заңжобасын дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Жоғарыда сипатталғандарды түйіндей отыра, тәуелсіздіктің жиырма жылы ішінде Қазақстандағы үкіметтік емес секторлар потенциалы барынша айқын орын алғандығын атап өту керек. Алайда билік әзірге өткізіліп жатқан шаралардың нәтижеге қол жеткізуіне және өзінің саяси шешім толық алу үшін өз қызметтеріне деген тұрғындардың сеніміне қол жеткізуге жеткілікті шаралар қолданып отырған жоқ. Еліміз бойынша үкіметтік емес ұйымдар желісін дамытуға біріккен түрде әртүрлі әрекеттер қажет. Себебі, жоғарыда аталған мәселелермен айналысатын қоғамдық ұйымдар саны көп болған сайын ол мәселелер бойынша билікке қысым көрсету әлсіздене бермек, әрі әр аймақта және Республика бойынша тұтас алғанда әлеуметтік бейбітшілік мықты болмақ.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Халыққа Жолдауы. Ақпан 2008 ж. // <http://www.parlam.kz/ru/president-speech/20>

2. Қазақстан Республикасында 2006 – 2011 жылдары азаматтық қоғамды дамыту Концепциясы // *Казахстанская правда*. – 2006. – 29 шілде. – Б. 7

3. Пономарев В. *Общественные организации в Казахстане и Кыргызстане в 1987-1991 гг. (опыт справочника)* - Алматы: МП «Глагол», 1991. – с. 104

4. Конференция «НПО и Закон в Центральной Азии», Иссык-Куль, Кыргызстан, 30 октября-3 ноября 1995 года. *Материалы конференции*. – с. 110

5. *Public Associations and the Local Government: Legal Basis and Experience of Interaction*. - М.: 1997, p. 105

6. *Взаимодействие государства и НПО: из опыта сотрудничества. Методическое пособие*. - Астана: МКИОС РК, 2002 – Б. 76

7. 10 Пункт 1 статьи Закона от 16 января 2001 года «О некоммерческих организациях» // [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1021519](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1021519)

### **Түйін**

Мақалада қоғамның әр түрлі мәселелерінің шешу бойынша Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдардың қалыптасу және даму тарихының кейбір мәселелері қаралады. Зерттеу мәселесінің өзектілігі Қазақстан Республикасының саяси жүйесін трансформациялау сипатымен ескерілген. Автор қазіргі Қазақстан Республикасындағы саяси жүйенің құбылысы ретіндегі үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың даму заңдылығын анықтауға ұмтылыс жасайды.

### **Resume**

In this article we take into consideration the experience gained by some aspects in the history of formation and development of nongovernmental organizations in the Republic of Kazakhstan of various issues in society. The urgency of this research is determined by the alternative pattern of political system transformation in the Republic of Kazakhstan. The author tries to succeed in identifying principles of nongovernmental organization development as a phenomenon of political system in modern Kazakhstan. Global civil society must be formed according to either a western institutional pattern or have regard to main traditions and institutions in our state.

## **ИЗ ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ САКСКИХ УКРАШЕНИЙ**

**Садыкова З.К.** – магистрант КазНУ им. Аль-Фараби

“Прекрасное – это символ морального добра”.  
Иммануил Кант

В современных условиях динамичного развития суверенного Казахстана происходит процесс становления национального самосознания. Все историко-геополитические факторы, связанные с определением роли и места Республики Казахстан в мировом сообществе, привели к возрождению интереса к древней истории страны. Президент Казахстана Н.А.Назарбаев в Послании участникам симпозиума «Степь и культура. Великий путь во времени» отмечает: «С обретением Казахстаном независимости появилась возможность наиболее полно и объективно оценить феномен кочевой культуры и значение Степи в формировании мировой цивилизации» [1]. При этом, отличительной чертой современных исторических исследований стала активная роль государства в организации этих работ в ходе выполнения Государственной программы «Культурное наследие», которая была инициирована Главой государства Н.А. Назарбаевым [2- 79 - 93.].

В рамках же феномена кочевой культуры ювелирное дело является одним из ярких проявлений художественного творчества народа. Самые ранние их образцы были обнаружены археологами еще в слоях мезолита. В ювелирном искусстве находят свое отражение верования, эстетические нормы, социальные отношения и традиции, истоки которых коренятся в этнической истории. А у саков изготовление ювелирных изделий достигло высокого совершенства. Мастера-художники были знакомы с литьем, штамповкой золота и могли изготавливать удивительные по изяществу, композиционному построению изделия из золота, серебра, бирюзы, которые украшали человека и его одежду, сбрую коня, предметы быта. Это были гривны, украшенные мордами животных, кольца, серьги с подвесками из граната и бирюзы, наборные пояса с золотыми бляхами, бляхи-нашивки на одежду. Ювелирное ремесло в своем высоком развитии поражает современных мастеров, достаточно назвать такой факт, что сакам было известно литье расплавленного золота в формы. И в результате мы видим прекрасные гребни с изображением голов животных, серьги, перстни, браслеты. «Искусство саков ни в коем случае не было ни грубым, ни варварским, в чем можно убедиться на примере многочисленных золотых изделий, найденных в склепах сакских князей ...[3- 3- 460]

На территории Казахстана изучение сакских культур начинается с 1930-40 гг. Основными регионами изучения являются Семиречье и Южный Казахстан, Центральный и Северный Казахстан, Восточный Казахстан. Уже после первых планомерных раскопок, к 1960-м гг. появились условия для создания классификационных схем и историко-археологических периодизации раннего железного века Казахстана, существующих без особых изменений и поныне.

Первые исследования истории и культуры саков Семиречья связаны с именем А.Н.Бернштама (1930-е гг.). Основные раскопки памятников здесь проводились, начиная с 1950 гг. К.А.Акишевым и др. археологами. Полученные материалы из царских захоронений (Бесшатыр, Иссык) сделали возможным исследовать архитектуру, искусство, социально-экономическую жизнь сакских племен. Поднимается вопрос о письменности саков Семиречья [4, с.27-88; 5; 6.]

Начиная с 1940-гг. в Южном Казахстане широкомасштабные изучения ведет Хорезмская экспедиция, руководимая С.П.Толстовым. Особо важными памятниками региона являются могильники Уйгарак и Тагискен [7-151-175;



8 -4.]. Материалы, полученные из погребальных комплексов и городищ (Чирик-рабат, Бабишмолла и др.) раскрывают своеобразие сакской культуры региона. Со второй половины 1940-гг. в Центральном Казахстане работает А.Х.Маргулан (Центрально-Казахстанская экспедиция). Основные исследования сакских памятников проводятся в 1950-60 гг. М.К.Кадырбаевым. Собранные материалы из погребальных памятников сделало возможным выделить особую культуру саков Центрального Казахстана, названную М.К.Кадырбаевым Тасмолинской [9-303-433]. С конца 1980 гг. исследованием памятников раннего железного века Центрального Казахстана занимается А.З. Бейсенов, сделавший некоторые обобщения данных в своей кандидатской диссертации [10].

Если кратко пробежаться по историческим страницам археологических изысканий сакской культуры, то следует особо выделить 60-е гг. XX века, когда активизировались работы по изучению памятников саков в Семиречье. В монографии, посвященной культуре саков и усуней Илийской долины, К.А. Акишев [4] рассмотрел вопросы происхождения саков и сакской культуры. Знаменательным событием казахстанской археологии, имеющим мировое значение, стало открытие захоронения "Иссык", находки из которого дали новый импульс изучению культуры саков, их мифологии, искусства, письменности, социального строя. [5] Сакское ювелирное искусство наиболее полно представлено в кургане Иссык, по материалам которого удалось получить представление об одежде знатных саков, украшениях, которые они носили, оружии, с которым они шли в бой. В ювелирном искусстве широко использовали способ обкладки листовым золотом фигурок и украшений, вырезанных из дерева.

Захороненный в кургане воин действительно был в полном смысле золотой, так как в погребальной камере, тщательно срубленной из вековых стволов тянь-шанской ели, археологи нашли свыше четырех тысяч золотых изделий: предметы украшения одежды, головного убора и обуви, перстни, статуэтки, бляхи. На полу стояли сосуды из дерева, глины, бронзы и серебра. И расположение предметов, украшавших некогда парадный доспех погребенного воина, остатки железного меча и кинжала позволили исследователям в результате кропотливой работы воссоздать – впервые в науке – облик сакского воина. Именно сакского – и не только потому, что этот курган расположен на территории, которая согласно древним источникам им принадлежала, и насыпан был именно в «сакское» время: реконструкция полностью совпала с описанием одежды тех саков, которые, как свидетельствовал Геродотв своей девятитомной «Истории», «носили остроконечные шапки». [11-1-147]

Археологами рассматривались также вопросы происхождения сакского (скифского) искусства в связи с новыми находками предметов сакского искусства. По мнению А.К. Акишева, находки золотых серег с изображением куланов позволяют настаивать на местной основе в сложении "звериного" стиля. А те произведения звериного стиля, что были найдены в кургане Иссык, не только окончательно «ввели» саков в великий мир скифского искусства, дав исследователю право говорить о существовании самостоятельной школы мастеров Семиречья, но и позволили сделать предположение, ранее казавшееся невозможным, а именно о наличии письменности у саков.

Обычай хоронить покойников в насыпных курганах был присущ многим кочевым племенам. Но у скифских курганов есть существенное отличие: они буквально набиты золотом. Причем как захоронения знати, так и рядовых сограждан. Ни до них, ни после могильные курганы не были столь богаты. Это объясняется не только тем, что золото во все времена и у всех народов было символом богатства, но и особой ролью этого металла в религии и мифологии иранских кочевых народов, в том числе и скифов. В иранской мифологии золото олицетворялось с огнем, солнцем, с царской властью и вечной жизнью. Отправляя умершего в загробный мир, его одежду старались сплошь покрыть драгоценным металлом. Для этого была разработана специальная технология - ручная вытяжка золотой фольги и выдавливание из нее тонких блях с вытесненными на них изображениями. Делали это специальные мастера, передававшие свое искусство из поколения в поколение. Эти бляхи и нашивали на погребальный саван и одежду. А в могилы знатных скифов, особенно из царской семьи, клали и массивные золотые изделия. Вот почему эти курганы интенсивно грабили, нередко сразу после того, как курган был насыпан, грабили и сами скифы, и соседние народы.

Предположительно иссыкский курган – это останки воина сака-тиграхауда, потому что у него на голове высокая, конической формы шапка, длиной 70 см, с низом в виде треугольника, украшенная золотыми пластинами и бляхами с изображением коней, барсов, горных козлов, летящих птиц, раскидистых деревьев. На шее воина находится золотая гривна с наконечниками в виде голов тигра, что свидетельствует о знатности сака и его воинских достоинствах. В мочке левого уха обнаружена золотая серьга, украшенная зернью и подвесками из бирюзы. Воин был одет в матерчатую рубашку, обшитую по груди и

рукавам, причудливым узором из сочетания золотых бляшек, имевшими твердую основу из тонких медных (бронзовых) пластинок и пронизок разной формы. Ворот, борта кафтана и низ полы, линия предплечья и низ рукавов орнаментированы бляхами четырехугольной формы с изображениями морды хищника кошачьей породы. Поверх рубашки накинута короткая кожаная куртка красного оттенка, по всей поверхности обшитая золотыми бляхами – накладками, выполненными в зооморфном «зверином стиле». Справа на ремне подвешен длинный меч в красных ножнах, слева – железный кинжал в ножнах, обложенных золотыми пластинами – накладками с изображением лося и лошади. Штаны сака по швам обшиты мелкими золотыми бляшками и заправлены в сапоги с высокими голенищами, украшенными такими же золотыми бляшками, какими обшит кафтан.

Похоронные доспехи молодого человека, украшенные орнаментом, представляют собой большую ценность. Сакский кинжал-акинак признан шедевром «звериного» стиля. По обеим сторонам кинжала на золотой пластине изображено 21 животное – волк, лиса, горный баран, антилопа-сайгак, кролик, змея и другие.

Если о сокровищах знаменитого кургана Иссык знают во всем мире, то меньше известно о других сакских находках, обнаруженных на территории Жетысу. И это, в первую очередь, относится к Жалаулинскому кладу, названного по месту находки – небольшому аулу вблизи с. Кегень, в 200 км восточнее г. Алматы. Жалаулинский клад был случайно найден школьниками в Кегенском районе Алматинской области в 1988 г. Исследовавшие место находки археологи установили, что все вещи лежали в войлочном мешке, который был зарыт в землю неизвестным «охотником за сокровищами» в начале XX в. Все золотые изделия были добыты из разграбленных сакских курганов Кегенской долины, которая являлась одним из центров обитания саков. Среди более чем двухсот предметов выделяются бляхи наборного пояса, украшения одежды и головного убора, а также пектораль – нагрудное украшение. Пектораль представляет собой массивную овальной формы пластину, украшенную по краям бордюром из крученого золотого дрота-провода. На концах ее сохранились петли для подвешивания. Поясные бляхи и пектораль были украшены припаянными фигурками горных баранов-архаров.

Особое место занимает золотая корона в виде массивной пластины лунообразной формы. Поверхность короны украшают миниатюрные фигурки архаров с гнездами для вставок камней. Всего в музейной коллекции Жалаулы 627 золотых предметов – украшений одежды, поясного набора, конской сбруи и других изделий ювелирного искусства ранних кочевников Семиречья V-III в.в. до н. э. Изделия из Жалаулы отличаются тщательностью обработки деталей, поражают яркостью и жизненностью образов. Большой комплекс блестящих образцов сакского искусства «звериного стиля» из Жалаулинского клада являются крупным вкладом в сокровищницу мировой культуры, но он представляет собой набор предметов из золота, являющихся, судя по всему, разновременными по составу. Предметы, собранные в нем, по всей видимости, происходят из курганов, разграбленных относительно недавно. Состав этого клада и декор отдельных предметов требуют сегодня специального отдельного исследования.[12]

А уникальные украшения кургана Берель, поразившие знатоков и специалистов во всем мире – это филигранно выполненные великолепные образцы золотого литья (сфинкс, пластина в виде головы тигра – символа власти, дикого барана – символа богатства). Берельское захоронение в Восточном Казахстане начал изучать еще в 1865 году русский ученый В.В. Радлов, который раскапывал в 1865 году Большой Берельский курган, исследованный потом в 1959 году С.С. Сорокиным. Именно тогда и именно на Береле было сделано мировое открытие – зафиксирован и описан феномен подкурганной вечной мерзлоты. Ученые до сих пор не могут разгадать эту тайну. В 1997 году казахстанские археологи нашли в самом большом из берельских курганов забальзамированное тело вождя. Вместе с ним были погребены женщина и 13 лошадей. Все найденные там художественные изделия – от ювелирных украшений до конского снаряжения – сделаны из дерева, богато покрытого золотом.[13]

Научная экспедиция Казахского Национального Университета им. аль-Фараби под руководством А.Т.Толеубаева в течение 8 лет (2003-2010 гг.) исследовала курганы, расположенные в Шиликтинской долине (Зайсанский район, Восточно-Казахстанская область). За восемь полевых сезонов было изучено 3 больших, 1 средний и более 15 малых курганов. Были получены сенсационные материалы в ходе раскопок, среди которых в кургане Байгетобе-3 было найдено 4 303 экземпляра золотых изделий. В своей статье «Итоги исследований памятников раннего железного века Тарбагатай и Жетысуского Алатау» А.Т.Толеубаев дает общую характеристику и технику изготовления золотых вещей из Шиликты. При изучении техники изготовления изделий, он приходит к выводу, что саки Шиликты уже в VIII в. до н.э. были знакомы с техникой микропайки, что является высоким достижением ювелирного искусства.

Таким образом, казахстанские ученые считают, что Берель, а также Шиликты, Бешатыр, Иссык,

Боралдай были не просто местами захоронения царей, вождей, а священными местами, где совершались массовые ритуальные обряды молитвы.

**Итак**, сегодня пересмотр отношения к культуре скотоводов-кочевников и своеобразие их исторических судеб дает объективное понимание значения этих культур для общего хода процесса развития человечества. Все это подчеркивает необходимость поднятия уровня изучения сакских ювелирных украшений Казахстана на качественно новую ступень.

Духовный опыт каждого этноса, обладающий общечеловеческой значимостью и ценностью, важен для сохранения национальной культуры, духовного пространства. Одним из универсальных языков культуры, который содержит глубинный пласт этнической памяти казахов, архетипы мировосприятия народа, специфику ментальных особенностей, является традиционное ювелирное искусство Казахстана.

1. *Приветственное слово Президента РК Н.А. Назарбаева участникам Международного симпозиума «Степь и культура. Великий путь во времени» // Наука Казахстана. – 1997. – № 15.*
2. *Государственная Программа «Культурное наследие» на 2004-2006 гг. Указ Президента Республики Казахстан от 13.01.2004 г. // Собрание Актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. – Астана. – 13.01. 2004 г. – С.79 - 93.*
3. *Ричард Н. Фрай. Саки и индопарфяне. /История человечества. Издатель: ЮНЕСКО. 2003. Т. 3. С. 460.*
4. *Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. - А., 1963. - С.27-88.*
5. *Акишев К.А. Курган Иссык. - М., 1978.*
6. *Акишев А.К. Искусство и мифология саков. - А., 1984*
7. *Толстов С.П., Итина М.А. Саки низовьев Сырдарьи (по материалам Тагискена)// СА. – 1966. - №2. - С.151-175.*
8. *Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII-V вв. до н.э. // ТХАЭЭ. - VIII. - М., 1973.*
9. *Кадырбаев М.К. Тасмолинская культура // Древняя история Центрального Казахстана. - А., 1966. - С.303-433.*
10. *Бейсенов А.З. Погребальные памятники и культурно-ритуальные сооружения древних номадов Центрального Казахстана (VII-I вв. до н.э.). Автореферат. – А., 1997. – 26 с.*
11. *Геродот. История. В 9-и томах. Т.1.*
12. *Джумабекова Г.С. Клады металлических изделий как исторический источник (конец II - I тыс. до н.э.) Автореферат. – Алматы. 2008.*
13. *Самашев З.С., Базарбаева Г., Жумобекова Г., Сунгатай С. Berel - Берел (памятники-курганы Берела, Казахский Алтай). -Алматы: Берел, 2000.*
14. *Толеубаев А.Т. Итоги исследований памятников раннего железного века Тарбагатай и Жетысуского Алатау// Свидетели тысячелетий: археологическая наука Казахстана за 20 лет (1991-2011): сборник научных статей. - Алматы, 2011.- с.156-173*

### **Түйін**

Аталған мақалада сак әшекейлерін зерттеудің 80 жыл бойы зерттеу тәжірибелері келтірілген. Бұл нәтижелер көптеген публикациялар, монографиялар қысқаша сипаттамалар түрінде жарыққа шыққан. Есік, Жалаулы алтыңдары, Хорезм, Берел, Шілікті экспедицияларының қорытындылары туралы толықтай мәліметтер берілген.

### **Summary**

In the present article the eighty-year experience of study Saks decoration. This experience is published in numerous publications and monographs, summaries of which are given in the article. In the article there is a description of finds in Issyk, Zhalauly treasure up Khorezm, Berel, Shilikti expeditions.

## **ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ҰЛТТАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ ҰҚСАС**

**Хамидуллина Д.Ұ. – Абай атындағы ҚазҰПУ тарих PhD докторанты**

XX ғасырдың ғасырдың 30-50 жылдары тоталитарлық жүйе көптеген адамдардың, бүтіндей халықтың тағдырын тәлкек етті. Жер аударылу, қуғын-сүргінге ұшырау, мүлік тәркілеу, қудалау қоғамда кең ауқымда орын алып, әр-бір отбасының басынан трагедиялық жағдай өтті. Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуы шекаралық аймақтардағы халықтың жаппай жер аудару саясатын жүзеге асуына себепші болды. Депортацияға ұшырағандардың көп бөлігі қазақ жеріне қоныс аударылып, жергілікті халықпен араласып өмір сүре бастады. Қоғамдық жұмыстар, колхоздар мен совхоздардағы жұмыстар, өндіріс орындары мен кен орындарында да, яғни барлық салада да жер аударылған халықтар қызметке араласып кетті.

Сұхбат берген бұл адамдардың арасындағы ортақ нәрсе - барлығы да жер аударылған, барлығы да қазақ топырағына тап болған. Қоныс аударылған жерлеріне жергілікті халықпен араласып, өмір сүруге

талпынып, ажалдан аман қалу үшін бар күш-жігерлерін салған жандар. Тағдырлары ұқсас адамдар, өмірінің қиын белестерін бүгінде шытырман оқиғадай еске алады.

Сондай жер аударылғандардың бірі Кихаев Петр Дмитриевич, ұлты балкар, 1935 жылы Қырымда дүниеге келген. Бүгінде өлкеміздің батысындағы Атырау қаласында тұрады. Өз өмірінің өткелдерін былай деп есіне алды: «1941-1944 жылдары басқыншылық кезінде әкемді тұтқындап әкетті, шешеміз төрт ұл баламен қалды. Бір күні әскерилер келіп барлығымызға жолға тезірек жиналуымызға бұйрық берді. Қолымызға түскен заттарымызды алып, 1944 жылдың жазында тауарға арналған вогондарға тиелген адамдар тобы Гурьев қаласына жеткізілдік. Жолда бізге тамақ мүлде берілмеді, вогон тоқтаған жерден үлкендер жағы жерге түсіп, от жағып тамақ жасап алуға тырысатын, пойыз жүргізіп кеткеше барлығы үлгергенінше көзге түскен жеуге жарамды немесе отқа жағуға болатындай нәрселерді жинап алып жатты. Гурьев қаласына жаздың ыссы, маса қаптаған мезіліге тап болдық. Бізді ескі вокзал ғимаратына алып келді, бұл жерде ескі баракқа заттарымызбен орналастырды. Үлкен кісілер баржаға барып еңбек етіп, тас тиеумен шұғылданды. Үлкен ағам 29 жаста болатын, оларды Индер деп аталатын жерге жұмысқа жіберуіне байланысты барлығымыз сол жерге көштік. Ағам құрылысқа қолданылатын кесек тас тиеу ісімен айналысатын жерге жұмысқа орналасты. Анамыз бен ағаларымыз барлығымыз бір жерде тұрдық. Қыстың суық күндері жағдайымыз өте нашар деңгейге дейін түсіп кетті, өйткені отқа жағатын отын таппай қиналап кететінбіз. Ағам мен анам жұмысқа кеткенде, біз барактың кішкентай бөлмесінде салқын жерде оларды күтіп отырамыз дегенде, аяғымыз қатты үсіп кеткен кездерін басымыздан өткердік. Карточкалық жүйе бойынша еңбек еткендерге жарма, ұн беретін, ал өзімізде Қырымнан алып келген жүгеріміз әлі де бар болатын. Соларды қорек етіп, күн кештік, бұл бір өте қиын кезеңдер еді. 1946 жылы анамыз дүниеден өтті. Бізге қарасатын адамның болмауының кесірінен ауру жұқтырып, тифпен ауырып қалдық, бұл баракта бит көп тарап кеткен кез болатын. Басымыз қатты ауырып, денсаулығымыз нашарлаған кезде бізді үлкен ағамыз ауруханаға орналастырды. Ауруханада тамақ жетіспеді, сол жерде қызметте жүрген қазақ әйел бізге кеше қонақтан қалған асты алып келетін. Бұл әрине күнде емес, анда – санда болған оқиға, бірақ естен кетпейтін оқиға болатын. Дәрілер іштік, әйтеуір өлімнен аман қалдық. Біздің комендантқа қатты ауырып, көзімізше қайтыс болып кетті. Үлкен ағамыз жұмыстан берген тамақты бізге әкеліп беріп, барынша аш қалдырмаудың қамын ойлап жүретін, жағдайымыз мүшкіл болып қалды. 1946 жылы бізді ағамыз балалар үйіне тапсырды, оған біреу ақыл берді ма екен, әлде өзі солай шешті ме онысын білмеймін. Оқу жылы бітуіне аз кун қалған уақытта біз Өрлік деп аталатын жердегі балалар үйіне бардық. Осы балалар үйіне келген кезімнен бастап мектепте білім алып, сауатымды аштым. Оған дейін киімнің жетіспеуі салдарынан мектеп қабырғасын көрмеген болатынмын. Осы жерден төрт сыныптық білім алдым. Балалар үйінде бір күні балалар саны 200 балаға жеткен кезі болды. Әр түрлі ұлттың балалары, оларды жасына қарай топтарға бөліп қойған, орта топ, кіші топ, үлкендер тобы. Күн жылы кезде балалар барлығымыз далаға шығып жүгіру, секіру ойындарын көп ойнайтынбыз. Қазір есімде қалып отырғаны «қабан» деп аталатын ойын түрі еді. Екі топқа бөлініп осы ойынды көп ойнайтынбыз, жасырынбаққа ұқсайтын ойын еді. Білім алған мектебіміздің ішінде мұғалімдердің ұйымдастыруымен хор үйірмесі құрылып, онда жергілікті жердің балаларымен қатар біздер яғни, балалар үйінің тәрбиеленушілері де хорда ән айттық. Жергілікті халықтың арасында, балалар арасында да бізді «жер аударылғандар» деп қараған кезеңі болған емес. Барлығымыз тепе-теңдікте өмір сүрдік. Балалар үйінің тәрбиешілерінің көбі қазақ әйелдері, кіші топтарда орыс әйелдер тәрбиеші болды, олар біздің өліп қалуымызға жол бермей, киімдеріміз бен тамағымызды уақытылы дайындап беріп отырды. Бір есте қалғаны тәрбиешілер жиі ауысып отыратын, мүмкін оларды жалақысы қанағаттандырмады ма, әйтеуір тұрақсыз еді. Ұлты қазақ Шамшиденов деген тәрбиеші болды, ол бұрынғы әскери адам екен. Мектеп бітіріп, 1954 жылы Гурьев қаласына келіп жұмысқа тұрдым, ағамды тауып алдым, ол отбасын құрған екен, олармен берге тұрып, жұмыс жасадым. 1941 жылы туылған інім балалар үйінде қалды, ал екінші ағам әскер қатарына қабылданды деп естідік. Әкеміз жайлы сұрастырып көргенімізде 10 жылға бас бостандығынан айрылғанан кейін ол 1945 жылы қайтыс болғандығы жайлы хабар алдық. 1958 жылы отбасымды құрып, ұзақ жылдар еңбек еттік. Дүниеге екі қызым келді, жұмыс орнымнан пәтер берді, сөйтіп жалғасып кеттік. Біз көрген қиыншылықты ендігі ұрпаққа бермесін деп тілеймін!» [1].

Саясаттың құрабанына айналған қарапайым адамдар барыншы күресіп, бастарына кездескен осы қиыншылықты жеңіп, өз отандарына аман сау оралғандары да аз болмады. Қиындық жасанды болғандығы сондай адамдар төгісіз жағдайларда кездесті. Акаев Сетамин Ахметұлы Атырау облысындағы «Вайнах» шешен-ингуш ұлттық-мәдени орталығының төрағасы. II дәрежелі «Достық» орденінің иегері.

«Шешендер үшін 1944 жылды 23 ақпаны қаралы күн болды. Бұл кезде елімізде кеңес әскерінің күнін тойлап жатса, шешендерді таңмен ұйқысынан оятып, жер аударды. Осы жылдың қысы өте қатты суық

қыс болды. Жастарды үйінен далаға әскерлер қуып шығып, қарттарды төсектерінде жатқан күйде өлтіріп кетті. Тізеден келетін қарға омбыққан, жартылай киінген адамдарды бекетерге қарай жөнелтіп жатты. Вогонға 60-70 адамнан тиіп жолға аттандырып жіберді, темір жол бекеттеріне тоқтаған мезгілде, вогон ішінде өлгендердің мүрдесін жол бойы лақтырып тастап отырды. Жер аударылған шешендердің 80 пайызы Қазақстанаға, 20 пайызы қырғыз даласына жіберілді. Түгелдей ұлтты қырып тастауға арналған саясат жергілікті халықтың бауырмалдылығы арқасында жүзеге аспай қалды. Қазір біз өстік, өндік, құдайға шүкіршілік санымыз көбейді. «Адам жегіштер келіпті жоламаңдар!» деп халықты шешендерден үркітіп қойыпты, адамдардың тоңып қалғанын көрген қарттар адамгершілік танытып оларды өздеріне тартты. Кішкетай жер төлелері екі бөлмелі болса, соның бір бөлмесін босатып беріп, қолдарынан келгенше жәрдем берді. «Олар адам жемейді екен, олар бес уақыт намаз оқиды екен» деген сөздер айтылып, бізге деген көзқарас өзгерді. Мүмкін біздің дініміз ортақ мұсылман болғандықтан ба, әйтеуір қолдау көрсетті. Жергілікті халықпен сіңісіп, араласып, құдандалы болып, тілімізді үйреніп алдық. Менің өмірлік жолдасым, жарымның ұлты қазақ. Ондай отбасылар саны аз емес. Шешенстанға елге оралған қариялардың арасында әлі де қазақ тілінде сайрап тұрған шешендер көп. Ол қарттар қазақтарға өте риза, қазақтар десе бүйректері бұрып тұратыны анық. Сіздің бабаларыңыз өздері аш болса да соңғы асымен бөлісіп, балаларының аузынан жырып беріп, күн кешкенін ешқашан ұмытпайды, ұрпақтарға қазақтардың бауырмалдылығы жайлы үнемі айтып отырады» [2].

Келесі сұхбат беруге келіскен Ткач Софья Матвеевна 1932 жылы 28 тамызда Астрахань облысында дүниеге келген. Ата-анасының жұмыс бабына байланысты Гурьев облысына көшіп келген. Софья Матвеевна жер аударылған немесе тұтқын емес, олардың жанұясы соғыстың қатал жылдарында шаңырақтарының астына әр түрлі ұлттарды қамқорлықтарына алып, бір отбасы болып өмір сүрген отбасынан шыққан еврей қызы.

«Біз соғыс жылдарында Гурьев қаласының Советский деп аталған көшесінің бойында тұрдық. Отбасымызда төрт бала болды. Төртіншісі қыз бала Неля, ол 1942 жылы Гурьевте дүниеге келді. Соғыстағылар үшін бес жыл бойы жүннен киім тігу ісімен айналыстық. Ол үшін ақы алмайтынбыз, бізге жалақы орныны жүн беріп есептесетін еді. Сол жүннен өзімізге киім тоқып алатын болды. Анамыз Доссор мұнай кәсіпшілігінде еңбек еткен. Киевтен, Ленинградтан білім алған өте сауатты адам болатын. Есепке мұқият болғаны сондай қортынды құжаттарды Ленинградқа тікелей жіберетін, кәсіпшіліктің есеп-қисабын бір өзі ғана жасап отыратын. Үлкен, жалпақ әрі ұзын қағаздараға есебін жазған кезде біз ол бөлмеге кірмей, шуламай отыратынбыз. Әкеміз әмбебеп шаштараз болып еңбек етті. Әжеміз балаларға қараумен айналысатын, дүкендерде нанды өлшеп балалараға 300 грамм, ересектерге 400 грамм беретін, сонымен қоса бір бөшке мұнай беретін. Мұнайды отқа жағып, үйімізді мұнаймен жылытатынбыз, ол кезеңдерде аз ғана уақыт ұйықтайтын едік.

Кеңес одағының барлық аймақтарынан жер аударылып келген ұлттар біздің ауламызда тұрды. Бес – алты отбасы әлі есімде, әкесі, шешесі, балалары барлығы аулада шулап жүретін. Біздің үйіміз де үлкен болды, ауламызда үлкен, есік алдында жазға ас үй болатын, оғанда адамдар орналасты. Киевтен, Ленинградтан, Бесарабиядан жер аударылғандармен бір шаңырақтың астында тұрдық. Ұлты армян, кәрес, балкар, украиндер, латыштар тұрды. Олардың барлығы келген бойда еңбекке араласып кетті, екі аяғын сылтып басатын мүгедек жігіт болды. Тек солар ғана жұмысқа бараған жоқ, қалғандарының барлығы күндіз де, түнде де еңбек етті. Олар соғыс біткеше бізбен тұрды. Аштықтан бізді құтқарған Жайықтың балығы. Кәрестер күріш өсірді, қазақтар тары өсіру ісімен кеңінен айналысатын. Талон бойынша әр отбасына 3 метр жібек мата берілетін болды. Сол жібек матаны әжеміз базардан сатып, немерелеріне тамақтар сатып алып келетін. Балалардың барлығы мектепке барып, білім алатын болды, сабақтан тыс қалған бала болмады. Ауладағы балалардың барлығы шеттерінен өнерлі еді. Жаз мезгілінде есік алдында жиналып өнерлерін ортаға салатын. Бесарабиядан келген ұлдар скрипкада ойнайтын болды. Олар скрипкада ойнаған кезде барлығымыз сүйсініп тындайтынбыз. Сонымен қатар театрға барып өнер көрсететуге талпынған балалар да бар болатын. Соғыс аяқталған кезде де жер аударылып жатқандар саны аз болмады. Ауламызға Украинадан бір отбасы келді. Военкоматтан оларға темір кереуеттер, төсек орындар, азық-түліктер берді. Соғыс жылдары американдықтарда сый сияпаттар жіберетін, мысалы туфли, маған польто берді, алдында кішкене қалтасы бар халаттар әлі менің есімде. Ең кіші сіңлім тамақ жоқтықтан асқазаны ауырып, қатты әлсіреп қалды. Ауруханаларда ауруға шалдыққандарды орналастыратын орын да, дәрі-дәрмектің жетіспеуі басты мәселелердің бірі болатын. Дәрігерлер санының аздығынан ауруларға бағыт пен кеңес беретін мамандар болмады, дәрігерлердің өздері аурудан қайтыс болып жатты. Балаларға арнап тамақ беретін болды, онда айран, сүт, сорпа, ботқа сында тағам түрлері еді. Осылай

кішкене балаларға арнап бес жыл тамақ беріп шықты. Балкарлардың өзіндік ұлттық мерекелерін атап өтетін мезгілі болды, шешендер де өте көңілді халық екен, би билеудің шеберлері өнерлерін көрсететін, татарлардың да той өткіз дәстүрінің бір ерекше мереке екендігін байқадық.

1946 жылы менің жасым он беске келгенде бізді кәрес совхозына шегіртке жинауға ала жаз бойына жіберді. Шегірткені химиялық умен улап қоятын, сол удың арасында мұрынымызға орамал таңып алып шегірткелерді қуу жұмыстарымен айналыстық.

Менің көп жылдан бері араласатын досым бар, оның аты Женя, ол да жераударылғандардың бірі. Ол Өзбекстандағы балалар үйінің паналағандардың бірі. Бізге осы жылдан бастап европалық қордан соғыс жылдарында қиыншылық көрген еврейлерге көмек көрсету істерімен айналысып, азық-түлікке арналған деп карточка арқылы ақша жібереді. Женяның психологиясы ешкімнен көмек керек етпейтіндей, өз күшіне ғана сенетіндей мінез қалыптасқан. Соғыс біткеніне қанша уақыт болса да ол мұндай ұйымдарға әлі де күдікпен қарайды. Оның ойынша, «көптеген құжаттарға қол қойғызу барысында олар үйімді тартып алулары мүмкін» деген ойлайды. Ол екеуіміз қайдан таныс болдық десеңіз, екеуіміз де он төрт, он бес жастағы бойжеткен қыздар шаштаразда жұмыстас болдық. Ол қазақ жеріне Ташкент арқылы келген екен. Оның әкесі Белоруссияда полковник қызметін атқарған әскери болатын. Әкесін 1937 жылы қамауға алған, ал ағасы ауруға ұшырап, екі аяғынан айрылып қалған. Төрт баламен қалған анасы жолда қайтыс болады. Әжесі шеттей балаларды балалар үйіне тапсырып, кейін көп ұзамай өзі де қайтыс болады. Женя балалар үйінен шығып кетіп, көшедегі бір ағаштың түбінде ұзақ отырады, бір әйел оны көріп қалып, аяп, оған көмектесіп, құжаттын жасақтап, оны еңбек ету жасына жететіндей етіп үш-төрт жас қосып, құжаттарына жазып береді. Ол өзінің балалар үйінен шыққандығын айтқан соң оған мамандық алуға көмектеседі, фабрика-зауыттық оқыту мектебіне оқуға орналастырады. Артынан шаштараз ретінде әскери бөлімше арқылы осы жерге жұмысқа тұрғызады. Оның анасы еврей, әкесі орыс ұлтынан болған. Екеуіміз шаштараздан таныстық, өте жас кезімізден бірге келеміз. Досымның толық аты Фоминова Евгения Ивановна. Ол Атыраудағы еврейлердің «Алия» мәдени орталығына үнемі келіп тұрады» [3].

Софья Матвеевнаның сөзін мына мұрағат деректері қосымша толықтырады. Жер аударылғандарды «жұмыс орнымен, сауда нүктелерімен басқалармен бірдей деңгейде қамтамасыз етілуі қажет» болғанымен, оларды азық-түлікпен және тұрмыстық заттармен қамтамасыздандыру деңгейі халықтың басқа категорияларымен салыстырғанда анағұрлым төмен болды, «арнайы көшірілгендерге карточкалық жүйемен нан бөлу қалыпты мөлшерде жүргізілмегені» жайлы да деректер сақталған. 1945 жылдың қаңтар айынан бастап шілдеге дейін адам басына 100-50 грамнан ғана ұн мен жарма таратылса, шілде айында ұн орнына адам басына 4,5 кг тағамдық дән бөлінген [4].

Адамзаттың әділет күресі мен жарқын өмірге ұмтылысының нәтижесінде, заман ағымының әрі қарай аяқ басуы, олардың еріксіз келген орында шегерілмей, атамекендеріне оралуы немесе тұрақтап қалған жерлерінде, олардың осы елдің азаматтары ретінде қайта қалыптасуына септігін тигізді. Сондай еңбек етуден жалықпаған жанның бірі Иван Георгиевич Чебышев. Ол 1936 жылы дүниеге келген, ұлты балкар. «Қырымнан 1944 жылы отбасымызбен бірге Құлсарыға жер аударылдық. Алты күн бойы тауар таситын вогонмен жол жүріп келдік. Жолда сорпа, ботқа сияқты тамақтар берді. Вогон ішінде ешқандай жағдай жасалмаған. Бекеттерге келіп тоқтаған кезде ақшасы барлар түсіп, тамақ сатып алды. Құлсарыға келген жерімізде үлкен баракқа жеткізілдік, екі сатылы кереуеттер орнатылған барак әлі көз алдымда. Санитарлық жағдайы өте төмен деңгейде болды. 1945 жылы бізге ауыл шаруашылығымен айналысуға ұсыныс жасалды да, Бақсай ауданының № 16 ауылына жіберілдік. Ал әжемді Ескене деп аталатын жерге еңбек етуге жіберген, анам ол жерде әжеміздің жағдайының нашарлаған естіп, әжемді қасымызға қайтарып алды. № 16 ауылда ауыл шаруашылық өнімдерін егу ісімен шұғылдандық, сол кезде менің жасым сегізде болатын, мен Жайық өзеніне балық аулап, ау салу ісін үйреніп алдым. Балық көп болатын, әсіресе ауымызға табан, көксерке балықтары түсетін. Балықты кепкен күйінде, тұздалған күйінде пайдаланатын болдық. Мөлшер бойынша бізге отбасымыздағы төрт адамға бір қалаш нан беретін. Ауды немесе балықты басқа тамақ түріне ауыстыру, айырбастауды көп жасадық. Мысалы ауды жергілікті халыққа сабынға ауыстырып алатыным есіме түсіп отыр. Көршілеріміздің барлығы балкарлар болатын, бірақ біз оларды көп танымайтынбыз, өйткені анамыз қазақ жеріне жер аудармастан бұрын тұрған жерімізден Керчь қаласына жақын аймаққа қарай көшіп кетуімізді жоспарлап, кейін жүзеге асырды, себебі біз тұрып жатқан аймақ өте қауіпті жер болатын, ол жерде үнемі зымырандардың дауысы естіліп тұратын, сол аймақты біресе орыстар, біресе немістер басып алып тұрды. Арбаға заттарымызды тиіп Керчке 12 километр жақын жерге қарай көшіп кеттік, бұл жерден бәрімізді қазақ даласына жер аударды. Анамыздың жоспары жүзеге аспай қалған жағдайда, біз егерде көшпей сол жерде қалып қойғанда бізді Сібірге жер аударар еді, себебі сол жердегі бұрынғы көршілерімізді жоспар бойынша Сібірдің Кемеров

облысына жер аударды. Жақын қарындастарымыз сол Сібірге қарай жер ауып кеткен болатын. Жаңа көршілеріміз бізді шеттеткен жоқ, барлығы құшақ жая қарсы алды, әсіресе қарттар тарапынан жылылық лебі сезіліп тұрды. 1947 жылы Жаманқалаға көштік. Сол жерден жасым өсіп кетсе де 1 сыныпқа қабылдандым. Мектеп үйімізден 3 километр қашықтықта орналасқан болатын, сол мектепке күнде жаяу барып келетін едім. Сол кезеңде кең таралған аурудың бір түрі малярия мені де шарпымай кетпеді. Үздіксіз бас ауруы, жаныңды қоярға жер таптырмайтын, денеңнің барлығы қалшылдап мектепке бара жатқан жолда жерге құлап, бір сағаттай жатып қалатынымын, кейін еш нәрсе болмағандай ауру тарап, сабаққа кете беретінмін. Дәрігерлер оған қарсы «акрихин» атты сары кішкентай дәрі беретін. Оның ауруды басуы үшін едәуір көмегі бар еді. Мектепте сабақ жазатын қағаз болмай қалатын кезеңдері жиі кездесетін оқиға еді. Сонымен қатар киім мен аяқ киімнің болмауы себебінен оқушылар сабаққа келе алмай қалатын. Сабақтан босаған уақытта үй шаруасына көмектесіп, отын жарып, балық аулап отбасыма көмектесіп жүретін болдым. Анам мен әжем жұмыс жасаған жоқ, апам еңбек ететін болды. Ағам кеңес әскерінің қатарынан шақырылып, теңіз флотында әскери борышын атқарды. 1949 жылы әскерден оралып, біздің қалаға көшуімізге ықпал етті. 16 шаршы метр жерде мен, анам, екі апам өмір сүрдік, өте жіңішке дәлізі бар пәтер әлі есімде. Апамның бірі киімді жақсы тігетін өнері бар болатын, соның арқасында киіміміз үнемі бүтін болды. Адамдар тапқан жалақымыз тамаққа жетсе екен, киімге жетсе екен деген мақсатпен еңбек етті, ол кезеңде дүние және мүлік жинау туралы мүлде ойламайтын. Ауданға, облысқа жұмыстарыңмен бару үшін басшының рұқсатымен ғана қозғалатынбыз. Барлық бауырларым қасымызда болған соң ба, әйтеуір ешқайда барудың ерекше қажеті болмады. Әрбір адам өлместің қамы үшін өмір сүрді. 7 сыныптық білім алып, артынан техникумға оқуға түстім. Кеңес әскерінің қатарында борышымды өтеп келген соң, Мәскеу институтынан электро-техника факультетін тәмамдадым. Оқуды бітіріп келген мезгілде Мұнай өңдеу зауытында, артынан Химиялық зауытта еңбек еттім. 1962 жылы отбасын құрып, үш ұлдың әкесі болдым, қазір немерелерімнің атасымын. Сол жерде еңбек ете жүріп пәтерлі болдым. Химиялық зауытта 45 жыл үзбестен еңбек еттім. Қырымға бұрын өмір сүрген жерімізге барсам, тек топырақ үйінділері ғана қалыпты. Қазақстан біздің екінші отанымызға айналды» [5].

Иван Георгиевич сөзін мына мұрағат деректері арқылы толықтыруға болады. Соғыс аяқталған жылдары аяқ киімдермен жылы киім-кешекпен, қамтамасыз ету де өте төменгі деңгейде болды, мысалы: мектеп жасындағы 4350 баланың 1595-і ғана мектепте білім алса, қалғандары киім мен аяқ киімдерінің жоқтығынан мектепке бара алмаған [6].

Өңгімелескен адамдар өмірлерінде жақсы жетістіктерге қол жеткізген адамдар. Алдарыннан кездескен қиындықты жеңе біліп, еңбек сүйгіштігінің нәтижесінде өмірлерін мәнді етіп өткізген. Әр салада өздерін көрсете білген жандар, істерінің маманы болып, еңбектері елеусіз қалмай, отбасыларының ақылшысы мен панасына айналып отыр. Үлкен тарихта айтыла бермейтін күнделікті өмірдің өзіне тән тұстарын суреттеп, кіші тарихқа қажетті мәселелерді сөз етті.

1. *Экспедиция материалдарынан. Кихаев Петр Дмитриевичпен сұхбат Атырау қаласы 15 тамыз 2012 ж.*
2. *Экспедиция материалдарынан. Акаев Сетамин Ахметовичпен сұхбат Атырау қаласы 16 тамыз 2012 ж.*
3. *Экспедиция материалдарынан. Ткач Софья Матвеевнамен сұхбат Атырау қаласы 17 тамыз 2012 ж.*
4. *ҚОММ. қ.18.т.1. і.843. п.103.*
5. *Экспедиция материалдарынан. Чебышев Иван Георгиевичпен сұхбат Атырау қаласы 18 тамыз 2012 ж.*
6. *ҚРОММ. қ.1109. т.2с. і.34. б.4. п. 214.*

### **Summary**

During Stalin reprisals representatives from different levels of populations and whole nations was moved to Kazakhstan from different regions of ex-Soviet Union. Communists accused them in cooperation with fascist Germany that is why these people were under a special mode till the middle of 1950.

### **Резюме**

Представители разных слоев населения, а также целых народов и этнических групп переехали из разных регионов бывшего СССР в Казахстан во время сталинских репрессий. Коммунисты обвиняют их в сотрудничестве с фашистской Германией и почти до середины 1950 года эти люди находились под специальным режимом.

**ДЛЯ ЗАМЕТОК**



